

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

СӘТТІҒҰЛ ЖАНҒАБЫЛОВ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ
(оқулық)

Ақтау-2011

УДК 821.512.122.0

ББК 8373 қаз

С 28

Пікір жазғандар: Нұрдәулетова Б.И. - филология ғылымдарының докторы, профессор

Ақбердиева Б.Қ. - «Болашақ» институтының доценті, филология ғылымдарының кандидаты

С 28Ә Құрастырған: қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.,

Т.Жеткізгенова «Сәттігүл Жанғабылов шығармашылығы» - Ақтау, 2011.- 88б.

ISBN 978-601-7276-98-0

Бұл оқулық жоғары оқу орындарындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша жүргізілетін «Сәттігүл Жанғабылов мұраларын оқыту» және «Ақын-жыраулар шығармаларын оқыту» арнайы курстарына арналған. Мұнда курста өтілетін арнайы жасақталған бағдарлама негізінде дәрістер жинағы, дәріс мазмұнын пысықтайтын сұрақтар берілген.

Оқулық жоғары оқу орындары филология факультетінің студенттері мен магистранттарына, оқытушыларына арналған.

УДК 821.512.122.0

ББК 8373 қаз

Баспаға Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған

ISBN 978-601-7276-98-0

@ Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011

АЛҒЫС СӨЗ

Белгілі халық ақындарының шығармашылығын, олардың қазақ әдебиетіндегі орны, олардың поэзия саласындағы саралы еңбектерінің әлеуметтік-қоғамдық даму үрдісіне әсері, рухани әдеби-мәдени мұралар жасаудағы өзіндік қолтаңбалары жайлы бұған дейін бірталай келелі пікірлер айтылғанымен, осы мәселелерді жекелеген халық ақындарының әдеби мұраларымен байланыстыра отырып, бүгінгі әскелең ұлттық таным тұрғысынан мейлінше тереңдей зерттеп, ғылыми айналымға түсіруді талап ететін жайлар әдебиеттану ғылымында баршылық. Еліне ұзақ жылдар алғаусыз қызмет етіп, артына мол әдеби мұра қалдырып кеткен халық ақыны – Сәттіғұл Жанғабылов шығармашылығын да осы принцип тұрғысынан тану орынды деп білеміз. Сәттіғұл Жанғабылов мұрасы хақында қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының белгілі әкілдері Е.Ысмайлов, С.Мұқанов, Қ.Сыдиқов, М.Атымов, Н.Тәреқұлов, Ә.Кекілбаев, М.Әбдіхалықов, Х.Ерғалиев, Ә.Сәрсенбаев, Ж.Тілеповтердің әр кездері жазылған жекелеген еңбектері мен ғылыми танымдық мақалаларында ақын шығармашылығына қатысты бірсыпыра елеулі пікірлер айтылған. Сондай-ақ, ақын мұрасына қатысты арнайы жазылмағанмен Қ.Сыдиқовтың, Б.Нұрдәулетованың, М.Қосымбаевтың, А.Бүркітбаеваның кандидаттық диссертацияларында ақынның аты аталып, кейбір шығармаларына байланысты ара-тұра сөз болып әтеді. Сәттіғұл Жанғабылов ауызша жырлайтын ақпа-тәкпе суырып салма ақындық әнер атанатын ұлттық әдеби үрдістің екеуіне де ортақ айбынды қазақ халық поэзиясының кәрнекті әкілі болатын. Қазақстанның батыс аймағының, соның ішінде Маңғыстау ақын-жырауларының шығармашылығын негізінен белгілі ғалым Қ.Сыдиқовтың ұзақ жылдар бойы зерттеп келгені мәлім. Қазақ әдебиеттану ғылымында халық ақындары мұралары біршама зерттелген. Осы тұрғыда тарихи жағдаймен әдебиетті байланыстырып, ақындар мұрасын саралаған ғалымдар еңбектерінің аса маңыздылығын атап өткен орынды. Әйтсе де, кейбір жекелеген шығармашылық тұлғалардан еңбектері толықтай қарастырылып, ақын шығармалары тек жанрлық жағынан ғана емес, сонымен қатар қазақ елінің ежелгі дәуірден 1960 жылдарға дейінгі аралыққа басынан кешкен жайларын тарихи таным, ересен ерліктер иесі күрескерлер бейнесі арқылы кәрініс табатын тақырып аясының кеңдігімен де тыңдарманы мен оқырманын тәнті етумен келген. Бұл тұрғыда ол шығыстық хиссаларды жырлаушы ақындарға да, ілгері-кейінгі айтыскер сөз зергерлеріне, кеңестік дәуірді жырлаушы Жамбыл, Нұрпейіс, Нартай, Доскей, Шашубай сынды кәркемсөз шеберлеріне де тақырыпты меңгеруі жағынан ұқсай отырып, ерекше талант ретінде өз қолтаңбасымен айрықша өзгешеленеді. 2

Халық поэзиясының жанрлық ерекшеліктерімен, даму заңдылықтарымен салғастырыла отырып, осы мәселеге байланысты ғылымда соңғы сәз айтылды деуге ауыз бармайды. Осы тұрғыдан келгенде біздің бұл еңбегіміз халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылов сынды әрісі сонау Абыл, Ақтандардан басталып, Махамбет, Мұрат, Қашағандарға келіп ұласқан үлкен ақындық ортаның асқақ тұлғасының шығармашылық келбетін танытуға ұмтылыс жасағандығымен өзгешеленеді деп білеміз. С.Жанғабыловтың әдеби мұрасы тақырыптық-жанрлық тұрғыдан аса ауқымды. Ақынның шағын жанрдан бастап, кәлемді толғаулар мен дастандар жазуға дейінгі үлкен шығармашылық өсу жолынан өткендігін автордың толғаулары мен арнауларынан, кәлемді тарихи жырларынан айқын да анық аңғарылады. Маңғыстау әлкесінің сәз ұстаған би-шешендері, қол бастаған батырлары, кешегі кеңестендіру тұсында ел мүддесі үшін күрескен қайраткерлер, Отан соғысы тұсындағы майдан мен тылдың ерлері туралы туындылары тек бір ғана Сәттіғұл Жанғабыловтың ақындық болмысын танытып қоймайды, сонымен бірге ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарына дейінгі ұлттық дәстүрдегі әдеби ахуалымызды терең тани түсуге қызмет етеді. Ұсынылып отырған құрал «Сәттіғұл Жанғабыловтың әдеби мұрасы» арнайы курсынан жинақталып, топтастырылған дәрістер жинағынан тұрады. Дәрістер жинағының соңында студенттердің тақырыпты игергендігін тексеру, пысықтау мақсатында өзіндік бақылау сұрақтары беріліп отыр. Дәріс тақырыбын толығырақ, кең түрде меңгеру үшін пайдаланатын әдебиеттер тізімі келтірілді. Оқу-әдістемелік құралда Сәттіғұлтану мәселелері жан-жақты қарастырылады. Ақынның өмірі мен шығармашылығы, жыр-толғаулары, тарихи дастандары, шығармаларының көркемдік ерекшелігі жеке-жеке талданған. Пән мазмұнында, сондай-ақ, ақындық дәстүр, өзге халық ақындары шығармашылығымен сабақтастық, үндестік мәселелері де назардан тыс қалмаған. Дәрістер жинағын түзуде қазақ әдебиеттануының ірі ғалым-теоритиктерімен қоса, бірқатар шетел ғалымдарының ой-пікірлері, ақындық дәстүр мәселесін ғылыми тұрғыдан зерделеген кейбір орыс ғалымдарының еңбектері пайдаланылды. Ұсынылып отырған оқулық студенттер мен оқытушылар үшін көмекшілік қызмет атқара алады деген сенімдеміз. 3

1- тақырып Ақындық дәстүр және С. Жанғабылов шығармашылығы (2 сағат) Ақындық дәстүр мәселесі әдебиеттану ғылымының қай кезеңінде болсын кеңінен зерттеліп жүрген өзекті мәселелердің бірі. Әйткені, халқымыздың қастерлі сөз өнерінің бастау кәздерінің негізі болып саналатын ақындық дәстүрдің қалыптасу даму жолдарына назар аудармайынша біздің ұлттық поэзиямыздың өсу, әркендеу жолын тану мүмкін емес-ті. Ал, сол ақындық поэзияның кәсегесін кәгерткен ақындарымыз туралы әдебиетіміздің алыбы, ұлы ғұлама М.Әуезов: «Халық поэзиясының таңдаулы үлгілерінің туып таралып және осы уақытқа дейін сақталып жеткені үшін біз осынау ақындарға борыштармыз» деген болатын Қазақ әдебиетінде ақындық дәстүр мәселесі мен жеке шығармашылық тұлғалардың әдеби мұраларындағы дәстүр жалғастығы, жаңашылдық мәселесі М.Әуезов, Ә.Марғұлан, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Р.Бердібаев, Ә.Дербісалин, Ш.Сәтбаева, М.Базарбаев, С.Қасқабасов, Р.Нұрғалиев, Т.Кәкішов, Е.Ысмайлов, Х.Сүйіншәлиев және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде зерделей зерттелінгені белгілі. Дәстүр мәселесін сөз еткенімізде, оның дамылсыз дамып, жаңарып, жаңғырып отыратын, сол жаңаның өзі келе-келе дәстүрге айналып жататын үнемі қозғалыстағы процесс екенін кәреміз. Дәстүр мен жаңашылдық жайында жаңа мәселелер қойып, кемшін соғатын тұстарын басып айтқан белгілі ғалым, жазушыларымыз М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Ғабдуллин, М.Қаратаев, С.Қирабаев, Ә.Дербісәлин еңбектерінің құндылығы жоғары болғандығын айтып өткеніміз орынды. Дәстүр мен жаңашылдық мәселелерін жан-жақты зерттеуде біршама еңбек сіңірген М.Базарбаев, Ә.Дербісәлин, С.Қасқабасов т.б. ғалымдарымыз халық ауыз әдебиетінің үйрену, нәр алу мектебі болғандығын айтады. Ғалым Е.Ысмайлов ақын болу, ақындық туралы халық ақындарының жүйелі ұғымдарының тәрт түрін еңбегінде: киелі, аруақты, түс кәру, аян беру арқылы қонатын бір жат сырлы қасиет деп ұғыну; атақты, қарт ақындардан бата алу; ақындықтың тұқым қуалап ауысуы; үйрену, еліктеу үлгі алу, іздену арқылы деп талдап кәрсетеді. Е.Ысмайлов қазақ ақындарының үйрену-оқуында жазып немесе кітаптан оқып, үйрену әдеті сирек, мұнда ауызша үйреніп жаттау негізгі ақындық дәстүрге жататындығын айтады. Базар жырау, Қашаған, Абыл, Нұрым, Ақтан, Жамбыл, Кенен, Нұрпейіс, Иса, Есдәулет, Тәлеубай, Нұрқан, Саяділ, Сабыр, Сапарғали, Тәлеубай, Сәттіғұл, Сұраубай, Құмар сынды ақындардың шығармашылық қалыптасу, даму жолдары үнемі үйрену, іздену арқылы өсіп, кеңейіп отырған. Профессор Е.Ысмайлов атап кәрсеткен үйрену, үлгі алу, өсудің белгілі бір мәлшері, кезеңі, сатыларына қарап бәлген тәрт дәуір талабының қай-қайсысына да Сәттіғұл шығармашылығы толыққанды жауап беретін дәрежеде. 4

Халықтың замандар бойы екшелген, саф алтындай таза, әміршең, дана кәркемсәз қазынасын жетілдіруде, әсіресе, ұлы мұра – эпосты жоғары идеялық-кәркемдік дәрежеге көтеруде жыршылардың орны бәлек екендігін профессор Р.Бердібай айта келіп, әйгілі ақындардың кейбіреулері кезінде жыршылық әнерді қатар жүргізгендігін, мысалы, Жамбыл, Нұрпейіс, Исалардың көп жырды жатқа айтқандығын алға тартады. Бұл сөздердің Жамбыл, Нұрпейістердің қанаттас інісі Сәттіғұл репертуарына да тікелей қатысы барлығы белгілі. Сәттіғұл туындыларының жыраулық поэзия мен жыраулық дәстүр секілді ұғымдарға қатысы барлығын жоққа шығара алмаймыз. Әйткені, ақын шығармаларының басым көпшілігі толғау жанрында болды. Ақынның әзінің алдындағы ұстаз тұтқан Қашаған, Нұрым, Абыл, Ақтан жырларының үлгі-ұстанымы да осыны кәрсетеді. Біздің жұмысымыздың мақсаты – рухани құндылықтарымыздың негізін сақтаушы халық ақындарының қалыптастырған я жаңғыртқан дәстүр мәселесін сөз ете отырып, С.Жанғабыловтың тәлім алған ақындық, жыраулық, жыршылық мектептерін, ортасын танып, қазақ әдебиетіне қосқан үлесін айқындау. Сәттіғұл Жанғабылов – 1876 жылы Маңғыстау уезінің 2-Бозашы болысында (қазіргі Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық ауылында) дүниеге келіп, атамекені Маңғыстауда 1966 жылы 90 жасында әмірден өтеді. Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында ақындардың әмірбаяны жазылған 369-папканың 17-бетінде Сәттіғұл ақын туралы да қысқаша дерек берілген. Бұған қоса М.Атымовтың «Сәтекең жастық шағын жоқшылықпен өткізді. Кедейлік қуалап Хорезм жеріне дейін барып қайтты. Бірақ жат жердегі жалдамалы еңбек те ақынды кедейліктен құтқара алған жоқ. Содан кейін ақын өз еліне қайтып келіп, әле-әлгенше туған жерінде болады. Маңғыстауда Сәтекең баспаған жер кемде –кем шығар. Ол Форт-Шевченконьң май шабағы мен Бозашының боз бұйрығына жайылған нармаясының шұбатын ішкен, әмірінің соңғы кезінде мұнайлы өңірдің атын әлемге жайған Жетібай жерін мекендеген халық ақыны еді» деген анықтамасы, Қ.Сыдиқовтың «Ақын-жыраулар» кітабындағы ақын шығармашылығымен қоса әмірбаянына қатысты деректер, С.Мұқановтың ақынның әмір жолы мен шығармашылығының бағасын танытатын тиісті марапаттаулар мен мақтаулар, әр жылдары берілген атақтар «Ғасыр сырласы» мақаласында да нақты берілген. Сондай-ақ, 261 ақын-жыраудың қысқаша әмірбаяндық мәліметтері мен библиографиялық деректері келтіріліп, 1979 жылы жарық көрген «Ақын-жыраулар» жинағында да Сәттіғұлдың әмірі, шығармашылығы жөнінде нақты, жинақы берілген Сәттіғұл Жанғабылов – 1926 жылдан 1957 жылға дейін аудандық мәдениет мекемелерінде үздіксіз ақын-үгітші болып қызмет атқарады. 1937 жылы халық өнерпаздарының республикалық байқауына, 1936 жылы Мәскеудегі қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне, 1939 жылы 5

маусым айында болған Қазақстан жазушылары мен халық ақындарының II съезіне, Сол жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық ауылшаруашылық кәрмесінің ашылу салтанатына, 1941 жылы Орал қаласындағы халық ақындары слетіне, 1946 жылы Жамбылдың 100 жылдық тойына, 1954 жылы Абайдың қайтыс болғанына 50 жыл толуына арналған салтанатты жиынға қатысады. Кәп жылғы ақындық еңбегі үшін 1944 жылы Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің грамотасымен, Отан соғысынан кейін «1941-1945 жылдардағы Отан соғысы кезіндегі айбынды еңбегі үшін» медалімен наградталады. 1937 жылдан Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. 1961 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президумының Указымен «Халық ақыны» деген құрметті атақ берілген. Шындығында, Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан әлкесі бойынша «Халық ақыны» атағы ең бірінші болып Сәттіғұлға берілген. 1966 жылы ақындық әнерді әркендетуде сіңірген еңбегі үшін Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің Құрмет грамотасымен сыйланады. Бірнеше рет аудандық, облыстық айтыстарға қатынасады. С.Жанғабылов кәзі тірісінде өз әлкесіне аты кеңінен танылып, халықтың құрметіне ие болған. Сондай-ақ, мәдениет пен әдебиеттің орталығы – Алматыдағы ғылыми ортаға да есімі танымал болды. Ол С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, Х.Ерғалиев, Т.Жароков сынды қазақ әдебиеті майталмандарымен үнемі шығармашылық байланыста болған. Ақынның бірқатар шығармалары мен әмірбаяны туралы деректер оның кәзі тірісінде-ақ мерзімді баспасөз беттерінде жиі жарияланып тұрған. «Пернедегі термелер» (1965), Е.Ысмайыловтың «Ақындар» атты монографиясында ақын әмірі туралы қысқаша мағлұматтар беріліп, сол кезеңдегі әмір шындығын жырлап келе жатқан майталман ақын екендігі айтылған. Мұндай пікірлер «Ақындар жыры» (1963), «Қазақтың қазіргі халық поэзиясы» (1973) жинақтарында да бар. Сонымен қатар, С.Жанғабыловтың шығармашылығы мен қазақ поэзиясынан алатын орнына қатысты деректер 1948 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті тарихы» I-томының 338-342 беттер аралығында Б.Шалабаевтың «Досан батыр» туралы талдауында, 1960 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының» I-кітабының 615-621 беттер аралығында «Досан батыр жайындағы жырлар» туралы талдауларда, 1964 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының» I-том, II-кітабының 253, 259, 369 беттерінде біршама келтіріліп, оның өз заманының халық поэзиясының таңдаулы үлгілерін әмірге келтірген халық ақындарының бірі екендігі айтылған. Сондай-ақ, ақынның Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы шығармалары, айтыстары 1943 жылы Гурьев қаласынан шыққан «Облыс ақындары Ұлы Отан соғысы жылдарында» атты жинақта және кейбір жекелеген шығармалары 1959 жылы Гурьев қаласынан шыққан «Жастар үні» және 1953 жылы Алматы қаласынан жарық кәрген «Халық ақындары» жинағында жариялануы шалғай әлкеде жатса да ақын назарынан өзі әмір сүрген дәуірдегі және кәзімен кәрген тарихи оқиғалардың ешуақытта қалыс қалмағандығын танытады. Ақын Х.Ерғалиев «Екі жолығыс» мақаласында Орал, Гурьев әнерпаздарының байқауы басталардың алдында «Екпінді құрылыс» газетінің 6

аты танылып жүрген ақын қызметкерлері Қуан Тастайбеков, Қасым Аманжолов, «Комсомол ұрпағы» газетінің редакторы Ғалым Қождуановқа еріп «Еңбек сарайы» аталатын қонақ үйдегі байқауға келгендермен кездескендегі және екі жылдан кейін Алматыдағы Жамбыл тойына барар сапардағы, яғни, Сәттіғұлмен екі кездесуінде де әзі тәнті болған ақынның импровизаторлық қабілетінің ерекшелігі туралы әңгімелейді. «Адай тарапынан келген Сәтекең» деп әдебиетіміздің алыбы М.Әуезовтің Сәттіғұлға ерекше кәңіл бөліп, ықыласын аударуы да қаламгер назарына ілініп, мақалада арнайы сөз етіледі. С. Жанғабылов халық ауыз әдебиеті мен Шығыс әдебиетінен, жыраулар әдебиетінен нәр алып, сусындап өскен ақын. Ақынның қалыптасуына ең үлкен әсерін тигізген, әсіресе, Атырау, Маңғыстау аймағының ақындық мектебі болды. Ақын әнеге алған Қазақстанның батыс әңіріндегі ақындық, жыраулық, жыршылық ортада кәне жыраулар мұрасы мен батырлық жырлары мол сақталған еді. Сәттіғұл өткен тәлім мектебі турасында жыраулар мен ақындар поэзиясы туралы талданған еңбегінде Х.Сүйіншәлиев: «Абылды кейінгі көп ақындар білген, кәркем сөз үйреніп әзіне ұстаз тұтқан. Әсіресе, әзіне жерлес ақындар оны ерекше қадірлеп, ұстаз тұтса керек. Мұрат, Нұрым, Ығылман, Қашаған, Ақтан, Аралбай, Марабай, Сәттіғұл, т.б. ақындар Абылды әрқашан қадірлеп, оның талантына бас иген», - десе, Қ.Сыдықов: «Сәттіғұл кәкірегіне шер байлаған жоқшылық әмір болса, оның ақындық талантын оятқан Атырау алқабындағы телегей теңіздей ақындық, әншілік, күйшілік әнер ортасы. Ол халық әдебиетінің кәне де асыл мұраларынан, Асан мен Сыпыра толғауларынан, Абыл мен Махамбет, Ақтан мен Нұрым, Шернияз бен Қашаған жырларынан сусындай әседі. «Адайдың жеті қайқысы» атанған әнші-күйшілер, Аралбай, Әмір сияқты ақындар Сәттіғұлдың бір жүріп, жыр әрбіткен әнер ортасы еді» Қ. Сыдықовтың сөзімен айтқанда, осындай «ағыны күшті ақпа дариялардың» кәзін кәріп, сөзін естіп өскен Сәттіғұл Жанғабылов – кәне жыраулар дәстүріндегі тарихтан толғайтын, сөзі бейнелі қазақтың кәрнекті ақыны. Советтік дәуір ақынды кеңес жыршысы, партия жаршысы етіп, кезеңдік тақырып талқысынан өткізіп, халық ақыны етті. Талантты ақын қай кезең келбетін де келістіре, кемеріне келтіре шырқап өтті. Ақын кәтерген негізгі мәселелер – елдің береке-бірлігі, заман, жер, атамекен, елді, жерді қорғау, халыққа қызмет еткен ерлерді дәріптеу, заман мен адам құлқындағы жарамсыз қасиет, кемшіліктерді сынау. Халық ақындарының қай-қайсысы да ең алдымен өз ауылы, өз аймағының жыршысы бола білгені белгілі. Демек, Сәттіғұл шығармаларына территориялық жағынан қарағанда үнемі жанында жүріп, кәзімен кәріп, кәңіліне түйген құбылыстары, яғни, 1870-1873 жылдар аралығындағы Маңғыстаудағы патшалық Ресейдің «Уақытша ережесіне» қарсы шыққан Иса-Досан кәтерілісі, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы, Маңғыстау әлкесінен шыққан қоғам қайраткерлері Тобанияз Әлниязұлы, Жалау 7

Мыңбаев, Садық Жұбаевтың елі үшін еткен еңбегі желі болып тартылуы заңды құбылыс. Ғасырлар бойғы халықтың рухани-мәдени құндылықтарын бойына сіңіріп, ұрпақтан-ұрпаққа мирас етуші ақындардың табиғаты, тілі, бейнелілігі, қиялы, сезімталдығы, идеясы мен идеялы сонау Аристотелден бастап, Лукреций, Гораций, Лессинг, Потебня сияқты ғұламалардың назарынан тыс қалған емес. «Ақын – қоғамның, уақыттың, адамзаттың органы және әкілі», - деп жазады В.Г.Белинский. Ендеше, ақын-жазушының болмысын, шығармасын әзі әмір сүріп отырған дәуірдің әдеби процесінен бөліп, даралап қарауға болмайды. Сәттіғұл Жанғабылұлының шығармашылық жолы өз дәуірінің әдеби процесімен, қоғамдық-әлеуметтік жағдайларымен ақындық, жыраулық ортасымен бірлікте, тұтастықта болды. Маңғыстау әлкесінің ақпа-төкпе ақыны, атақты жыраулар мұрасына жастай қаныққан С.Жанғабыловтың ел аузында сақталған асыл мұраларының хатқа түсірілу жайы да, кейінгі ұрпағына жетуі де Жамбыл, Нұрпейіс секілді ақын ағаларынан бірсыпыра өзгеше. Оның жанында аузынан шыққан лебізін хатқа түсіріп отырушы ақын хатшылары болған емес. Әзі ескіше сауатты болғанмен кейінгі латын, кирил таңбасына аса жүйрік болмаған. Белгілі мөлшерде осының әзі де алып жыршының барша мұрасының кең байтақ республика оқырманына тез таралмауына себепкер болды. Оның үстіне 1940 жылдардың аяғы мен 1950 жылдардың басындағы идеология саласындағы хал-ахуал да ақын шығармашылығына жайсыз әсерін тигізбей қойған жоқ. Ұзақ уақыттардан кейін ғана ақынның жүрегінен жарып шығып еркін, кең жазылып, кәсіле жырлаған, жанына жақын тақырыптары «ақ таңдақ» шығармалар қатарында халқына қайта табысқан жайы бар. Бірақ, мұның әзі ақынның кәзін кәріп, жырына құлағының құрышы қанып тындаған кәне кәз қариялардың әзі де ел арасында азайған уақытына тұспа-тұс келіп отыр. Ақын шығармаларының өз кезінде қамқорлықтан тыс қалған сәттері де аз болмаған. Ең басты себеп, әлке шалғайлығы болған сияқты. Ақынның С.Мұқановқа жазған хатындағы Алматыдағы баспаларға жолдаған әлеңдерінің жарыққа шықпай жатуының да ауыртатындығын, жасы ұлғайған қарт адамға бұның оңайға тимейтінін айтып құлаққағыс етуі мен /Мұқанов Сәбитке Жанғабылов Сәттіғұлдан хат/ Қазақстан Республикасы Ғылыми Орталық кітапханасының сирек қолжазбалар қоры.-№710, сондай-ақ, 1933 жылғы «Тайыр ақынға хатындағы» сөздері осыған дәлел. Немесе, 1958 жылғы «Халықтың ұлы Қанышқа» арнауындағы ақын назы әр жылдарда орталықта жүрген ел азаматтарына әтініш-тілекпен жолдануы осыны аңғартады. Мұрағатқа, қолжазба қорына тапсырылмай кеткен жекелеген шығармаларының жоғалып кеткендігі де жекелеген ақын жәнінде жазылған естеліктерде айтылып жүрді. Ал, суырып салма ақынның бойында кәбіне бір айтқанын қайталап жатқа айтып беретін қасиеті кездесе бермейтіндігі белгілі.

Шындығында, ақын кәзі тірісінде бірде-бір жинағы шықпай, қайтыс болғаннан бір жыл өткен соң, 1967 жылы «Тоқсан толғау», туғанына жүз жылдығына орай 1986 жылы «Ой толғау» және араға он жыл уақыт салып, барлық туындылары толық жинақталып, толтырылып 1996 жылы «Аманат» жинағы басылып шықты. Бұл жинақтардың барлығы да ақын арманына арналған ескерткіш тәрізді. Кезінде ақын қаламынан туындаған шағын жанрдағы айтыс әлеңдер, арнау, тақпақ, толғаулардың басым көпшілігі негізінде «тапсырыспен» жазылғандығы белгілі. Әдебиеттің саясаттандырылған тұсында ақын өз заманының перзенті ретінде сол науқанға үн қосып, өзінің ақындық, азаматтық бағытын танытуға міндетті болғандығы анық. Кеңес дәуірі тұсындағы әдебиеттің таптық сипатына орай, бай мен кедей арасындағы ымырасыздық та ақын шығармаларында да кәрініс тапқан. Ақын әлеңдерінің тақырыптық аясын сөз етпес бұрын, оны үш топқа бөліп, яки, біріншіден, заманның жай-күйін; екіншіден кеңес үкіметіндегі жаңа заманды, ондағы қарқынды еңбек пен еңбек ерлерін мақтаныш ететін; үшіншіден, Ұлы Отан соғысы жылдардағы майдан мен тылдағы ерлік істерді мадақтап жігерлендіретін жырлар ретінде қарастырған жән деп есептейміз. Сәттіғұлдың ұзақ 75 жыл бойы талмай жырлағаны – халықтың ой-сезімі, мұңы мен арманы, еңбегі мен шаттығы еді. Сәттіғұл – екі дәуірдің куәсі, тоқсан жасаған ғасыр сырласы. Қорыта айтқанда, Батыс Қазақстандағы ақындық дәстүрді, сол ортада тәрбиеленіп өскен халық ақыны Сәттіғұл Жанғабыловтың шығармашылық туындыларындағы ақындық дәстүрді түйіндей отырып мына мәселелерге назар аударамыз: Біріншіден, Сәттіғұл Жанғабылов – ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың ортасы, Кеңес заманы кезіндегі қоғамдық-әлеуметтік ортада өсіп, қалыптасқан тұлға. Қазақ әдебиеті тарихында шығармашылығы тұрғысынан өзіндік орны бар, мән-мазмұны терең әдеби мұралар жасаған халық ақыны. Екіншіден, Сәттіғұл ақындығына арна болған орта - Батыс Қазақстан әлкесіндегі, оның бір бөлшегі Атырау, Маңғыстау бойы дәстүрі қалыптасқан ақындық мектеп. Тамыры тереңде жатқан жыраулық дәстүрден бастау беретін әрісі Сыпыра, Асан толғауларынан бастап, берісі Махамбет, Абыл, Нұрым, Ақтан, Қашағандар дамытқан ақындық дәстүр Сәттіғұл дарынын ұштағаны айқын. Сонымен қатар, ақын жиын-тойларда айтысқа түсіп, даңқын танытып, қазақтың айтыс өнеріне өзіндік үлесін қоса білді. Үшіншіден, Сәттіғұл – Қазақстанның батыс аймағындағы ақындық мектептің ірі өкілі. Ол тарихи тақырыпқа барып, 1869-1873 жылдардағы шаруалар көтерілісінің кәсемдері Иса мен Досан ерлігін кәлемді дастанға айналдыруы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлер образын сомдауы, айтыс өнерін әскелең заман талабына сай өрбітіп, әндіріс тақырыбын жырлап, кәркем әдебиетте жұмысшы бейнесін жасауымен қоса мұсылман діні шежіресін негізге ала отырып жырлаған толғау-дастандарының өзі ақын шығармашылығының жеке бір саласын құрайды. 9

Халық ақыны Сәттіғұл Жанғабыловтың қазақ әдебиетіндегі ақындық тұлғасын майталман жазушы Сәбит Мұқановтың ақын шығармашылығына айрықша назар аударып айтқан сөзімен: «Сәттіғұл Қашағаннан кейінгі Маңғыстау, Жайық бойындағы суырып салма халық ақындарының дарындысы, шоқтығы биігі, қарт Жамбылдың ізбасар, мұрагер шәкірттерінің бірі» деп түйіндеуге болады. **Өзіндік бақылауға арналған сұрақтар:** 1. С.Жанғабыловтың өмір жолы 2. Ақын еңбегінің еленіп, марапатталуы 3. Сәттіғұл сусындаған ақындық мектеп 4. Ақын шығармаларына көз қырын сала жүруді әлеңімен қай азаматтарға табыс етеді? 5. Ақын шығармаларын қамтыған қандай жинақтарды білесіз? 6. Ақындық дәстүр мәселесін зерттеп, арнайы сөз еткен қандай ғалымдарды білесіз? 7. С.Жанғабылов

шығармашылығын зерттеушілер **2- тақырып Ақынның Тобанияз**

Әланиязұлына арнаған толғаулары (1 сағат) Тереңнен тамыр тартқан ұлттық рух пен ұлыстық ұлық қасиеттердің тамаша бір белгісі – үлкеннің сөзін тыңдау, мейлі ол, жас болсын, жасамыс болсын ақсақалдық деңгейдегі орнын сыйлап, тәрелігіне жүгініп, ақылға келу. Бұл, әрине, бабаларымыздың адамгершілік қағидаларын салмақтайтын, қастерлі қазынасы, мәдени байлығы - ата заңының бұлжымас туралығы. Әлбетте, сонау ертедегі қазақ билері халқының бірлігін, тұтастығын елдің басты мүддесі етіп ұстанған. Қоғамдық өмір қатынастарындағы би атты тұлғаның алатын орны турасында белгілі зерттеуші-ғалым, заң ғылымдарының кандидаты Н.Дулатбеков «Әдет-ғұрып заңдарындағы жаза тағайындау» атты мақаласында: «...ел ақсақалдарының ұйғарымы, өзара келісімі мен шешімі бойынша елдің салт-дәстүрін білетін, шежіреден хабары бар, аузы дуалы, сөзі уәлі, шаруасы түзу, ата-тегі белгілі және елге беделді, сыйлы адамдар ғана би болған» деген пікірі арқылы билердің қоғамдағы орнын нақты көрсетеді. Би өз өмірінде өзінің басына дау келтірмеуі шарт, елге күмән, күмәнді сөзге себеп бермеуі шарт. «Би басына дау келсе, билігі кетер басынан» деген сөз бекер айтылмаған. Ондай оғаш оқиға орын алған жағдайда халықтың биге және оның айтқан билігіне сенімі кетеді. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген аталы сөзде үлкен мағына бар». Себебі, би ғалым айтқандай, үнемі халықтың назарында болатын адам.

Сондай-ақ, «Жеті жарғы» туралы тың ойлар, тұшымды пікірлер жазған зерттеуші Н.Әсеровтің «Жеті жарғы» жайлы зерттеу» атты мақаласында: «Билер - өз қоғамымен бірге өсіп біте қайнасып, тұрмысына, әдет-ғұрпына жетік болған саясаткерлер. Бұл билердің айтқан билігі жерде қалған емес. Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін билер болып, олардың билігі айтқаннан да оңай болып орындалып отырған» дейтін сөздері халқымыздың 10

белгілі билер статусының жоғарылығын одан әрмен нақтылап, дәлелдей түседі. С.Жанғабылұлының «Тобанияз хан тұрғанда», «Тобанияз түрмеге түскенде»деп аталатын толғауларының басты кейіпкері – Тобанияз Әлниязұлы. Тобанияз Әлниязұлы Маңғыстаудың ойында, Бозашы түбегінің Ақшымырау елді мекенінде 1875 жылы дүниеге келген. Тобанияз он жасқа толғанда әкесі дүние салады. Отбасының тауқыметі енді анасының мойнына түскендіктен, бала Тобанияз іні-қарындастарына қамқор болып, шаруаға ерте араласады. Жастайынан сөзге шебер, шешен болып әседі. Он тәрт жасынан қатарға еніп, ел ішіндегі дау-дамайды шешуге араласады. Елдің белгілі би, ақсақалдары Мәтжан, Айдарбай, Қаражандар оны қасына ертіп жүрген. Тентек пен теліні тезге салатын, дау-жанжалдарға тәрелік айтатын кезде олар Тобаниязды қатыстырып отырған. Кейбір кезде тәрелік беруді де оған тапсырған. Оның сөз тапқырлығы мен әділдігі сондай дау-жанжалды шешу үстінде айқын кәріне бастайды. Сондықтан ол жастайынан «бала би» атанады. Барған сайын атағы жайылып, оған деген халық сенімі арта түседі. Мәтжан би Тобанияздың шешендігі мен тапқырлығына сүйсініп, кәбіне даудың соңғы түйінін «Қазақтың қара баласы Тобанияз айтсын» деп уәж білдіретін дейді кәз кәрген таупиықты қариялар. Тобанияз ру мен ру арасындағы жер дауы не жесір дауын тіпті, кісі әліміне байланысты дау-жанжалды одан әрі әршітпей, тез әрі әділ шешуге тырысқан Әлең жолдарындағы ақын тіліне тиек болып отырған оқиға тарихи деректер, құжаттар бетінде былай беріледі: «1922 жылға дейін Адай уезі тәңкеріс комитетінің төрағасы, КирЦиктің мүшесі болған Тобанияз Әлниязұлы жоғары әкімет алдына жергілікті халықтың мүддесін батыл қорғаған талаптар қояды. «Менің елім кәшпенді, малдың жағдайымен кәшіп-қонып жүреді. Мал жайылатын жер тар, шалғын шәбі жоқ, суы жоқ, оқуы, мектебі, ауруханасы жоқ. Осындай жағдайдағы елге салық салуға бола ма?...» деп, съезде сәйлеген сөзінің өзі жергілікті тұрғындардың мұң-мұқтажын терең түсінетінін айқындайды. Кіндік әкімет Тобанияз кәтерген кәптеген мәселелерді шешуге кәмектеседі де. Қазақстан Орталық атқару комитетінің шешімімен Маңғыстау уезінің халқы салық тәлеуден босатылады. Ақтәбе жерінен қоныстық жер де бәлінеді». Әлең жолдарынан Тобанияз билік басында тұрған кезеңде Маңғыстау халқынан кәшпенділік жағдайындағы тұрмысқа бейімделгені, олардың отырықшылық кәсіппен шұғылдануға табиғаты қолайлы емес екендігі ерекшеліктерін ескертіп, нақты мысалдар келтіре дәлелдеп, елден салық тәлемін алдырмағандығын кәне кәз қариялар ел ішінде аңызға бергісіздей айтылып жүрген әңгіменің шеті кәрінеді. Бірақ, бұл жақсылықтың шапағаты ұзаққа бармайды. Сонымен, автор толғаудағы «Егескен дұшпан кәпірді, Ұсталды дейді сөзінен» деген жолдардың мағынасын «...есіл ердің орысша жаңсақ аударылған бір ауыз сәзі түбіне жеткен» деген мағынасын ашып кәрсете 11

келіп, осы оқиғаның шындығын Сәттіғұл Жанғабыловтан артық ешкім жеткізбегендігін айтады. Сәттіғұл ақын Тобаниязды да, сол кезең оқиғаларын да өте жақсы білгендігі аталған еңбектің тағы бір жерінде: «Әліби Жангелдин, Бақытжан Қаратаев, Халел Досмұхамедов сияқты белгілі қоғам қайраткерлерінен басқа Закария Тұрғаниязұлы, Сәттіғұл Жанғабылов, оның атақты шәкірті балықшы Дүйсенбі Тобекең үйінің қонақтары болып, ұзақ-ұзақ әңгіме-дүкен құрып сұхбаттасқан еді... Мұнда имамдар, діни адамдар мен неше түрлі кеңес мекемелерінің шенеуніктері қонып, құрмет-қонағасысын жеп, аттанып жататын. Тіпті, Ресей мен Орта Азия мұсылман елдерінің жолаушылары да керуен жолында келе жатып, бұл ауылға соғып, Тобекеңе сәлем береді екен...»деп келтіріледі. Қайғырды дейді біз түгіл Меңдешов, Әліби, Бақытжан,- Солардай асыл бектер де,- деуі, ақынның ел әміріндегі саяси жағдайлар, ел азаматтары туралы да мол түсінікте болғандығын аңғартады. Сәттіғұл Тобанияздың ата-тегіне де шежірелі шегініс жасап отырады: Ақын Тобанияздың адами, азаматтық қасиеттерін бұрынғы өткен батырлар мен хандардың, шешендер мен билердің елге тигізген шапағатымен салыстыра жырлайды. Халық ақыны Сәттіғұл Жанғабыловтың Тобаниязға арнаған екі толғауына қырық жылдан астам уақыт бойы тыйым салынған еді. Сонда да халық жадында оларды ешкім өшіре алмады. Ақыры сол жылдардың куәсіндай айқын бедер бояуымен, нақты дәйектерімен сол қалпында ащы шындықты жеткізген құнды шығарма ретінде бізге жетті. Журналист Ә.Спановтың Тобанияз Әланиязұлы туралы зерттеу еңбегінде Сәттіғұлдың осы толғауларын ОГПУ-дың қанды қанжары жанай өткендігі жайлы айтылады: «Егер әлеңде де өмірбаян бар дейтін болсақ, Сәтекеңнің бұл шығармасы да мың өліп, мың тірілген. Сондағы жазығы – оның Тобаниязға арналғандығы. 1930-1931 жылдар ылаңынан соң-ақ сақтанған Сәтекең үкіметтің бүйрегіне тас болып қадалады-ау деген өлеңдерін топтап жазып Түрікменстан, Қарақалпақстан асқан сенімді жолдас-жораларына аманат қылып табыстайды. Маңғыстаудағы білетіндерге айтпауды ескертеді». Ақынның қатыгез мезгілдің қаһарын тани тұра, Тобаниязды ауызға алуын белгілі ғалым Қ.Сыдықов: «Сәттіғұлдың бұл екі толғауды, әсіресе, Тобанияз тағдыры тығырыққа тірелгеннен кейінгі екінші толғауды шығаруы үлкен ерлік еді. Бұл не нәрсеге ұшыраса да нар тәуекел деп халық сезімін білдіруге бел буған, борап тұрған оққа қарсы барумен бірдей ақындық азаматтық әрекеті» деп айта келіп, ақынның Тобанияздың мақсат-мұратын, ел алдындағы қызметін танытуда бұл толғаулар неғұрлым шынайы деректер беретіндігін нақтылайды 12

Демек, жалпы Тобанияз тұлғасын ең алғаш кәркем әдебиетке әкелуші Сәттіғұл Жанғабылов деуімізге нақты дәлел – ақынның аталған шығармалары. Біздің бұл тұжырымымызды ғалым Ж.Досбай «Қ.Бекхожин поэмасындағы Тобанияз Әлниязұлының кәркем образы» атты мақаласында да нақты деректермен көрсетеді. Сәттіғұлдан кейін Тобанияз образы Қалижан Бехқожин шығармашылығында бой көрсетті. Оның 1960 жылы жарыққа шыққан «Дала комиссары» поэмасындағы «Құм жорығы» бөліміндегі қазақ даласының төтенше комиссары Әліби Жангелдинге Маңғыстаудың шөл даласында кездесетін Атанияздың прототипі - Тобанияз Әлниязұлы еді. Содан кейін, белгілі журналист, жазушы М.Әбдіхалықовтың 1967 жылы жарық көрген «Ленин тапсырмасы» повесінің «Ең ұзақ күн» тарауында 1918 жылы Әліби Жангелдиннің Қаратөбеде өткізген он екі болыс әкілдері съезінде Тобанияздың Адай төңкеріс комитетінің төрағасы сайланған жиын баяндалады. Автор қаламынан кейінірек бұл оқиға 1973 жылы «Қаратөбе келісімі» атты очерк болып туды. Проза саласында бірден-бір Тобанияз турасында ең көп зерделей зерттеп, оның қоғамдық-саяси қызметі, тарихи тұлғасы туралы нақты да шынайы деректермен баға беруге тырысқан М. Әбдіхалықов еді. Жазушының 1975 жылы шыққан бас-аяғы екі әңгімеден тұратын, 1-сі «Қызыл жұлдыз», 2-сі «Жау мен жау» атты «Екі әңгіме» деп аталатын шығармасында Тобанияз есімі Алданияз деп алмастырылып беріледі. Кейін жазушы екеуін біріктіріп, 1991 жылы «Алданияз» деген әңгімесін ұсынады. Публицист жазушының Тобанияз тұлғасын сомдауға деген сүйіспеншілігі «Ынтызар жүрек лүпілі», «Ғасырларға ұласқан жол» очерктерінде де көрініс табады. Қызыл империяның қылышы қылпылдап тұрғанда, жазушы қаламының мұқалмай осындай қайратты шығармалар беруі Тобанияздың ел алдындағы беделінің асқақ, үлкен жүректі азаматы, аяулы перзенті болғандығын танытады. Сондай-ақ, Т.Әлниязұлының тарихи бейнесі, азаматтық тұлғасы, атқарған қызметі жазушы М.Мәжитов қаламынан «Тобанияз» атты екі кітаптан тұратын романында сомдалып, жазушы І.Сариевтің «Қанды ойран» деп аталатын үлкен тарихи деректі романында толық қамтылып, тұтас тарихи әрі кәркем образ жасалды. Тобанияз Әлниязұлының халық алдындағы сіңірген әлшеусіз еңбегі кино өнерінде де көрініс тапты. Басты рөлде Нұрмұхан Жантөрин ойнаған 1960 жылы түсірілген деректі фильм «Ұшы-қиырсыз жол» (немесе «мың шақырымдық жол») деп аталады. Деректі фильмде Тобанияз есімі Нияз болып өзгертілген. Фильмнің әдеби кеңесшісі – М. Әбдіхалықов. Сценарийін жазғандар: О. Сүлейменов, Қ.Ысқақ, М.Әбдіхалықов. Демек, ақынның Тобаниязға арнаған толғауларындағы тарихи деректерге нақты жанасатын тұстарын жоққа шығаруға болмайды. Бұл орайда белгілі ғалым Р.Бердібайдың: «Кеңес дәуірінде ресми социалистік реализм әдебиетімен қатар есепке алынбаған, толық жиналмаған, 13

бағаланбаған «жабық» шовинистік күштердің зорлығын әшкерелейтін, халықтың тереңге жасырылған арман-мұңын, түрме, қуғын-сүргін, майдан қасіретін бейнелейтін, әлеуметтік, ұлттық зорлықтарды таңбалайтын шығармалар жиналып, жариялануы, оқу құралдарынан орын алуы жән» деген пікірі орынды айтылғандығын еске сала кеткенді жән кәрдік. Тобанияз әнерді, әнер адамдарын қатты құрмет тұтып, басшы, елағасы қызметінде тұрғанында да олардан күш-қуат алып отырған, олар да Тобекең айналасына топтаса білген. Жыршылар мен әншілер, күйшілер де кәп болған Әсіресе, Закария Тұрниязұлы, Сәттіғұл Жанғабылов үзеңгілес пікірлесі, дос-жарандары екен. Сәтекең Тобанияздың арғы атасы батыр Қонай туралы «Ер Қонай» атты жыр толғаған, оның үстіне 1918 жылы Тобекең Маңғыстау тәңкеріс комитетінің тәрағасы болғанда, сол кездегі қалың кедей алдында олардың наным-сенімі мен түсінігіне ыңғайлап, толғау арнайды. Оны кәпшілік алдында Тобекеңнің әзіне домбырамен талай жырлаған Сәттіғұлдың Тобаниязға арнаған бірінші толғауын (1918 ж) қуана, жүрек жарды ақтарыла жырлайды. Кейіпкерін ел басқарған хандарға, аузы дуалы билерге теңгереді. Ақын жырында Тобанияздан асқан ақыл иесі жоқ. Ал, бұдан кейінгі жырлаған «Тобанияз түрмеге түскенде» (1929 ж) керісінше, асыра сілтеу етек алып, әділетсіздік үстемдік еткен кезеңнің тақсіретін тартып, жапа шеккен абзал азаматтың ауыр тағдырына күйзеле, күңірене тебіренген. Ақынның арнауында Тобанияз - Досан батырдың арманын жалғап, аманатын орындаушы асыл ер. «Досан батыр» жыры Досан батырдың жау қолында азапты әліммен әлер алдында арпалыспен «аһ» ұрып, әзінен кейін де қол бастап, кегін қайырап ұл туарына сеніп, арманын ұрпақтарына аманат етіп табыстауымен аяқталушы еді. Бұл, әрине, аруақты ер Досанның ерлік салтын елдік салтанатқа ұластыруды арман етіп, кезінде Досан білегімен қорғаған еліне Тобанияз білімімен қорған боларын, қарсыластарын қарудың сұсымен емес, дипломатиялық жолдың күшімен ықтырып, береке-бірлік эстафетасын жалғастырап деп сенгендігін кәрсетеді. Кең байтақ қазақ даласының әр жерінен әлсіз де болса дүмпуі естіліп тұрған ұлт-азаттық кәтерілістің кәріністері, бойларын ашу-ыза кернеген халық ұлдарының азаматтық аңсаған ұлттық намысты биікке кәтеретін ұлы ұстанымдық қасиеттері сезіліп тұрады. Ақын осындай асыл текті ерді қадіріне жетіп қастерлеуді, қолдай жүруді ниет етеді. Бұндай біртуар тағлымды тұлғалар әмірінің әнегелі тұстарын қоғам тарихында, әдебиет тарихында халықтық, патриоттық қалыпқа сыйдырып, жырына арқау ету келер ұрпақ алдында аманат, борыш екендігін ұғындырған. **Өзіндік бақылауға арналған сұрақтар:** 1. С.Жанғабыловтың Тобаниязға арнаған қандай толғаулары бар? 2. Тобанияздың халық алдындағы беделі ақын толғауларында кәрініс тапқан жерлерін жатқа айтыңыз 3. Тобанияз Әлниязұлы тұлғасы сомдалатын шығармаларды атаңыз 14

4. Журналист Ә.Спановтың ақын шығармашылығына қатысты тұстарын қарастырыңыз 5. Қ.Бекхожин поэмасындағы Тобанияз бейнесінің өзіндік ерекшелігі **3- тақырып Ақынның жұмбақ айтыстары, мысал айтыстары (1 сағат)** С.Жанғабылов айтыс жанрында да аса үздік әнер кәрсеткен талант иесі болатын. Ал, жалпы айтыс –қазақтың халық ауыз әдебиетіндегі ерекше жанрлардың бірі. Айтыстың қай түрі де суырыпсалмалықпен бірге тапқырлықты, ұтқырлықты, алғырлықты талап етеді. Соның ішінде жұмбақ айтыс қиын да қызықты, ерекшелігі мол сала.Қазақ халқының әмірімен біте қайнасқан айтыс жанрының бұл түрі ғасырлар бойы қалыптасқан елдік салт-дәстүр, әдет-ғұрып, кәсіп-тіршілігі арқылы әмірге келген. Мұнда жаратылыс, адам әмірінің түрлі кәріністері астарланып, басқа бір зат немесе құбылыспен салыстырыла жұмбақталып, түрлі бейнелермен бедерлене беріліп отырған. Ол кейде ұзын сонар күйінде келсе, кейде қысқа қайырылады. Ал, қазақтан басқа халықтар әдебиетінде жұмбақ айтыс түгелімен қысқа түрде қайырылып, тұжырымдалып отырады. Қазақ жұмбақ айтыстарының Қазан тәңкерісіне дейін ара кідік басылымдарға жариялануына белгілі ғалымдар А.В.Васильев, П.М.Мелиоранский, Я.Лютшь, Т.Сейдалин, С.Жантурин, Т.Р.Распопов, А.Алекторов, В.Радловтар зор үлес қосты. Сондай-ақ, жұмбақ айтыстардың жүйелі түрде жиналуына зерттеуші ғалымдар Ә.Диваев, С.Аманжолов, ақын С.Сейфуллин еңбектерінің де ерекше болғандығын айтып өткен жән. Сонымен бірге айтыстың бұл түрінің мән-мағынасын, кәркемдік ерекшелігін таныту жолындағы М.Әуезов, С.Мұқанов, О.Нұрмағанбетова, М.Жармұхамедовтер еңбегінің орны айырықша болып табылады. Мәселен, айтыстың даму жолын зерттеген М.Жармұхамедов жұмбақ айтыстарын құрылысы мен тақырып-мазмұны жағынан алып топтастырғанда оларды дүние, жаратылыс туралы, адам әмірі мен адам жасаған заттар туралы, жан-жануарлар әмірі, әнер-білім жайында деп төрт түрге бөліп қарастырады. Дәлдікті талап ететін бұл сала қолма-қол суырып салып айтқыштықтың жемісі болып табылады. Жұмбақ айтыстың көне түрлерімен бірге әз заманына сай жаңаша айшықталған, жаңа нәрселерді бейнелеген тың түрлері де бар.

Бұл тұрғыда біз сөз еткелі отырған мәселе Сәттіғұл Жанғабыловтың Базар Избас ақынмен, Ескелді Сүгір Бегендікұлымен жұмбақтасқан айтыстары хақында болмақ. Жұмбақ айтыстарының етек алып, кең тарағандығы сондай, бұлардың кәтерген тақырыптары мен мазмұны әр алуан, сан қилы болып келеді. Сәттіғұл ақынның басқа ақындармен жұмбақтасуының бір ерекшелігі – бұл айтыстар хат түрінде жазылған шығармалар болатын. Осы мәселенің арнайы зерттеушісі ғалым М. Жармұхамедовтің: «Хат үлгісіндегі жұмбақтардың ендігі бір тобы әріптесінің ой-әрісі мен түсінік-танымын, жалпы білім дәрежесін сынап байқау мақсатын кәздейді» [49,154 б] деп айтқанындай бұл ақындарға 15

қарсыласының білім дәрежесін байқамақ болып хатпен айтысқан. Ара-тұра кездескенде шаппа-шап жауап берісулерде болып отырған. Әрине, қағазға жазып айтысу үлгісі Ақан мен Нұрқожа, Ақан мен Мәшһүр Жүсіп шығармашылықтарында ұшырасады. Қазақстанның батыс аймағындағы ақындар шығармаларындағы Сәттіғұл мен Сүгір арасындағы хат түріндегі жұмбақ айтыс осы түрге жатады. Айтыстың басқа жанрлардан өзгешеленетін жері – ақындардың бір-біріне сын айтуы, бірінен-бірі кемшілік іздеп табуы, мақсаты – сүріндіру. «Базар Избас ақынның Қашаған мен Сәттіғұлға тиісуі» деп аталатын айтыста Избас ақын заманының жүйріктері Қашаған мен Сәттіғұлды халқының «Адайдың айтқыштары» деп мадақтап, көрсеткен құрметтеріне қызғанышпен қарап, оларды ақындық жолмен сүріндірудің қиындығын білгендіктен, әзінің діни сауаттылығының мықтылығымен сүріндіргісі келіп, екеуіне дін шежіресінен мысалдар негізінде жұмбақ-әлең жолдайды. Бұл жұмбақты екі ақынға жолдаған кезде Избас алпыста, Қашаған сексенде, Сәттіғұл отыз бесте екен. Сексенге келген Қашаған Избастың бұлайша тиісуіне қатты ашуланыпты. Бірде Қашаған мен Сәттіғұл қатысып отырған бір жиынға Избас та келіп, үшеуінің басы қосылып қалады. Сәттіғұл отырыс үстінде Қашағанның Избасқа тиіскелі отырғанын сезіп қалып, Қашағаннан жұмбақты шешуге рұқсат алып, жыршылық әнерімен Избасқа жауабын қойылған сұраққа сай: «бес дуадақ пен бес қу – бес намаз бен бес парыз», «отыз екі үйрек – бес уақыт намазға отыз екі рет жығылу», «пейіштегі құрма – жәннәттің мекен жайы», «тұлғасының үлкендігі – сауабының кәптігі», «жақсыға жолдас дегені – ораза, намаз тұтқандар иманға ғани-бай еді» деген сияқты нақты санамалай келіп, бұл сұрақтарды місе тұтпағанын, тіпті «бұл айтқан жұмбағыңа қатын мен баланың бәрі де күлді сәз бе деп» деген жолдар арқылы қарсыласының мысын басуы, ой-әрісінің тайыздығына кәз жеткізу, әзінің мықты діни сауаттылығын айқындата көрсету байқалады. Тіпті, түймедейден түйедей жасадың деп күлкіге қалдыру мақсаты бар: Қалдырмай құсты санаған

Осылай шығар есебің, - деп ұсақ-түйек, көр-жерге әзінің басын қатырғысы да келмейтіндігін ескерте отырып, кезегімен сұрағын жолдайды. Сұрақ соңын ала Избастың әздеріне орынсыз жерде жәнсіз тиісуіне ренішін, ішіндегі қыжылын ащы-ащы сәздермен, орнынан тұра алмастай әлтіре сынаған сәздермен түйреп тастайды. Ақынның әзінің шығармашылық тұлғасын көтере, қарсыласын тәмендете: «Сортаң жерде шұқанақсың», «Дәмі жоқ бәдік сәзге парпарсың», «Менімен қашаннан-ақ тең емессің», «Желсәзге мендей шалқар кәл емессің», «Халыққа сен бір жүрген келемешсің», «Бәс етпе біздей биік панаңменен», «Сәзіңнің титтей сәні жоқ», «Таңдайға татар дәмі жоқ», «Қиын мен ажар тағы жоқ», «Қағысып сәз айтқанның керегі не? Тар-таңқы сіздей ғами-наданменен» деген айшықты теңеулердің сол сәтте адуынды да екпінді айқаймен, ашу-ызасын тоқтата алмаған қызулықпен, дауыс әуезінің кәтеріңкі қалпымен айтылғанын аңғару қиын емес. Бір жағынан, әзінің Сүгірмен айтысында айтқан алдыңғы буын 16

ағаларын алға тартып айтып, жанында отырған Қашағандай аруақты ақынға арқа сүйеу де бар. Тіпті, қарсыласына сес кәрсете, шала-жансар ақынсымақ деңгеймен қарсыласының «айтысып абырой таппасын» бетіне басып, біржолата тұқырта сәйлейді. Бұл секілді ақындық мінез әрекетін ғалым Т.Тебегенов: «Ақындық тұлғаның бейнеленуінде ауыстыру (метафора), айқындау (эпитет), теңеу және т.б. үлгілерінің қолданыстарын шығармашылық шабыттың қуатын, психологиялық әсердің ықпалдылығын дәлелдеуге бағыттау – айтыс өнерінің кәркемдік тәсілдерінің бірі. Қарсылас ақынның мысын басу, кәңіліне үрей, алаңдау, абыржу туғызу үшін ақындар осы әдісті жиі қолданады» деп тап басып дәл кәрсетеді. Діни бағыттағы айтыстар адамның алла тағалаға табынуынан, жан тазалығынан туындайды. Жоғарыдағы мысалға келтірілген жұмбақтан үзінді таза діни тұрғыдан ойланып, құрылған жолдар. Діни сауатсыз ақындар бұл жұмбақты, мүмкін, басқа қырынан шешер ме еді? Бірақ жұмбақ соңындағы: Мұны тапқан адамдар Қағбаның ахун - молласы - деген жолдар діни сауаттылықты талап ететіндікті аңғартады. Сәттіғұлдың бұл жұмбақты айтар ойын тас түйін қылып, сауатты шешуі – ақынның ой-әрісінің биік деңгейінде болғандығын байқатады. Ақын мұраларының ішіндегі жұмбақ айтыстардың дін тақырыбындағы кәлемдісі әрі мазмұндысы - «Сәттіғұл мен Сүгірдің айтысы». Осы тақырыпта екі айтыс үлгісін кездестірдік. Негізінен, екеуінің де мазмұны, бағыты, себеп болған оқиғасы да бірдей. Айырмашылығы, халық мұраларын жинаушы Сұлтан Балхаев пен жыршы Жеткізген Сейітов тапсыруымен салыстырылып берілген нұсқасы белгілі әдебиет зерттеушісі Қабиболла Сыдиықовтың жыршы Сәду Қайралапов орындауынан жазып алған екінші нұсқасынан кәлемдірек және екі қайтара сұрақ беріліп, екі мәрте жауап алынатындығында. Ал, екінші нұсқада екі ақын да бір ғана сұрақ-жауаппен тоқталған.

Аталмыш айтыстың туындауының да өз тарихы бар. Сәттіғұл мен Сүгірдің өзара ағалы-інілі тату-тәтті қарым-қатынасын күндегендер оларды бір-біріне айдап салады. Ақыры мәселе ушығып, шамданған екі ақын айтысқа түседі. Айтыс Маңғыстауда жатқан Сәттіғұлдың Хорезмдегі Сүгірге хат түрінде жұмбақ жолдауынан басталады. Оның жұмбақтап тізген сұрақтары: «Он төрт қабат жер мен кәк немен ұсталып тұр? Он сегіз мың ғаламда ең әуелі некелескен кімдер еді? Қайымға дейін қанша қалды? Иәжуіж бен Мәжуіж кімнен дүреді? Мұхаммедтің кәкке шығып кезген кәлігінің түсі қандай? Жиырма тоғыз әріпте «Нұн» деген сөздің мағынасы не? Ғаршының неден жаратқан, неше тіреуі бар?» т.т. тәрізді санамаланып кете береді. Бір қызығы, жолданған жұмбақ әлең тұтасымен Құран сөзіне құрылған. Сүгір де жұмбаққа қарымы жеткенше ислам дінінің мысалдарын негізге ала отырып жауап іздейді. Бірақ арабша аздаған сауаты бар Сүгір қиналып, сол кездегі атақты ғұлама оқымысты Көрпе Размағанбет ахунға 17

көмек сұрап келеді. Ғұлама жұмбақтың жауаптарын бірнеше кітаптарды ақтарып қарап отырып шешіп береді. Сүгір жырау дайын жауаптарды әуезді жырмен әлеңге салып әрнектеп жолдап және тынышына жүрген әзіне аяқ астынан бүліне тиіскен арқа сүйер аға тұтып жүрген ақынның қылығына аңтаң қалыппен аяқтайды. Сәттіғұл жауап хатты оқып шығып, Сүгірдің еш нәрседен хабарсыз, жазықсыз екендігіне түсінсе де, сынау үшін қатынасқан адамдардан тағы да жұмбақ беріп жібереді. Сәттіғұл екінші жұмбағын жолдай отырып, Сүгірдің кейбір мүлт жіберген тұстарын түзетеді. Осылайша, кейбір әзін қанағаттандыра жауап ала алмаған сұрақтары туралы да Сәттіғұл ақын жырлап береді. Ақын әсіресе, соңғы екі жол арқылы дін саласына қатысты шебер құрастырылған қисынды жұмбақтарды мұсылман діні шежіресінен мағлұматы мол, білімі толық, ұшқыр қиялды ақын болмаса, өзгелердің қағытпай жәніне жүргені дұрыс болар деген ой айтып отыр. Сәттіғұлдың осы тұрпатты сөз саптауларынан білімі терең де тиянақты, айтыста шеберлік дағдысы қалыптасқан, мықты ақын екені қапысыз аңғарылады. Сүгір жырау бұл жұмбақтың жауабын шешуге ыңғайлана отырып, хатты бітімгершілікке шақыра бастайды, әрі қарай қойылған сұрақтардың барлығының да жауабын тізіп кетеді. Хорезмнен келіп жеткен жауап хатты оқыған Сәттіғұл арадағы жел сөздер мен оғаш қылықтардың бәрі Сүгірге айдап салушылардың ісі екенін анық түсінеді. Сондай-ақ, інісінің сауатты да, жүйелі берілген жауабына риза болып, татулық кәңілмен тоқтайды. Ақынның аңыз, әпсана, хикаяттарға жетіктігі, танымының өте жоғары деңгейінің бір қыры - Хызыр, Илияс пайғамбарлардың әліге дейін тірлікте неліктен әлмей жүрген себебін сұрауының әзінен-ақ байқалады. Осы мазмұндас сұрақты жоғарыда аталған Избаспен айтысында да берген. Мұсылман діні шежіресінде Ескендірдің Хызыр мен Илиясты ертіп, әлмес суды іздеп, Зұлматқа барғандығы, бірақ ол суды алға озып кеткен аталған екі жолдасы тауып ішіп қойып, Ескендір соңынан келіп жеткенде әлмес су ғайып болып кетеді немесе қарғалар ішіп қояды. Ел кезіп, жер кезіп, табанынан сарсыла іздеген әлмес су Ескендір патшаға емес, Хызыр мен Илиясқа бұйыруы себепті екі пайғамбардың маңдайына мәңгі жасау жазылғаны айтылады. Ақын сөз етіп отырған әлең жолдарындағы Иәжуіж, Мәжуіж «ойларына келгенін істеп, алдамшылығымен аты шулы болған Яжуіж бен Мәжуіж дегендер алдамшылығымен аты шулы болған іріп-шіріген, еш нәрседен тайынбайтын тонаушылықпен ғана айналысатын жауыздар еді». «Яжуіж, Мәжуіж Яфес ұрпағынан болған бір бұзылған ел. Хадис кітаптарында заман ақыр таянғанда Яжуіж – Мәжуіж шығатындығы білдірілген» Аға мен інінің бір-біріне сәлем хат түрінде жазылған жұмбақтары олардың өзара бір-бірінің ой-әрісін байқап көруімен аяқталады. Сәттіғұл ақын Сүгірге жолдаған екінші жұмбағында діни ілімдерге байланысты жер-су атаулары мен бірсыпыра жайлардың тарихын сөз етеді.

Атырау бойы, жалпы, Қазақстанның батыс аймағы ақын, жыраулары шығармашылығының зерттелуіне орасан зор еңбек сіңірген ғалым Қ.Сыдықов 1971 жылы Сүгір жыраумен кездескенде осы айтыстың жайын сұрайды. Сонда Сүгір ақсақал әзінің Сәттіғұлмен айтысу тарихын тәмендегідей баяндап берген : «Жұртқа қызық керек. Біреулер «Сүгір сізбен айтыспақшы кәрінеді» депті. Сәтекең иланып қалып, маған жұмбақ жолдапты. Шеше алмай, білімдар ағайынымыз Размағанбетке бардым. Ол 5-6 қалың кітапты қарап жіберіп, шешуін айтып берді. Мен оны жырға айналдырып, Сәтекеңе жібердім. Кейін Сәтекең айтыпты «Япырмай, маған не болғаны, әз інімді әлекке салып, жұмбақ жолдағаным. Осы жыры түскірдің желі бар-ау»деп Бұдан Сәттіғұл мен Сүгір арасындағы айтыс екі мәрте емес, бір ғана хат жолданып, сонымен тынғанға ұқсайды. Себебі, жоғарыда келтірілген екі нұсқаның бірінші, екінші сұрақ –жауабындағы баяндалатын мәселелер – екінші нұсқада да қайталанған және біртұтас бәлінбеген. Айтыстың екі рет болған айтылу себебі – ауыздан ауызға кәшіп, таратушылар тарапынан ұзақ айтылған жерінен екіге бәлініп берілгендігінен деп білеміз. Әйткені, жоғарыда келтірілген Сүгір ақынның өз аузымен айтылған айтыс тарихының туындауы туралы естелік-әңгімесі бұл ойымызды жоққа шығармайды. Сәттіғұл ақыннан бізге жеткені – дін тақырыбы сәз етілген осы екі жұмбақ айтыс. Дін жұмбағы түріндегі осы тектес сұрақ-жауап айтысы қазақ әдебиетінің тарихында Шәже мен Кемпірбай, Әсет пен Бақтыбай, Нұрым мен Қашаған арасында да өткен. Жалпы, мұндай айтыстарда сұрақ қойып, жауап беру үшін терең де тиянақты білім керектігі айқын кәрініп тұрған мәселе. Бұл айтыстардан аңғарылатыны - ақындардың діни сауатты, білімді болғаны. Нұрымның сұрақ-жауап, білім сынасу ретіндегі екі айтысы бар. Бірі – Абылдың Нұрымды сынауы. Екіншісі – Абыл дәстүрін пайдаланып, Нұрымның Қашағанның ақындығы мен білімін сынау бағытындағы айтысы. Екі айтысқа да тиек болатын сол кез үшін негізгі мәселе - діни сұрақтар жайы. Ғалым Қ. Сыдықов аталған айтыстар турасында: «Бұл айтыстарда жеңу – жеңілу мақсаты жоқ, жас ақынның білім шамасын ақындық әрісін байқау ниеті ғана бар» екендігін атап кәрсетеді. Жұмбақтың әзі астарлы жорамалға құрылғандықтан, оның шешуін ұқсас, іліктес құбылыстарды әркім әзінше ұғынып, әзінше түйсінеді. Ең бастысы – бәрінің де жауабы дайын. Яғни, бір затты немесе құбылысты жұмбақтаудың сан түрлі жолдары бар. Жұмбақ айтыс әміршең жанр екендігі – қазір де жалғасын тауып келе жатқандығынан кәрінеді.. Жұмбақталатын нәрсе кәркемдік компоненттердің молдылығына, тіл байлығының кәріктілігіне байланысты терең астарланып, тапқырлықтың куәсі болып жатады. Жалпы, дін - Маңғыстау ақындарына ортақ тақырып. Дін тақырыбын негізгі нысанасы еткен осындай айтыстар жәнінде академик С.Мұқанов: «Діни айтыстарының ішінде, ислам дінінің әсерінен 19

туғандары да көп. Ондай айтыстардың мақсаты – қазақ арасына ислам дінін уағыздап, исламның дүниеге, адамның іс-әрекетіне қатынасын насихаттау» дейді. Сондай-ақ, екі ақынның бірігіп, үшінші бір адамға қарата айтылатын қайым айтыстың үлгісімен әзіл-шыны аралас жауаптасатын түрін Сәттіғұл мен оның үзеңгілес інісі Түменмен арасында өткен сөз қағыстарынан кәреміз. Кенже келін және көк ат болып айтысу да солай. Айтыстың бұл түрі Түмен Балтабасұлының да астына мініп жүрген жирен атымен сөз жарыстыруына ұқсас. Бұлар қазақ әдебиетінде бұрыннан бар мысал айтыстар. Сәттіғұл ақын ауылдық кеңестің бірінің қарамағынан жүрісі жайлы, кәнбіс тұғыр көк атты сұрап алып, көп уақыттар басыбайлы мініп жүреді екен. Атты ерекше қадірлеп, барынша баптап күтетін ақынның мінген кәлігі еш уақытта арымайды. Солай жүрген көк атпен Сәтекең біраздан кейін кездесе, тұғыр көтерем болып қалған екен. Бұған шыдай алмаған ақын көк аттың атынан әзіне шағынған қылып арыз айттырып, сонан соң әзі оны жұбатып әлең шығарады. Ақын шығармаларындағы айтыстың осы түрі Сәттіғұл мен Түменнің «Кенже келінге» орынды айтылған кезектесе әзілдеуінен де кәрінеді. Осы мысалдар Сәттіғұл ақсақалдың әзіл-қалжың әлеңдер шығаруға да жүйріктігін кәрсетеді. «Сатира мен эпиграммаға жақын тұратын халық поэзиясы - әзіл шутка. Қазақтар әзіл апат әкеледі – деп айтқанымен, әдетте әзілдер зиянсыз болып келеді, көбінше ол құрдастар, нағашы мен жиен арасында жиі айтылады» - дейді ұлт кәсемдерінің бірі Х.Досмұхамедов. Осы тақырыптағы әзіл Сәттіғұл ақынның бір той жасап жатқан ауылға тап келіп, той үстінде біреуі нағашы, біреуі жиен дегендей әзіл қалжыңмен отырып ақын бір отырған оншақты адамды шеттерінен аспанға көтере мақтап шығуынан кәрінеді. Сол сәтте аты аталмай қалғанына әкпелеп, наз білдірген Қадірбай деген кісінің кәңілін көтеріп, арнайы сөз арнауы ерекше табиғи шыққан. Сондай-ақ, әлі ет асып беріп сыйлаған Нұрқабайға, кәрі қой беріп жақсы атақ алғысы келген байға айтқан уытты әлең шумақтары да ақын шығармашылығының ерекше қырын таныта түседі. **Өзіндік бақылауға арналған сұрақтар:** 1. Қазақ жұмбақ айтыстарының Қазан тәңкерісіне басылымдарға жариялануына үлес қосқан белгілі ғалымдарды атаңыз 2. М.Жармұхамедов жұмбақ айтыстарын құрылысы мен тақырып-мазмұны жағынан алып неше түрге бөліп топтастырады? 3. С.Жанғабыловтың қандай жұмбақ айтыстары бар? 4. С.Жанғабыловтың қандай мысал айтыстары бар?

4- тақырып Ақынның дін тақырыбындағы толғаулары мен айтыстары (1 сағат)

Жалпы алғанда, мұсылман дінінің қағидалары мен тарихын, дін туралы ілгерілі-кейінді заманда дүниеге келген шығыс авторлары мен қазақ 20

ақындарының шығармаларын жетік білетін әз заманының аса білімдер ақыны С.Жанғабылов туындыларында автордың замандастары, олардың арғы ата-бабаларының елге жасаған тарихи еңбектері, ел шежіресі, ел аңыздарымен, діни аңыз-әпсаналармен байланыстырыла, мәселен, «Әзіреті Ғалидың құл боп сатылуы» қиссасы, «Насихат сәз», «Мұштарих сәз», «Абдолла, Әбді қазіреттерге» толғауларында аса шебер кәрініс тапқан. Ақын бұл еңбектерінің қай-қайсысында да мұсылман дінінің қадір-қасиетін, азамат адамның кісілігін, өзге жан иелерінің жай-күйін ерекше танып қапысыз жырлаған ақиық ақын ретінде танылады. Сәттіғұлдың «Насихат сәз», «Мұштарих сәз» шығармаларында тірі пендеде болатын сан қилы мінез-құлықтар, биік кісілік қасиеттер, мұсылман дінінің имандылық негіздерімен салыстырыла, дәлелдене асқан шеберлікпен жырланған. Сәттіғұлдың дін тарихынан, пайғамбарлар қауымынан, ата тегі шежіресінен мол білімін аңғартатын шығармалары 7-8 буынды жыр үлгісінде өрнектелген. Ақын өлеңдерінде пайдалы іске ұмтылу, адалдықты ардақ тұтады. «Насихат сәзі» мен «Мұштарих сәзінде» бастан-аяқ діни мысалдар өте бай жинақталған, туынды мұсылман діні шежіресінің нақты деректеріне сүйене жазылған. Автор толғанысқа толы жырларында адамгершілік, имандылық, әдептілік мәселелерін қозғайды. Әсиет, үгіт-насихат түрінде берілген толғауда ата-анаға бала мейірімі, адамдар арасындағы шынайы сыйластық қарым-қатынас, жанұя жарастығы, татулық, туысқандық сезімдер, тәрбие маңызы сәз болады. Ақынның насихат жырларында қазақтардың дүние, тіршілік туралы таным-түсінігі, не жақсы, не дұрыс, не бұрыс деген түсінік ұғымдар жеріне жеткізіле кәрініс тапқан. Жақсы әйел, тәрбиелі ұл, кәргенді қыз, келін, бай, батыр, кедей, т.б бойында қандай қасиеттер болуы керектігі осы насихат өлеңдерде көрінеді. Мұнда үлгілі қасиет- мінездер мырзалық, мейірімділік, ұқыптылық, т.б мадақталып, ал жаман, зиянды, жеркенішті құлық - әрекеттер зинақорлық, ұрлық, өтірікшілік, кекшілдік, тасжүректік, сарандық, қонақты күтпеушілік, т. б сыналып, сақтандырылады. Насихат жырларында қазақтың имандылық пен ізгілік туралы барша таным- түсінігі алақанға салғандай анық кәрініс тапқан. Көрнекті ғалым С.Қасқабасов: «Аңыздың мақсаты – бір фактіні, тарихи оқиғаны хабарлап, ол туралы тыңдаушыға мәлімет беру. Демек, аңыздың қызметі (функциясы) – танымдық, мағлұматтық. Ал, әпсана-хикаяттың мақсаты – баяғыда болған немесе болды деген бір керемет оқиғаны, іс-әрекетті немесе жағдайды кәркемдей баяндау арқылы тыңдаушыға ғибрат беру. Мұнда бас кейіпкерлер дәріптеле суреттеледі, ол жай елден асқан ерекше жан ғана емес, әулие ретінде бейнеленеді. Сондықтан, бұл жанрға кіретін шығармалардағы кейіпкерлер кәркем бейне деңгейінде көрінеді. Әпсана-хикаят осы кейіпкерлерден үлгі алуға шақырады»

«Сонымен, әпсана-хикаят деп кейде болған бір оқиғаны кәркемдей баяндайтын, бірақ кәбінесе ойдан шығарылған, я болмаса кітаби және діни 21

сюжетті барынша әрлеп, әсірелеп, әңгімелейтін прозалық шығармаларды айтамыз» дей келіп, қазақ әпсана-хикаяттарын шартты түрде тарихи-мекендік, кітаби-діни, утопиялық деп үшке бәлінетіндігін кәрсетеді. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында әмір сүрген кәрнекті халық ақындарының біразы ислам шежіресінің мысалдарын негізге ала отырып, дін тарихы тақырыбында қисса-дастандар жазды. Мұның әзі кеңестік жүйеге дейінгі әдебиетіміздің қайнар бұлағы негізінен шығыстан бастау алғанын, халықтың рухани дүниесі мұсылман әлемімен тығыз байланыста болғанын дәлелдейді. Демек, осы байланыстан классикалық шығыс әдебиетінің тек қазақ әдебиетіне ғана емес, халықаралық кәлемде таралуына ислам дінінің ағартушылық әсері күшті болғандығын байқауға болады. Шығыс әдебиетіндегі осы ықпалды дәстүр негізінде қазақтың ақын-жыраулары шығармаларында қисса-дастандар деп аталатын жанр пайда болды. Яғни, қисса «әңгіме», «тарих» деген мағыналы араб сәзі. Ол әлеңмен де, қара сәзбен де жазыла береді. Әдетте, ақын-жыраулар әздері шығарған қисса-дастандарға сюжетті ежелгі мифтерден, ертегі-хикаялардан, құраннан алған. Шығыс сюжетіне құрылған қазақ дастандарының зерттелуіне З.Ахметов, Ы.Дүйсенбаев, Р.Сыздықова, М.Бәжеев, Р.Бердібаев, Ә.Күмісбаев, А.Қыраубаева, Б.Әзібаева, Б.Әбілқасымов, т.б белгілі тіл, әдебиет зерттеушілері, ғалымдар айтарлықтай үлес қосып, сүбелі еңбектерін арнаған. Олар қисса-дастандарды бәлек-бәлек тақырыптық, мазмұндық жағынан топтап жүйелейді. Ғалымдардың осылайша жекелеп жіктеуінде елеулі ерекшеліктер байқалады. Дей тұрғанмен де, олар негізгі топтау, жүйелеуде бір ізділікке, ортақ пікірге тоқталады. Демек, осындай кәзі қарақты, қаламы қарымды, зерделі зерттеушілердің назарына ілігіп, ғылыми жүйелену жолына қойылған қисса-дастандардың қазақ әдебиеті тарихында орны өте жоғары екені белгілі болып отыр. Аталмыш жанр қазақ әдебиетін тақырыптық, сюжеттік жағынан толықтыруда үлкен қызмет атқарды. Осындай бекітулі ережесі, жазулы заңы, белгілі бағыттағы бағдарламасы жоқ, әнердің әзіндік әрнегі, таза талабы арқылы қалыптасқан ақындық мектептің тағлым алушылары халық жанына жақын тақырыптарды алып, дамыта жырлаған. Демек, халыққа ақын болу, яғни, сол халықтың ақыны деген атақты иеленуші шығармашылық тұлғаға қойылар талап, мойнына жүктелер ауыр міндет ел тарихын, сол ел тарихын тұтынатын дін мен дінге байланысты шығармаларды жетік біліп, керекті жерінде өз туындыларын сол талап тұрғысынан терең ой, кестелі сәзбен кәрсете білуде екендігі дау туғызбайды. Бұл тұрғыдан келгенде ақын-жыраулардың шығармашылығындағы қазақ халқының рухани құндылығы болып саналатын қиссалардың ерекше әсерлілігі, дәстүрлілігінің де әзекті мәселе болып саналатындығы да осыдан. 22

Белгілі ғалым-фольклорист С.Қасқабасов «Қазақтың халық прозасы» атты еңбегінде «эпсана-хикаят» деген атауды жанрлық тұрғыдан сипаттап, ерекшеліктеріне тоқталып, оларды былайша топтастырады: «Бір топ әңгіме – бір кезде тарихта болған адамдар жайында аңыз болып шығып, тараған шығармалар, Ал, екінші бір тобы – белгілі бір мекен, жер-су жайын қиял түрінде баяндайтын әңгімелер. Ал, үшінші топ құрайтын әңгімелер – інжіл мен құран, тағы басқа да діни кітаптар арқылы тараған сюжеттер. Бұлардың бәрінде де кәркемдік пен кереметтіктің элементтері мол пайдаланылады.» Сонымен қатар, ғалым дінге қатыссыз шығармаларда эпсаналық, ал, мұсылман дініне байланысты әңгімелерде хикаяттық сипат басым екенін ескеріп, эпсана-хикаят деген қосарлы терминді қолдану себебін түсіндіре келіп, «...Ал, хикаят сөзіне келетін болсақ, оны қазақ фольклорын революцияға жариялаушылар қолданған және кәбінесе құран және діни яки кітаби сюжеттерге құрылған шығармаларды атаған» деп дәлелдейді. Жалпы, қазақ халық ауыз әдебиетіндегі діни тақырыптағы туындылар шартты түрде «эпсана» ретінде қарастырылып келеді Міне, осы аталған халықтық жанрдың дәстүрлі тақырыбын өз шығармасына арқау еткен ақындардың бірі Сәттіғұл Жанғабылов болса, ол әлке тарихын, ата-баба тарихын жақсы білетін шежірешілігімен қоса, ислам тарихының да білгірі болған. Ақынның Құран, «Қисса-сул- Өнбия» ізімен жазылған инабаттылық, парасаттылық, имандылық жайындағы діни ұғым араласқан кәптеген шығармалары кеңестік дәуір кезеңінде саясат салқынына ұшырап, кәпшілік назарынан сыртқары болып келді. Бірақ, «аққа құдай жақ» дегендей, тәуелсіздік күні туып, халық арасында үлкендердің, жыршылардың жадында сақталып қалған ислам дінін насихаттау бағытындағы «Насихат сөз», «Мүштарих сөз», «Абдолла хазіреттерге», «Әзіреті Ғалидың құл болып сатылуы» сияқты кейбір шығармалары, сондай-ақ, дін тақырыбындағы жұмбақ айтыстары табылып, оқырмандарымен табысуда. Сәттіғұл шығармаларында Шығыс тарихындағы кәрнекті тұлғалардың, патша, батырлардың кейіпкер болып жырлануы - жалғасқан дәстүр ізі екендігі белгілі. Мысалы, Ескендір Зұлқарнайын, Рүстем батырға байланысты аңыздық оқиғаға құрылған. Ақын бүкіл шығыс классикалық әдебиетіне әзекті желісі болған жаратушы Алланы, Мұхаммед пайғамбарды, ислам дінінің қайраткерлерін барлық шығармаларына арқау етті. Атап әтілген шығарма үлгілерінен шығыс классикалық әдеби дәстүрлерінің жанрлық, кәркемдік жақтарынан елеулі ықпал еткенін кәруімізге болады. Ақынның эпикалық жанрлар бойынша қисса-дастан, толғаулары дидактикалық, философиялық сарындар бойынша жырлануы да дәстүр желілігін танытады.

Шығыстың классикалық әдеби дәстүрінің гуманистік арқауы – қасиетті Құран кітабындағы сүрелер және Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистері. Қазақ поэзиясының VIII-XX ғ.ғ. қалыптасу, даму кезеңдерінің барлығында да ислам діні қағидаларына негізделген шығыстың классикалық әдеби дәстүрін

ұстанған ақындарымыз сөз өнері туындыларының халықтық тұғырын нығайта, биіктете түсті. Демек, Сәттіғұлдың классикалық шығармалардағы ортақ сюжеттерді қайталап жырлау арқылы өзіндік суреткерлік шеберлік қырларының айқындалатындығын аңғарамыз. Әлем халықтары әдебиетінде негізгі діндерінің басты тұлғалары, Иса, Будда, Мұхаммед пайғамбарлар хақында аңыздық-тарихи хикаяттардың кеңінен таралғаны белгілі. Бұл – Шығыстың классикалық әдеби дәстүрлерінің ислам дінінің қалыптасуымен, таралуымен біртұтас қозғалыста жүйеленген әдеби шығармашылық дәстүр. Қазақ поэзиясы тарихының исламдық кезқарастармен жырланған кезеңдеріндегі Мұхаммед пайғамбарымыз бен оның сахабалары хақындағы хикаяттардың қисса-дастандар болып жырланғаны – классикалық дәстүр ықпалдастығының нақты көрінісі. Ақынның «Насихат сөз», «Мұштарих сөз», «Абдолла, Әбді хазіреттерге», «Әлеумет, келдің алқалай» туындылары әсиет-нақылдық мазмұнмен жазылған әлеңдер. Аталған шығармаларында ақын бұл дүниедегі қозғалыстардың, қасиеттердің бәріне де мұсылмандық-ағартушылық танымымен баға береді. Ақынның насихат әлеңдеріндегі дидактикалық-ғибраттық ақыл-кеңестердің арнасында көптеген гуманистік мұраттар жырланады. Ол пәни мен бақи аралығындағы тіршілік кезеңін мағыналы, адами қалыптан ауытқымай өткізуді уағыздайды. Сәттіғұлдың бұл туындылары - мұсылман діні туралы тарихи әдеби шығарма деуге болады. «Өзіреті Ғалидың құл болып сатылуы» атты туындысы жоғарыда сөз болған қисса-дастандардың жүйеленуіндегі мұсылман дінін уағыздап, Мұхаммед пайғамбар мен оның ғазіреттерінің үлгілі істерін баян ететін тобындағы «Сал-сал», «Жұм-жұма», «Кербаланың шәлінде» шығармаларымен тақырыптас. Шығарманың басты кейіпкері – пайғамбардың төрт көмекшісінің бірі, ислам дінінің көрнекті қайраткері - Өзіреті Ғали (Али Ибн Абу Талиб). Ақын қиссада Өзіреті Ғалидың ислам дінін қалыптастыруда еткен еңбегі, көрсеткен ерлігінің бір көрінісін баяндау арқылы оның тұлғасын даралай бейнелеген. Ақынның басқа да шығармаларында мысалға Өзіреті Ғали есімі көп алынады. Мысалы: «Хорезмдегі елге сәлем» (екінші хат) Өзіреті Ғалидың қасиеті ертегідегі бір қадымы бір таудың көлемін алған арғымақ аттармен пара-пар Дүлдүл атты тұлпарына мініп, жауын жайпағаны жырланса, «Есжанұлы Қанжан мырзаға» арнауында Өзіреті Ғалидың батырлығына, қажыр-қайратына ешкімнің теңесе алмайтындығын суреттейді. «Насихат» сөзінде жолдарда жолдасына көңілі ақ, ниеті түзу Өзіреті Ғалидың ала жіп аттамас адалдығын, жүрек жұтқан батырлығын, ешқашан жеңіліске ұшырамағандығы айтылады. 24

Сондай-ақ, ата салтымыздағы әдет-ғұрыптардың да пайғамбар сахабаларының салған жолымен келе жатқандығы ақынның той бастар толғауында мысалға алына жырланады Ақын дастандарында, терме-толғауларында кейіпкерін даралай бейнелеп, ұлылап, ұлықтата түсу мақсатымен «Аршылан», «Шер» болып аталатын халық қойған есімдерін орынды қолдана білген. Мұның әзі ақынның «Әзіреті Әлінің құл болып сатылуы» хикаясын жырлауда қазақ ауыз әдебиеті мен фольклорындағы шығыс сюжеттерінен ауысқан ортақ сарындарды орынды қолданғандығын кәрсетеді. Шығармадағы Әзіреті Ғалидың Дүлдүл атты тұлпары, Зұлпыхар семсері, Жебірейіл періште, жәрдем сұрап, үміт етіп, тілегін тілеген халқы басты қаһарманның әдебиет әлеміндегі қиял мен шындық арманы тоғыстырған тұлғасын асқақтата түскен. «Әли - Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли – Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли – орасан алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ әліп, талып қалатын болған-мыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам атты үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі кәштеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде кәрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің әзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген. Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды пырақ-аттың нышанына айналған» С.Жанғабылов туындысы рухтас «Қисса Зарқұм» дастанында мұсылман дінін қабылдануға Әзірет Әлінің сіңірген еңбегі оның майдан даласында жүргізген күрестері арқылы кәрінеді. Дастанда батыр эпикалық батырларға ұқсас суреттеледі. «Әзіреті Ғалидың құл боп сатылуы» қиссасында әмірде кездесетін оқиғалар мен адамзат күшінен тыс құбылыстар кездеседі. Мысалы: айдаһар, алты кез мұнара, құлды сипаттаудағы адамзат баласынан ерекше қасиеттер «мың құлмен парпар», «тырнағының кәлемі үштен туған айдай бар», «әр саусағы бір құлаш», «имек таудай басы бар» ерекшеліктер. Ғалым Р.Бердібай діни дастандардың кәбі ХІХ ғасырдың екінші жартысында және ХХ ғасырдың бас кезінде жеке кітап болып басылып, халық арасына қисса-хикаят деген атпен тарап, жыршы-жыраулар репертуарларынан да берік орын алғандығын айтады. ([138,21б] Ғалым сонымен қатар құрылысы, кәркемдік тәсілдері жағынан алып қарағанда батырлар жыры мен діни дастандар арасында ұқсастықтар мол екендігін ескерткен: «...соғыста ерекше күш-қайратымен кәрінуі, жауды жеңіп, 25

мұратқа жетуі, қысылғанда ғайыптан көмек келуі секілді дәстүрлі желілерден байқалады» Әрине, Сәттіғұл шығармасындағы пақырдың көмек сұрап Мұхаммед пайғамбарға келуі, Әзіреті Әлінің пақырға көмектескісі келіп, пайғамбардан рұқсат сұрауы, патшаның үш шарты, соңында Әлидің кәпірлер елін мұсылмандыққа мойындап қайтуы сияқты жырдың желісіндегі әрекеттер ежелгі аңыз әңгімелерде, көне жырларда қайталанатын кәрініс екендігін жоққа шығаруға болмайды. Әлидің құл кейпіне түсуі, соғыс болатын жерге елдің жиналуы, патшаның қырық палуаны, Әлидің құдыретінің күштілігімен алты кез мұнараның басына қарғып шығуы, әткел бермес асуды алуы, айдаһарды жеңуі секілді шығармаларға тән кәріністер сәз жоқ, классикалық эпосты елестетеді. Хикаяның басты кейіпкері- Әзіреті Әлі әлем мұсылмандарының сан ғасырлық (VIII-XX ғ.ғ.) тарихында ержүрек, айтулы батыр бейнесінде қалыптасқан тұлға. Әзіреті Әлінің қарауындағы халқына қамқорлылы, Мұхаммед пайғамбар салған ізгілік жолын қалыптастыруды мұрат тұтқандығы. Сәттіғұлдың «Әзіреті Ғалидың құл боп сатылуы» хикаясы Қарасақал Ерiмбеттің «Бап Раушан» қиссасымен сюжет желісі бірдей. Сондай-ақ, кедей бейшараның қарызынан құтқару үшін кәпір еліне аттануы «Бозторғай» дастанында да айтылады. Әзіреті Ғали бейнесі мұсылман дінін орнату жолындағы ерлігін баяндайтын «Әзіреті Әлі мен Дариға қыз», «Әзіреті Әлі мен Мағауияның соғысы», «Қисса-и Зарқұм», «Бозторғай» т.б. қиссаларда ерекше сомдалған. Дастандық шығармалардағы Әзіреті Әлі бейнесі туралы ғалым Б.Әзібаева: «Жалпы мұсылман кейіпкерлерінің ішінде ең танымал болған Әзіреті Әлидің іс-әрекеттері түрлі дәріптелініп, көптеген шығармалардың арқауына арналған... фольклорлық шығармаларда Әли бейнесі даралана бейнеленеді. Ол- ән бойына Исламның танымал қайраткерлерінің, эпикалық батырлардың ең жақсы, мақтауға тұрарлық абзал қасиеттерін жинақтаған кейіпкерлердің бірі. Сонымен бірге ол дархан пейілді, қайырымды, жаны жайсаң, көңілі шалқар кәлдей кең, бұқара мұсылмандарының ең сүйікті кейіпкері» «Дариға қыз», «Зарқұм», «Наушарбан» дастандарында мұсылман дінін орнатуда ерлік күрестердің ерен үлгісін көрсетуші ер - Әзіреті Әлі образы сомдалған. Әзіреті Әлінің мұсылман дінін мойындатуда Дариға қызбен, Ғирақтың патшасы Зарқұммен күрестерінің нәтижесі жеңіспен аяқталады. Осы күрестердің Сәттіғұл баяндаған бір кәрінісінің құндылығы – сенім, адамгершілік ақиқаттығын қорғау үшін ұрыстың тарихи шындық деректеріне сәйкес баяндалуы деуге болады.

Шығыстанушы С.Крамер: «Айдаһармен күрес – барлық дәуірдегі барша халықтардың арасында кең тараған тақырып. Грецияда – құдайлар мен батырлар туралы соншама көп аңыздар тараған елде - батырлығымен 26

танылған аңыз кейіпкерлерінің қай-қайсысы да бір құбыжық күштерді әлтіреді» дей келіп, ғалым Персей, Геракл, сондай-ақ, христиандықтың тууына байланысты қасиетті Георгий есімдерін атап, жалпы айдаһармен күрес тақырыбы Шумерде біздің заманымызға дейінгі үшінші мыңжылдықта пайда болғандығын айтады. Сонымен қатар, ғалым грек аңыздарының да, христиандық аңыздардың да кәптеген детальдары Шумер аңыздарынан алынған, барлығының қайнар көзі сонда жатыр деген болжам ұсынады. Ғалым осы еңбегінде айдаһардың көзін жою туралы аңыздың шумерлер дәуірінен бері келе жатқан үш нұсқасының белгілі екендігін алға тартады. Алғашқы екі нұсқа айдаһарлардың қарсыласы ретінде су құдайы – Энки мен жел құдайы – Нинурта құдайларының көрінсе, үшінші мифте Гилгамеш бейнесі беріледі. Бұл ретте С.Жанғабылов қиссаның негізгі идеясы исламды дәріптеу, оның артықшылығын үгіттеу екендігі жыр жолдарының, әсіресе, Әзірет Әлі әрекетіне қатысты жолдардан анық байқалады. Жырда мұсылман қауымындағы адам тәрбиесінің қалыптасқан шарты айтылады, белгілі тәртіпке бағынып, мойындап, аллаға сыйынған адамның инабат, қайырым, адалдықтың ала жібін аттап кетпейтін қасиет табады деген ой айтылған. Ақынның «Төрт Назарға арнау сөзінде» Адай руының Жары тармағынан тарайтын Қыдыр көрген Назар аулының жақсылары мен жайсаңдары, яғни, ел қорғаны болған батырлары, тура билері мен қайырлы байлары, ауру жанға шипасы тиген көріпкел-емшілері, мұсылман дінін адал ұстанып, шайхы атанған, «ілімге көңілін байлаған» бойына ерекше қасиет дарыған қазірет, ишандары санамаланып, тарихи аңыздар, нақты деректер негізінде баяндалады. Халық аузында айтылатын «Қыдыр көрген Назар» атауының негізі аңыздық желіні құрайды. Алатау аймағында кәшіп-қонып жүретін жары Назар аулының қара шаңырағының табалдырығынан иман жүзді, тахуа, дін иесіне тән киінген ақсақал аттаған деседі. Тәс түйістіріп қарсы алған, аппақ киімді, ақ сақалы тәгілген бейтаныс қонағы Жары Назардың көңіліне жылы ұшырап, оны ерекше сезімге бәлейді Әрі қарай келген қонағымен шүйіркелесе тіл табысқан Назар оның парасатты жүзінен адам танитын қасиетін аңдап, құр емес екендігін аңғарып, балаларын сынап беруді сұраған екен. Сонда қонағы: «Шотаныңның үнінде сетінемес ызғар, жүрек қозғар қаһар, ал жүзінде ақыл жимас айбат болса, жанарында сыну білмес ұшқын лапылдап тұр екен. Осының жау қайтарар батыл болар ма; - Тастемірдің жүзі қанды екен, көзі жанды екен, әсіп-әніп әрісті болар ма; - Құдайбергеннің әні ашаң, ерні жұқа, тілі сүйір екен, асылы сөзге үйір болар ма;» - деген екен. Арғы түбі ел аузындағы осы жайды Сәттіғұл ақынның «Тастемірдің Айдары, Пір тұтылып қол берді» деп ақын туындысында сөз болатын Айдар ишан атты азамат Назардың ақсақалдың Тастемір руының перзенті, ол 1848

жылы туып, 1922 жылы дүниеден өткен. Дін жолы мен адамгершілік жолын берік ұстанған. Бұқарада оқып, діни білім алған. Елге оралғаннан кейін мешіт ашып, балаларға дәріс береді. Оның қарақалпақ пірі Мәткерімге қол бергендігі де маңғыстаулықтар арасында айрықша әңгіме болып айтылады. Қол берудің мағынасы – өзінің жолын ұстауға бел буған жанның білімінің тереңдігін мәлшерлеу үшін пір келген кісіге әртүрлі сұрақтар қояды. Бұған қол беруші дұрыс жауап берген жағдайда ғана қол беру рәсімінің дегеніне жеткені, ықыластың қабыл болғаны болып табылады. Мұндай кісіге жоғары білімді, оқыту, үйрету шеберлігі жеткілікті делініп, шатырқат (диплом) беріледі. Айдар ишан Сәттіғұлмен аталас туысы болып келеді. Сәттіғұлдың жұбайлары біреуі бала үстінен, біреуі ауырып қайтыс болып, өз кіндігінен тараған он екі перзенті де бірінен соң бірі шетінеп, «қайғының күшті зарпынан кәңілі ауып түңілген» сәттерінде жанына жалау болып, жұбатып, иіні кеткен ақынның еңсесін кәтеретін жанашыр ағаларының бірі – Айдар ишан болған. Өле-өлгенше Сәттіғұл мен Айдар ишан бірін-бірі қатты сыйласып, туған бауырдай қадірлесіп өткен. Айдар ишанның Әли деген баласы өліп, үш жасар қызы Ақбибімен қалған жесірі Сәттіғұлға атастырылған. Қазір Ақбибінің өзі балалы-шағалы, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе кентінде тұрады. Балалары өздерін мақтанышпен «Сәттіғұл жыраудың жиендеріміз» деп атайды. Сәттіғұл да өзі қайтыс боларының алдында «Айдекемнің жанына жерлерсіңдер» деп арнайы өсиет етіп, аманат айтқан екен. Айдар ишан мен ақын жерленген қорымы – Кемеш ата деп аталады. Ұлты түрікмен - Кемеш әулие Айдар ишанның түсінде аян беріп, жатқан жерін нұсқағасын, басына белгі қойып, құрмет кәрсетілген екен. Қазір ауырып не болмаса қиналып, қысылған жандар тілегін айтып, басына түнейтін әулиелі қорым. Кемеш ата ауырып жаны қиналғандарға шипа берсе, Айдар ишан әмірде жолы болмай, тауы шағылған талай-талай қамкәңіл жандардың кем-кетігін толықтырып, желеп-жебеген. Сәттіғұл ақынның басына барғандар ең алдымен осы Кемеш атаның, сосын Айдар ишанның, содан кейін барып ақын аруағына тәу етеді. 1922 жылы дүниеден өткен Айдар ишанның аталары Сәттіғұл ақын жырында: Тастемір байдың кенжесі Ағеділ екен аржағы Бұ да тахуа екен шамалы, Қасиетімен бір түрлі Өлінің халін шамдады, - деп айтылғандай, Ағеділден бері тараған үрім-бұтақтарына ерекше қадір-қасиет дарыған. Ағеділ - Айдар ишанның әкесі. Тастемірді жоғарыда Қыдыр атаның «жүзі қанды екен, кәзі жанды екен» деп сынап беруінің өзі жарқыраған кәз арқылы таралатын нұр, энергия шуағымен берілген рух ұлылығын, кәріпкелдік қасиетін меңзеп тұр емес пе? Адам жүзіне қан ерекше күш-қуат пен тіршілік таралымын, даралық қасиет пен даналық келбет дарытып тұрғанын кәрсетеді. Тастемірдің кәзі мен 28

жүзіне айтылатын «қанды», «жанды» анықтауыштар оның жеке дене бітімі ғана емес, ұрпағына ұласатын қасиетін болжап берген. Айдар ишанның баласы Әбдіжаппар діни сауатты молда болып, бала оқытқан кісі. 15 жасында әкесі Айдар ишанның жаназасын шығарған екен. Бірақ қызыл империяның қылшылдаған қылышы бұл ауылды орағытып өте алмайды. Қолында кара құманы, аузында қасиетті құраны жолдас болып Әбдіжаппар Магаданға 25 жылға айдалып кете барады. Бірақ, аман-есен елге оралғаннан кейінгі айтылған әңгімесіне қарағанда аштық-жалаңаштық кәріп тарықпапты. Құдайдың құдіретімен намаз оқыр алдында дәрет алуға ниет етсе, темір тордың құлыбы әзінен-әзі ашылып, жол беріледі екен. Дәретін асықпай алып, камерасына кіріп, жайланып алып намазына кірісетін құдірет иесінің қасиетін кәзбен кәріп, тілдері байланып, бастарын шайқаған түрме қызметкерлері Әбдіжаппардың есігін құлыптамайтын болған деседі. Тағы бір кереметі, күнде таңмен ұйқыдан ояғанда төсегінің бас жағынан 18 сом ақша шығып тұрады екен. Сол ақшаның арқасында тамағы тоқ, дені сау болып, тарықпаған екен. Шындығында, ол елге Сібірде 18 жыл әмірін өткізіп барып, оралған екен. Демек, бұл сан оның айдаудағы әмірінің мерзімін де көрсеткен болып шығады. Туған атамекені Маңғыстауда 1986 жылы дүние салды. Бейіті Тұщықұдық аулының шетінде.

Сәттіғұлдың «Абдолла, Әбді хазіреттерге» айтылатын насихат толғауларындағы есімі дәріптеліп аталатын Абдолла хазірет турасында: «...Бұл әңірде тауипқты, дін жолына берілген Абдолла хазірет беделді кісі бола-тұғын. Оның әзі әке жағынан ауқатты би болса, шешесі атақты Сырым Датұлының тікелей ұрпағы еді. Мешіт ұстап, бала оқытқан, имандылық иірімі қонған, бай болмаса да білім-білігіне ел тоқтап, қатты қадір тұтатын. Абдолла хазірет – рухани биік мұраттың адамы, ол өз заманында адамгершілік, ізгілік жолына бастаған аяулы дін басыларының бірі. ...жарық сәуледей әрқайсысының кеудесіне үміт отын ұялатқан Абдолла хазіреттің іс-қызметі ел жадында қалды. Абдолла (1853-1918ж) Уфадағы атақты «Ғалия» медресесін үздік оқып бітіреді. 1913 жылға дейін 50 оқушы бітірген. Солардың бірі. Одан кейін Бұхардағы жоғары діни мектебінде үш жыл оқып елге келеді. Кәшпенділердің балаларын оқытып, діни пәндерден дәріс береді. Меккеге қажылық сапарына барып, Хиуа, Бұхар, Самарханд, Хорезмде болып, ұлы ғұлама ғалымдармен кездесіп, сұхбат құрады. Алған білімдерін сынатып, білімдерін одан әрі тереңдете түседі. Орта Азия діни бірлестігінің ғұламалары оның білімін аса жоғары бағалап, оны «Абдолла хазірет» деп атайды. Сол сапарында Хорезмдегі белгілі Шике хазірет әулеті, аса ғұлама ғалым Закиржанға соғады. Онымен әрі дос, әрі пікірлес, оны пір тұтқан еді. Закиржан хазірет оған хазірет атағын алғаны үшін ер-тұрман, бір асатаяқ беріп, басына ақ сәлде орайды» делінген. Дәлеліміз нақтырақ болу үшін келтірген әлең жолдарындағы мәліметтер Сәттіғұлдың аса зерделі, дін тарихынан, ел алдындағы сыйлы да беделді тұлғалар турасында мықты түсінігі болғандығын айғақтайды. 29

Ел аңыздарының саны жағынан аса мол болып, мазмұны алуан түрлі болатыны белгілі. Аңыздар түрлі тарихта аты белгілі кісілерге, жекелеген құрылыс, қала, қорымдарға және т. б., әлдебір ру, ата не тұтас немесе қайсыбір уақиғаларға байланысты болып келеді. Сәттіғұл ақынның «Алты Қосайға арнау сөзінде» айтылатын Есек ер басынан өткен жезтырнаққа қатысты оқиғаның аңыздық желісі баяндалады Бір бұл ғана емес, жезтырнақ туралы хикаялардың сюжетіне негіз болған оқиғалардың дені осындай. Мысалы: Мамай батырға, Төлебай батырға, Жүсіп мергеннің атасына, Өтеген батырға елсіз далада кездесіп тамақ ішіп кетіп, соңынан арам ойын іске асырмақ мақсатымен түн қараңғысында қайтып келіп, бірақ мерген, батырлардың ақылды айласы жезтырнақтың жауыз әрекетін орап кетіп, іске асырмауы, соңында жағымсыз кейіпкердің әлімімен аяқталуы барлық айтылған хикаяға ортақ сюжет екендігін дәлелдей түседі. Академик С.Қасқабасов жезтырнақ туралы хикаялардың албасты, жалғыз кәзді дәу жайындағы әңгімелерге қарағанда біршама кәркем болып келетіндігін айта келіп: «Мұнда құр адамның жезтырнақпен кездескен оқиғасы ғана айтылмайды. Оқиға әрлене баяндалады, жезтырнақ келер алдындағы адамның жай-күйі, маңайдағы табиғат, түн сипатталады, тіпті жезтырнақтың сыртқы киімі, кескіні суреттеледі. ...жезтырнақтың келер мезгілі – түн, адам әр дыбыстан сескенетін уақыт. Оның үстіне маңайда тірі жан да жоқ, айдала» деп жезтырнақ жәнінде айтылатын хикаялардағы ортақ элементтерді кәрсетеді. **Өзіндік бақылауға арналған сұрақтар:** 1. Сәттіғұлдың аса зерделі, дін тарихынан, ел алдындағы сыйлы да беделді тұлғалар турасында мықты түсінігі болғандығын айғақтайтын қандай шығармалары бар? 2. Ақынның қандай насихат-толғаулары бар? 3. С.Жанғабыловтың «Әзіреті Ғалидың құл боп сатылуы» қиссасында әмірде кездесетін оқиғалар мен адамзат күшінен тыс құбылыстар 4. Сәттіғұлдың «Әзіреті Ғалидың құл боп сатылуы» қиссасымен сюжет желісі бірдей қандай шығармалар бар? **5- тақырып Ақынның толғаулары, жоқтау, жұбатулары (1 сағат)** Жалпы, ақын шығармаларын саралағанда, жоқтау, кәңіл айту, жұбату әлеңдерінің композициялық құрылымындағы, мән-мазмұнындағы айырмашылықтар тек тақырыптық, бағыттық арнасын құрайтындығынан кәрінді. Сондықтан, олардың ара-жігіндегі ұқсастықтардың біртұтас кәрінуін негіз еткендіктен бір-бірінен бәле-жара қарастырмауды жән кәрдік. Халқына қадірлі болған белгілі тұлғалар туралы жоқтаулардың кәбін ақындар арнайы шығарған. Ардақты болған адамға арнайы шығарылған жоқтау түрлерін қазақ халық поэзиясында кәптеп кездестіруге болады. Сонымен қатар, өз алдына ерекше бір үлкен салалы топ құрайды деуге болады. Сонау 1370 жылдар мәлшерінде дүниеге келген Қыдан тайшының 30

баласы Дайырқожа әлімін жоқтауы, Асан Қайғы жырларындағы мұң-зар, шер толғаныстарында да жоқтау элементтерінің кездесуі, “Қыз Жібектегі” Тәлегеннің алты қазға қоштасу-сәлемдемесін зар, қайғы сарынымен беруі, Жібектің сүйгенінің әліміне қайғыра жоқтаулары арқылы жалпы бұл жанрдың әу бастан–ақ ауқымды, сан тақырыпты қамтитынын аңғартады. Атап айтқанда, перзенттінен, жарынан, ата-анасынан, туған-туысынан, жақын-жұрағаттарынан, ел басқарған ерлерінен, билерінен, батырларынан айырылып қайғыға беріліп, оралмасын біліп, үзілген күдер жоқтаумен берілсе, заман ағымына, әтіп бара жатқан жас кезеңдеріне, туған жерге арналған жоқтау сарынындағы жыр сағынышпен, арманмен, үмітпен берілген. Тегінде, халық руханиятының реформаторы А.Байтұрсыновтың кезінде “23 жоқтауды” құрастырып “Бұл жоқтаулардың ішінен қазіргі заманның жас тілшілері, жазушылар талай материал табар деген үмітіміз бар. Мәнісі кәбірек қазақ тарихына тиісті болса тілін үйрету, тексеру, тілінен пайдалану осы заман жастары үшін де керек жұмыс” деп жоқтау жырларына ерекше мән беріп, зерделеу бағытын ұстануының әзінде де үлкен мән бар байқалады. Ал, Х.Досмұхамедов болса адам әлімінің қасірет күйін шертетін поэзиялық шығармаларды жерлеу жырлары - жоқтау мен жылау деп жіктей келе: ”Жоқтау болса қандай да бір жеке басының немесе қоғам алдында еңбегі сіңген адам қайтыс болған кезде айтылады. Жоқтауды әдетте ақындардың бірі шығарып, онда марқұмның тіріде істеген қызмет-істері мадақталады және кәпшіліктің қайғысы бейнеленеді... Жылау кез-келген қайтыс болған адамға айтылса, ал жоқтау сирек, тек лайықты адамдарға ғана бағышталады” деп мазмұны мен мәні жағынан жоқтаудың жылаудан жоғары тұратындығын айтады. Сондай-ақ, ғалым осы еңбегінде жоқтаудың әлімнен басқа да мысалы, қадірлі адамның басына іс түсіп алыс жаққа жер аударылу, атын, бүркітін, әтіп кеткен жастық шақты, артта қалған әмірінің кәңілді шақтарын немесе жырақта жүріп туған жерін аңсаудан айтылған жырлармен де қатыстылығын айта отырып Нысанбай жыраудың Кенесары Қасымовты жоқтауын және Елеусіз ақынның бұрынғы еркін әмір туралы сағыныш-толғанысымен мысал етіп кәрсетеді. Сондай елеулі жоқтаулардың қатарына Ақан Қорамсаұлының атақты “Құлагерін” жоқтау жырын да қосуға болады. М.Әуезов «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» аталған зерттеуінде «Жоқтау» жырындағы поэтикалық кәркемдік турасында былай дейді: «Жоқтаудың образдық поэтикалық желісінде салыстырыла алынған бейнелер мен теңеулер кәп ұшырасады, әлген адамды мадақтағанда бояуы қалың эпитеттер мен метафоралар қолданылуы шарт. Ғалым нұсқаған кәркем бейнелі сөз кестелерін Сәттіғұл жырларынан кәптеп кездестіреміз. Мысалы: 1927 қайтыс болған баласы Әмірханға шығарған жоқтауындағы: «мен кәрдім кәктеп гүлдеген, бәйтеректің құрап солғанын», «ақылым айран шашылған», «қайғының бұлты торлады», «оқ 31

тиген қудай жүдедім», «мұқалды тауым шағылып», «құлады қоршау-қорғаным», «ботасы әлген түйедей, күндіз-түні зарландым», «құлады туым жығылып», «жібек баулы сұңқарым, қолымнан кетті шығынып», сондай-ақ, 1932 жылы әлген баласы Аштарханға жоқтауындағы «кәкіректе қайғы шерленді», «ауыр жүк басты денемді», «қапаландым қайғырып, қайырлатып кемемді», «базарым суып басылды», «бұл қара жер –аждаһа», «парлап жанған кімдердің, шамшырағы сәнбеді», «қайғының күшті зарпынан, ішімде жалын жанып жүр», «кәңілім қара жер болды», «сары аурудай сарғайып», «ажалдың оғы атылып, сәндірді жаққан шамымды», «кәзімнен аққан қанды жас, кем болған жоқ кәлден де», «реушені кәзімнің, парлаған сәнді, шырағым», «кәңілдің зарын кәшірдім», «парлаған жасым бұлақтай», «үстімді қайғы басқанда, кәзімнің жасын кәл қылды», «кәңілдің кірін дос ашар» деп шебер қиюласқан ауыстырулар мен салыстырулар, айшықты тенеулер адамның қайғылы кәңілін қапысыз танытатады. Сондай-ақ, халық ақындары Тұрмағанбет Ізтілеуовтің қайтыс болған баласына арнаған жоқтауларындағы «Шамдай-ақ самал тиген әштің, балам», «Сәуірдің самалындай әстің, балам», «Теңізін уайымның кештің, балам», «Арнадай ақылымды кестің, балам», «Уақытсыз әкпе-бауырымды остың, балам», Жамбыл Жабаевтың майданда мерт болған баласы Алғадайды жоқтауындағы «Темір әзек пенде жоқ, әлмес адам елде жоқ», «Кәтермей жан жалынын, кәзден жасы құйылар», Кененнің Базары мен Назарын жоқтап бебеу қаққан зарлы күйін лағын іздеген ешкімен мұңын қосуы арқылы беруі, Аралбайдың жалғыз ұлы Берекет әлгендегі «шерлі жүрек, желді әкпе», «мен еңсесі кеткен жүйрікпін», «кәз - қарашы, кәңіл - хан», «қан түкіріп, қайғырып» деген жыр жолдарынан теңеу мен эпитеттің, әсірелеу мен метафораның небір түрлері байқалады. Сәттіғұл «ботасы әлген түйедей, күндіз-түні зарланып», бауыр еті баласы әлген адам қайғысының сәзбен суреттеп болмас ауыр халін, жалпы перзент қайғысына қасірет шегу азабы тәрт түлік ішінде түйе малында ауыр әтеді. Ақынның осындай хал-күйін қазақ халқы, соның ішінде Маңғыстау әлкесінің климаттық ерекшеліктері жағдайында тіршілікке қолай кәріп ұсталатын ірі қара түйемен салыстыруы заңды да. Себебі, ботасы әлген түйе зар илеп, бебеу қаға боздағанда естіген жанның тәбе құйқасын шымырлатып, жанын қоярға жер тапқызбайды. Қазақ халқы түйе түлігінің психологиясын жақсы білетіндіктен күйігін сейілту үшін әлген ботаны терісінен сыпырып, ішіне шәп-шалам толтыра нығыздап, енесінің алдына тұлыбын қояды. Сол кезде ботасының тұлыбын иіскеген енесі кәзінен парлаған жаспен қоса емшегінен иіп ағыл-тегіл сүт жосиды. Әрістен қайтқанда алдынан тайрандап шығар ботасының серейген тас тұлыбын мекірене иіскей-иіскей ана-жүрек кәңілі жұбанып, қайғысы сейілгендей болады. Перзент қайғысының күйігін баса алмай сенделген аруана-жүректің қайғылы халі Сәттіғұл жоқтауларымен үндестікте кәрінеді. «Түйе ұстаған қазақ елінің поэзиясында нар, атан, інген, бота бейнелерінің де алатын орны үлкен... 32

Ботасынан айрылған боз інгеннің күңіреніп боздауы – қазақ поэзиясында аналық мейірім, махаббаттың символы». «Тұлыбына келіп ыңыранған ботасы әлген боз мая» тіркесі Аралбайда да кездеседі. Сәттігұл жоқтауларындағы қаралы қамыққан хал-жайын философиялық түйіндеулермен әзінің әкелік жүректің қайғы қалпын «Зейіннен пікір қашып жүргенімен» береді. Ой мен тұжырымның, сәз бен ақылдың жымдасуы - кәңілдің берекетті болуында дегенді айтқысы келеді. Демек, ақын әзінің қайғының зарпынан «ақылы айран шашылып», ойын жинақтай алмаған жағдайын беріп отыр. Бұл да перзенттерінен айырылып боздаған жаралы жүректің бір күйі – жоқтаудың адам кәңілінің түңілген тұсын көрсетудегі сәтті қиюластырылған сөздер тұтастығы, ақын шеберлігі. Арманда кеткен аяулы перзенттерінің рухына бағыштап оқылатын құранын жанына жалау, кәңіліне медеу, жүрегіне жұбаныш етеді. Жаралы кәңілінің зарларын құрай отырып, перзентін аңсаған азаға күйген кәңілі, әзегін әртеп отырған әкініші зарлы жоқтауға ұласады. Ақынның перзент қазасына қайғыру, жан азабын тартқызған күйікке толы шерлі жоқтауы ерекше қиналыспен жырланатындығын ескере отырып, осы тақырыптағы шығармаларын жанрлық кәркемдік тұрғысынан «элегиялық қайғы-мұң циклды жырлар» деп топтастыруымызға болады. Әлем әдебиетіндегі классикалық жанрлардың бірі ретінде элегия алғаш гректерде пайда болған болса, аса кәрнекті ғалым З.Қабдолов элегияны «мұң, сыр аралас назды сарынға» жатқызады. Ақын рухының биіктігі – оның шүкіршілік, қанағат етуінде. Бірінен соң бірі шетінеп кеткен он екі перзенттің артынан оқылатын құран сөздеріне тілінің жаңылмай келуін «Сәбиім, Алла аманат, етейін шүкір, қанағат» немесе «Жарылқағай бір Алла, қабыл болса, қол жайып, оқиды атаң дұғасын» деп тіл мен жақтан сүріндірмеуін тілеп, әзіне-әзі тоқтау айтып, сабырға шақырады. Ақын Жүсіптен тірі айырылып еңіреген Жақып пайғамбардың кәз жасын кәріп, тілегін берген, отыз ұлынан айырылған Дәуітке Сүлейменді берген құдіреті күшті Алла-Тағаланың рақымын күтіп, үмітін үзбейді. Әз басына түскен тауқыметті мұсылман діні шежіресінің мысалдарымен салыстыра отырып, қалай болған күнде де, Расулы Мұхамедті, Әзіреті Ғали шерді, небір пайғамбарлар мен шайхыларды, бір мың жыл әмір сүрген атамыз Сафи-Салолланы, расулы Нәбидің бауырынан әнген балаларын алған ажалдан айла таппай қашқан Қорқыт атаның да, Зұлқарнайын Ескендірдің де мәңгілік суын ізденіп, таба алмай сенделгендігін алға тартып, әң мен түстей жылдамдап өте шығар әмірдің алдамшы екендігін, ажалдың құрығынан құтылған пенде болмағандығын айтады. Ғалым С.Қасқабасов Қорқытқа байланысты әпсаналардың сюжеттік құрамы шағын, қолда бар әпсананың бәрі бір ғана сюжетке құрылғандығын айтады. Жалпы, ажалдан қашқан Қорқыттың дүниенің тәрт бұрышын кезіп жүріп, Сыр әзенінің ортасында жайылған кілемде отырғанда жылан шағуынан қайтыс болатын нұсқасы Сәттігұлдағы: Қорқыт ата қашыпты 33

Ажалға таппай бір айла Қалмаған екен қабатта Қырық жыл қашып-қыдырып, - деп сергелдеңге түскен Қорқыт қорқынышының себебін ашады. Сондай-ақ, ғалым аталмыш еңбегінде адамның ажалдан құтылудың, яғни әлмеудің амалын іздеуі туралы сюжет өте ерте заманда пайда болғандығын, осыдан 4500 жыл бұрын жазылған, әлемдегі ең кәне деп саналатын «Гильгамеш» эпосында да бұл сюжет эпикалық планда философиялық рухпен жырланғандығын, егер Гильгамеш әлімнен құтылудың жолын керемет жәрдемшінің кәмегі арқылы таппақ болса, Қорқыттың ажалдан құтылу жолын әзі – қобызбен күй тарту арқылы тапқандығын, сонымен қазақ әпсанасының кейіпкерінің Гильгамешке қарағанда, әлдеқайда жігерлі, белсенді екендігін баса кәрсетеді. Сәттіғұл осы мәңгі әлмес суды іздеген Ескендір Зұлқарнайын жайындағы әпсана-хикаяттарды негіз етіп әлмес суды тапса да, бірде кәз алдында ғайып болып кетіп, бірде қарғалар ішіп қойып, бірде ұстап тұрып аузына құйса да тамағынан өткізіп іше алмаған әлемге әмірі жүріп, атағы жер жарған патша Ескендірдің әлімге еш қайрат ете алмай, не нәрсенің де Алла тағаланың қолында екеніне мойынсұнған мысалын келтіреді.

Түменнің «Сәттіғұлды жұбатуында» «ауыр қайғы зарпынан, әлсіреп денесі егіліп, кәзінің жасы тәгіліп, күндіз-түні зарланып, бойын буған зіл-батпан, ауыр жүктің салмағынан» басын кәтере алмай күйзелген тұсында замандас, сыйлас ақыны Түмен Балтабасұлы Сәттіғұлдың жүдеген кәңілін кәтеріп, жұбату сәздермен қайғысын жеңілтуге жанына Шамғұл, Дүйсенбай, Жанжігіт жыршыларды ертіп, ақынға арнайылап келіп Сәттіғұлдың ақындық арынын, адамгершілігі мол азаматтық тұлғасын «Сен теңіздегі жайынсың, ілінбес ғұмыр қармаққа. Сәйлеуге шебер дайынсың, сыйынған асыл аруаққа. Сен бір асқар Алатау, басыңды бұлт шалмаққа. Сен бір үлкен даңғыл жол, үстінен керуен салмаққа, Сен бір мұхит тереңсің, халқың саған қарайды. Сен халқыңның керуені, әр қимылың тергеулі» деген сәздермен, айшықты теңеулермен келістіре сипаттап, халқы аузына қараған айтулы ақынның қайғыға кәңілін аулатпай, бойын тіктеп кәтеріп, еліне тірек болуын сұрайды. Сол кезде басына шалынған қара бұлтты адал кәңілмен, ақ ниетпен серпігелі, жығылып-сүрініп отырған жерінен қолтығынан демегелі келген Түмен мен оның жанындағы жыршы, ақындарға риза пейілін танытқан ақын жақсылардан жанына жайлы жақсы сәз тындап, жұбанған екен. Елдің асыл азаматтары алдына келіп, қайратына күш қосып, жігерін жанитын аталы сәздермен ақыл беріп, «үмітсіз шайтан» тілегін айтып, мұсылман шежіресі мысалдарын – Ыбырайым пайғамбардың ұлын құрбандыққа шалуға Алладан келген әмірге жүрегінің жанды жеріне тиетін ауыр болса да, мойынсұнып, ниет етуін, бірақ Алланың пайғамбар пейіліне ризашылық етіп, құрбандыққа қошқар тастап, баласын босатқандығын – Сәттіғұл басына түскен ауыртпалықты Алла сынағымен байланыстыра, шыдамдылық танытуын сұраулары, сондай-ақ, Расулы Мұхаммедтің де бұл пәниден ұлсыз өтсе де, тілегі ел үстінде болғанын мысал ете отырып, әзінің бекем болуын жақтаған

тілектеріне құлақ қояды. Ақын тіліндегі «ойпаң – тегіс», «қуаң – кәгіс», «арық – семіз», «жарық – қараңғы» антонимдік салыстырулар орынды орайластырылып, шығарма шырайын аша түскен. Бір жағынан, Түменнің кәңіл айтуы әзінің сезіміне, ішкі жан-дүниесіне дәп баса әсер еткендігін айғақтаған қуатты, нәрлі, ойлы, эстетикасы жоғары мәнді сөздер екендігін айғақтап тұрғандай. Әлімге бір аймақтың, сондай-ақ, бір елдің беделді азаматтары бас қосып келіп жұбату дәстүрі әріден бар, ендеше Маңғыстау бойы ақындарының осы дәстүрді бұзбай Сәттіғұл ақынды жұбатулары ата дәстүрдің заңды жалғасы екені анық. Сәттіғұл ақынның «Қыдырша Баспаққа жұбату сөзі», Саламатұлы Сарбасқа баласы Есенғұл қайтқанда шығарған «Кәңіл айтуы» да осы реуіштес мұнды жырлар қатарына жатады. Жұбату әлеңдері де 7-8 буынды толғау түрінде жырланады. Қыдырша Баспаққа айтқан жұбату сөзін мазмұн, құрылысына қарап үш бөлімге бөлдік. Бірінші бөлімде Сафи-Адамнан жаралғалы заманның не талайы кеткендігі, небір жақсылар мен жайсандар; тақ алған патшалар да, ту алған батырлар да, Мұхаммед пайғамбар да бұйрықты күні ақ жолға түскендігін айтып, жаугершілік заманда «азбыз» деп ықпаған Адай батырларын санамалай тізе отырып, талай жерде намысын қолдан бермей, елін, жерін жаудан қорғағандығына нақты тарихи дерек беріп шығады. Жауын қайырған аруақты ерлердің сол кездегі ерлігі білектің күші, найзаның ұшымен кәрінесе, бұл күнде тасадан тығылып тұрып атар бесатар мылтықтың бел алғандығын айтып тоқтаған кезде, шығарманың келесі бөліміндегі оқиғаның бастауына жол ашылып, айтылмақ ой түсінікті бола бастайды. Екінші бөлімде ата-ана жүрегіне қайғы байлаған оқиға себебі толық баяндалады. Қоңырат қаласынан базарлап, олжалы қайтқан керуен қайтар жолда жол тосқан қарақшылар қолына тап болып, азан-қазан, у-шумен, айла таппай сасқалақтап, алды-артына қарауға мұршалары келмей, тоз-тозы шығып, жанталас күйге түседі. Мал-мүлікті тонатып, азып-тозып біріндеп елге жеткендердің ішінде Баспақтың ұлы Шахат болмай шығады. Бұл жаманат хабарды естіген әкесі егіле еңіреп: «Балам арманда кетті, не де болса барам», - деп «барма» деген ағайын-туманың сөзіне құлақ аспай, жолға жиналады. Оған қосыла ел ішінен жүректі бес жігіт жиналып «Артықпыз ба Шахаттан? Аттанайық қалмай» деп қатерлі жолға жәнеледі. Бірақ, жау тиген жерге келгенмен не әлісін, не тірісін айғақтайтын Шахаттан бір белгі таба алмай сандалады. Перзент қайғысы жанын шыдатпай, шыбын жанын қоярға жер таба алмай шырылдаған әкенің «табылар» деген үмітпен Бескала, Шағадам, Тәшкен, Шаржау қалаларынан алты жыл бойы аты мен нарын тартынып, тынымсыз іздеумен келе жатқандығы айтылады.

Үшінші бөлімде жырдың басты тақырыбы ашылады. Талай жақсыларды аяулы жалғыз-жалқысынан айырған әлімнің әкініші әзекті әртегенмен, «Қолынан ұшқан ақ сұңқардың қайта айналып тұғырға қонбайтындығын, жақсының орны толмайтындығын» қарапайым пенделер тұрғай, Хасан мен Құсайын да Кербаланың шәлінде қалып шаһит 35

болғандығын, бұл арқылы қиындықтың игі жақсылар тегіне келуі алдағы жұмақ салтанатының есігіне жол екендігімен түсіндіреді. Шығарма қайрат-жігер берген сөздермен деп әрі қарай Баспақтың абырой, беделінің асқақтығын термелете келіп, аталы елдің ұрпағы баталы сөзге тоқтайтындығын туысқандық татауы жоқ кәңілмен жеткізеді, сабырға шақырады. Елеместі жоқтап айтқан әлеңінде ақын адам әмірінің әткелдеріне шолу жасап, әлімнің барлық тірі жанға қақ екенін айтып, дүниенің өзгермелі құбылыстарын термелейді. Дүние, дәулет құбылмалы, бірқалыпты нәрсе жоқ. Бүгін бар адам ертең жоқ болуы, жарлыға мал бітіп ел қатарына қосылуы ғажап емес деген ойды қапысыз жеткізеді. Ақын әмірдің, дүниенің әткіншілігін, құбылмалылығын, әлімнің құтқармайтындығын айта отырса да, пессимистік сарынға бой бермейді. Әдетте, мазмұны терең жоқтаулар қоғамға ерекше еңбегі сіңген адам қайтыс болған кезде айтылады. Жоқтауды кәбінесе ақындардың бірі шығарып, онда марқұмның тіріде істеген қызмет-істері мадақталады және кәпшіліктің қайғысы бейнеленеді. Жоқтау жанрын зерттеп жүрген ғалым Ж. Жақанова: «Тұңғыық ойға шому, қамығу, жабырқау хал күйлерін сипаттайтын элегиялық сарындағы лирикалық әлеңдердегі сезім сипаты да әрқилы. Мұндай кәңіл-күй ауанын тудыратын себептер кәп. Ал оның ең ауыры - әлім оқиғасы. Ол кімнің дүниеден кеткеніне, оның ақын әмірінде қаншалықты орыны болғандығына байланысты түрліше мән иеленеді Еліне елеулі тұлғалар әткенде оның ет жақын туыстары ғана емес, дүйім жұрт болып қайғыру, аза тұту – қазақ халқының табиғатына тән ежелден келе жатқан салт» деп орынды көрсетеді. Қазақ әдебиетінде жоқтау жырларының жиналу, зерттелу жайына келсек, бұл мәселе ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов еңбегінде таратылып айтылады. «Жоқтау әлеңдер де белгілі дәрежеде бұрынғы дәстүрлі қалыппен басталып, айтушысы дарынды болса, тұтас-тұтас тарихтар баяндалып, дербес кәркем шығарма дәрежесіне көтерілгеніне де мысал кәп. Жалпы, жоқтаулар сан түрлі оқиғалар мен тағдырларды мейлінше шыншыл сипаттайтын айрықша бағалы кәркем сөз мүлкі деуге болады. ...Асылы, біздің кейбір зерттеушілеріміз жоқтауларда кездесетін діни сөздерден немесе қайсібір тарихи адамдарға қарата айтылған марапат, мадақ, әсірелеулерден «сескеніп», бұл жанрдың қайталанбас ерекшелігін тереңдеп тексеруге бармай келген секілді» дейді белгілі ғалым Р. Бердібаев. Көрнекті ғалым Б. Уахатов зерттеу еңбегінде қайталаулар, трафаретке ұқсаған клишелер қазақтың тұрмыс-салт жырларында, соның ішінде жоқтау әлеңдерінде жиі кездесетіндігін, адам баласының азасын танытатын қалыптардың кәрінісі кәне замандардан сақталып келе жатқан поэтикалық әрнектер екендігін айтады.

Белгілі сөз шебері Аралбай Оңғарбекұлы (1854-1914) елу жасында жиырма бес жастағы жалғыз ұлы Берекет әліп, әзі жарымжан, аурулы ақынға 36

бұл қаза ауыр соққы боп отырғанда, «жығылғанға жұдырықтай жұмсалып» келінін тәркіндері еріксіз аулына алып кетеді. Сол тұстағы ақынның ауыр халін «Қашағанға мұңын шағуы», «Баласы Берекеттің қабірінің басында айтқаны», «Келіні Меңешке шығарып берген жоқтауы», «Келіні Меңешке айтқаны», «Еңсесі кеткен жүйрікпін», «Жатырмысың, перзентім» сияқты мұң, шер, зарлы жоқтаулары кәрсетеді. Аралбайды жұбату Қашаған Күржіманұлында да бар. Егіле шер тәккен Аралбай замандасының ауыр қайғысы жүрегін сыздатқан Қашаған ақын «тұяғы бүтін тұлпардың, қанаты бүтін сұңқардың», жоқтығын айта отырып, өз кәңілін қамалап, өзегін әртеген шерін де ағытып алады. Қайғыға шөккен шағында келген Қашаған Аралбайдың шерлі жүрегінен тәгілген мұңды сөзін тыңдап, күйзеле отырып, өзінің жұбату жырын толғайды. Одан әрі баласының әліміне қайғырған Аралбайды жұбатқанда адамзат тарихындағы, тіршілік дамуындағы дәстүрлі заңдылықты еске салып, Берекеттің о дүниеде жақсылыққа кездесуін тілеп, ұлағатты сөзімен қаралы әке кәңіліне демеу жасайды. Жан толғанысын ақын діни ұғымға негіздеп айту арқылы күйікті Аралбайдың кәңілін баласының ақыреттік қадамына жақсылық тілеуге аударады. Қайғының қапасына қамалып отырған замандасы Аралбайға басу айтады. Кәңіл айту, жұбату әлеңдерінің толғауға тән формасы, құрылысы жағынан ұқсастығын айтпағанда, бұл жырларда толғауға тән шешендікпен, тапқырлықпен қатар - түйдек-түйдегімен тәгіліп жатқан әр сөздің философиялық тұжырымы, түйіні бар. Осы ой-түйіндеулер шығарманың әр жолында тұжырымды дәлелдермен нақтыланып отырады. **Өзіндік бақылауға арналған сұрақтар:** 1. Қазақ әдебиетінде жоқтау жырлары турасында зерттеп, зерделеген ғалымдарды атаңыз 2. Сәттіғұлдың қандай және кімдерге арнаған жоқтау жырлары бар? 3. Сәттіғұлдың қандай және кімдерге арнаған кәңіл айту, жұбату жырлары бар? 4. Сәттіғұл ақынның «Қыдырша Баспаққа жұбату сөзін» бәлімдерге бәліп, талдаңыз 5. Көрнекті ғалым Б.Уахатовтың зерттеу еңбегіндегі жоқтау жырларының поэтикалық әрнектері арқылы С.Жанғабылов шығармаларына сипаттама беріңіз **6-тақырып Ақын шығармаларындағы мақтау, мадақтау, арнау әлеңдер (1 сағат)**

Сәттіғұл шығармаларындағы бір ерекшелік - мадақтау әлеңдердің молдығы. Ақынның «Халықтың ұлы Жұбаев», «Саламатұлы Сарбасқа», «Атаңа тартқан сендерсің», «Оңалбайұлы Қонарбайға», «Дәулеталы Нәрік Ақбалаұлына», «Бектеміс Қазанғап балаларына», «Есенбайұлы Ақшабайға», «Байжанұлы Асар мырзаға», «Алты арыс Қосайға арнау», «Зәкәрия, Шам, Талпақтарға арнауы», «Сәдуақасұлы Нәби мырзаға», «Майлан Аманқұл мырзаға», «Есжанұлы Қанжан мырзаға», «Алшынға», «Адайдың он жеті бай-37

мырзасына айтқаны», «Есенғалиға Сәттіғұлдың берген батасы», «Төрт Назарға арнау сөз» секілді туындылары осы сөзімізге дәлел бола алады. Бұл ретте ғалым Н.Тәреқұловтың: «Қазақ халық ақындарының мақтау әлеңдері де өзіндік көркемдікке құрылады. Бұған Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей, Сәттіғұл, Саяділ, Нұрлыбек т.б. ақын, жыршылардың маржандай тізілген көркем жырларын атаймыз» деп, Сәттіғұл ақынның мадақ жырларының қазақтың көрнекті ақындарының осы мазмұндағы туындылары санынан өзіне лайықты орын алатындығын кезінде орынды көрсеткендігін атап өтуді қажет деп білеміз. «Халық поэзиясында мақтау жырлары одалар айрықша орын алады. Әдетте жеке адамның, тұтас ру мен ұлыстың батырлығы, байлығы, даналығы, әділдігі, күш-қайраты, ерлік-қажыры және басқа қасиеттері мадақталады». Қазақ халқының тіршілігіндегі барлық құбылыс, яғни, қуаныш та, қорқыныш та (сәби дүниеге келгеннен бастап, шілдеhana, тұсау кесер, сүндет той, қыз ұзату, келін түсіру, өмірден өткенді естірту, жоқтау, жұбату) әлеңмен өрнектеліп, ұлы Абай тілімен айтқанда: «Туғанда дүние есігін ашады әлең, Әлеңмен жер қойнына кірер денең. Өмірдегі қызықтың бәрі әлеңмен» өтіп келеді. Әрине, халқымыз үлкен қуаныш, шаттығына орай той жасайды. Сан алуан себепті әр тойдың тақырыбы да сан алуан. Оларға айтылатын «Той бастар» да той мазмұнына лайықты таңдалады. Жоғарыда атап өткеніміздей, адамзаттың дүниеге келмей тұрып-ақ, ана құрсағына бітуіне дейінгі сәттерінің өзі той ырымымен басталатыны аян. Міне, қазақ халқының осы дәстүрлі әдет-ғұрыптарын халық ақындары - өздерінің тәл туындыларымен ұластыра, ұлғайта, көркемдете, әрлей түсті. Әр жылдардан бері халық әдебиетін зерттеушілер Ш.Уәлихановтың, А.Байтұрсыновтың, Х.Досмұхамедұлының, С.Сейфуллиннің, М.Әуезовтің, М.Ғабдуллиннің, Қ.Жұмалиевтің, Ә.Қоңыратбаевтың, Н.Тәреқұловтың, С.Садырбаевтың, С.Қасқабасовтың, Ш.Ыбыраевтың, Б.Абылқасымовтың, М.Тілеужановтың, Б.Уахатовтың, Т.Тебегенов және т.б. еңбектерінде тұрмыс-салттық мазмұндағы әлеңдер құрылымына қатысты ғылыми саралаулар, ой-пікірлер айтылып келеді. Тұрмыс-салт жырларының ішінде арналы, үлкен сала - барлық әлем халықтарының тұрмысы арқылы әдебиетінде де, мәдениетінде де, яғни өмір жалғастығына бастау берер отау тігіп, бас қосу салтанатына қатысты айтылатын шығармашылық туындылар (үйлену салтына қатысты) кездеседі. Сәттіғұлдың «Той бастары» - қазақ поэзиясындағы авторлық поэзияның ұлттық әдеби процесі құрайтын дәстүр жалғастығын танытатын мұра. Ақын «Той бастарымен» қазақ халқының жарасымды да салтанатты ұлттық дәстүрін, тәлім-тәрбиені бойға сіңіретін салт-санасын, ата-бабалар салған арлы әдет-ғұрпын жинақтай көрсетеді. Ақын әр сөзінен ұлағат өріп, тағлымдық бағыт ұстанған. Ақылгәйлік пен данышпандық қасиет дарыған батагәй ақсақал тілектен Абыз тұлға даралай көрінеді. Ақынның ұлттық ұстанымдарды ұрпақ санасына сіңіре, 38

жақсыны үйрендіре, жаманды жирендіре жырлауы - нағыз тәрбиеші-ұстаздың кәрнекілік құралы болып шыға келеді. Осындай ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, асыл қасиетін жоймай келе жатқан «Той бастар» - жақсы дәстүр, салтанаты мол салтымыздың, қаймағы бұзылмаған қалыпты қалпымыздың бірі. Әрине, қазіргі таңда кез-келген тойларды арнайы келген айтулы жыршылар бастап бермесе де, асабалық қызметтің ең құрметті, ең жауапты, ең сыналар сәті де осында. Той басында не айтар екен деп сілтідей тынып отырған жұртты дүр сілкіндіріп, серпілдіріп бастап кету, шеберлігін, шешендігін таныту және салтанаттың кіріспесі деуімізге негіз бар. Бұл турасында ғалымдар М.Әуезов, С.Мұқанов, Н.Тәрекұлов, М.Тілеужанов, Т.Тебегеновтер толғамды пікірлер айтқан. Мысалы, Т.Тебегенов: «Той бастар – үйлену тойының басталу кезінде жиналған халықтың қуанышты кәңілдеріне лайықты игі тілектер мазмұндалатын жыр. «...Той бастар – құда болып отырған екі жақтың ғасырларға созылған туыстығын, ұрпақтар жалғастығын бейнелі, салтанатты әлең тілімен түсіндіретін тілектестік жыры» десе, М.Тілеужанов: Той бастар әлеңінің мазмұнында той болатыны баяндалатынын айта келіп, «Той бастар» әлеңінің негізгі мәселесі – той иесінің кәңіл күйі, оның жақын жуықтары туралы, құдалары туралы» анықтама ұсынуы деп біледі. Ғалымдар тұжырымдамаларынан пайымдағанымыз шығарманың түйісетін, тоғысатын мазмұны біреу – аты айтып тұрғандай тойдың басталғанын хабарлау. Айтылатын әлең той иелері мен олардың тәңірегіне қатысты жекжат-жұрағат, тума-туыс арасында толыққанды, туысқандық жылы сезімнің орныға түсуіне қызмет етеді. Сәттіғұлдың қыз ұзату тойы салтанатына арналған тойбастарының жалпы композициялық құрылымы Қашаған, Шернияз, Ақтан, Нұрым сияқты барлық халық ақындары шығармаларындағы осы тақырыпты туындылармен ұқсас келеді. Жалпы, той бастар жырлардың басқа тұрмыс салт-жырларынан ерекшелендіріп тұратыны – екпінмен, маңайындағыларды әзіне қарата кәңілді кәтеріңкі әуенмен айтылуында. Біз бұл жерде басқа үйлену салтына қатысты шығармалардан бөліп алу мақсатын кәздеп отырмағанымызды еске саламыз. Себебі, беташар жырын тыңдаушылардың енді кімді айтар екен немесе не айтар екен деп (бір қайырып серпілтіп алатыны болмаса) басынан аяғына дейін сілтідей тынып тыңдайтыны баршаға аян. Бұл екі жырдың да қызметі бір бағытта болғанымен, тақырыбы екі түрлі екендігін айтқымыз келеді. Айталық, «Той бастар» тек қыз ұзату немесе келін түсіру тойына ғана қатысты еместілігі жоғарыда айтылып әтті, ал «Беташар» жыры жаңа түскен келінге қарата айтылатын таныстырумен қоса тәлімдік, тәрбиелік ізгі ойлар жиынтығы. Ақын жырын Аллатағалаға сыйынудан бастайды. «Бисмилләсіз» ой қозғамасын сездірген Сәттіғұлдағы жолдар Шернияз ақынның «Той бастарындағы» ойларымен үндестік табады. Жалпы, кіріспенің осы қалыппен айтылуы халық ақындары шығармаларының барлығына ортақ бастау. 39

Ата-бабадан жалғасып келе жатқан дәстүр жолының ұлылығын Мұхаммед пайғамбардың қызын алған Әзіреті Ғалилардың мәңгілікке жалғастырып кеткендігін алға тарта жырлайды. Ақын қалың мал тәлеу кәдесінің де мұсылман діні заманынан қалыптасқандығын айтып отыр. Әрі қарай, басты жыр тақырыбына ауысады: Сәтіне сәрсенбінің той жасапсың- Тойыңыз құтты болсын, қыз атасы, - деп той иесі - қыз әкесіне айтылған құттықтау тілектен тақырыптың, бағыттың реті ұзатылу тойы екендігі кәрінеді. Жырда лирикалық кейіпкер – ақын, тақырыпқа әзек болған бас кейіпкер –ұзатылар қыз. Азғана кіріспе сөз болмаса, шығармада басынан аяғына дейін қыздың алған тәлім-тәрбиесі, кәрген үлгі-әнегесі, байыпты мінезі, киген киімі мен қимыл-қозғалысы, асқан әдебі, бала шағынан-ақ алғыс алып бата жинаған аяулы жан екендігі баяндалады. Сонымен, жыр негізінен ұзатылғалы отырған қыздың қадір-қасиеті, кәркі мен адамгершілігін суреттеуге арналған. Әке ордасында бұлғандап, байлықтың арқасында еркін әскенімен, арды аттамай, әдеп сақтаған әнегелі, ажарына ақылы сай ибалы ару бейнесі жыр жолдарынан кәрініс табады. Ақын тәлім-тәрбиені жетік алғандығын айта түскісі келіп, жақсылық атаулыны үйіп-тәгіп, адамзатқа телінетін ең асыл қасиеттердің, адами абзал жаратылыстың жиынтық галереясын ұзатылып бара жатқан арудың бойына телиді. Сонымен қоса: Анаңнан үлгі кәрдің жасыңыздан «Дүние әтер-ау, -деп, - басымыздан» деген жолдардан қыз анасының еңбегі кәрініп, оның адамгершілік, адалдық, ибалылық, еңбекқорлық секілді ізгі де ізетті, саналы да сара қасиеттерді перзентінің бойына сіңіргендігі баяндалады. Жырдағы «Атаның ауыр дәулет арқасында» деген жолдары қыздың ата-тегінің бай, бар ауыл екендігін байқатса, «Текті атаның баласы, Қыдыр кәрген аржағың» деп текті, аруақты тұқымнан екенін баса айтады. Жыр соңындағы «Қатарыңнан ілгері артыла түсер салмағың» деп айтылған жолдар ақын жүрегінде барған елін де ұятқа қалдырмайтын, артына сөз келтіріп, шаң тигізбейтін беделді болатынына нық сенім бар екендігін кәрсетеді. Ақын қыздың келбетін аша түсетін айшықты сәздерді барынша мол қолданған: Сен бір гәуһар асыл тас, Бітімің бәлек қырланған. Ақ күмістей ажарың Сары алтынмен буланған. Немесе: Нұр шашып кәзде жанарың, Тұрғанда баста базарың, Кәрген адам сүйсінер Ақ бетіңнің ажарын.

Мойынына қарасам, Сабағындай алманың Бұдан басқа әлең жолдарында кездесетін «Айдынның аққуындай», «Ақ бетің шарайнаның шынысындай», «Түймедей басың сұлу домаланған», «Қаламдай қасың қара қиылықты», «Жұлдыздай таң шолпаны сорғаланған», «Жаралған нұрың кәркем атқан таңнан», «Дидарың артық екен жаққан шамнан» сынды кәріктеу мақсатындағы тіркестер тартымды қолданылған. Ақын қолданысында «Аузыңнан шыққан лебің жарасады, Мырзаның мың теңгелік жорғасындай», «Ақылың ақ дарияның ағысындай», «Аш белің ағын судың қылысындай» деген тың теңеулер де кездеседі. Қыздың үстіне киген киімінен де «Салдырдың кәйлегіне алтыннан зер», «Сылдырлап шолпыларың әң беріп-ай», «Алдырып асыл тас пен деңмент белбеу», «Өңірің алтын зермен тәгіліп-ай», «Мақпалдан бешпент кидің алтын зерлеп» тіркестерінен сән-салтанатымен қоса, ерекше жарасым, эстетикалық талап тұрғысынан шыға алатын талғам, тазалық лебі есіп тұр. Сондай-ақ, қыз үйінің кеңпейілді қонақжайлығын, мырзалығын қоса қыз ажарын кәруге, лебізін естуге ынтық жандардың кәптігін ақын: «Үйіңнен күндіз-түні ат кетпейді, Жоғарғы Тілеуқабак ұлысындай» деп кәрсету әзі тәлім алған ақындық мектеп әкілі Бала Ораз Әтебайұлының(1837-1882) той бастаған жырында «Үйіңнен күндіз-түні ат кетпейді, тұрады қаймақтанып қара қазан» деп берілген. Ақындық дәстүр жалғастығы, үлгі ұстанымы сол кездегі халық ақындары шығармаларына ортақ мақсат еді. Әлеңде тағы бір ой бас кәтереді. Қыздың ата-ана үйіндегі бұла дәурені мен келешек келіндік ғұмырын салыстыра бейнелей, жұбата отырып қоштасу сарыны бар: Сұңқардай торға түскен болдың, міне, Қауырсыны қанатыңның сәгіліп-ай. Отырсың кетейін деп атыңды ерлеп, Мақпалдан бешпент кидің алтын зерлеп, Алшаңдап асау кердей жүрген басың, Кетерсің әлдекімнің жерін жерлеп, – деген қимастық сезіммен қабаттаса, әзгенің әрісін ұлғайтып, жерін кеңейтіп, болашағында бір рулы елдің анасы болар жол тұрғанын меңзейді. Қашаған Күржіманұлы тойбастарындағы «Той – адамның қазынасы» деген сөздер, Сәттігүлда Алланың қазынасы адамға мирас болғандығы жүйелей жеткізіледі. Қашаған ақынның осы тақырыптас «Ұзатылып кетіп бара жатқан қызға берген бата» толғауында ерекше қастерлей жырлайтыны - өмірдің әр кезеңіне лайық игі инабаттылық.

Ұзатылып бара жатқан қызға қырмызыдай құбылған кәркем де кәрікті базарлы шағынан аттанып, болашағының бастауы қайын жұртына келін болып түскеннен кейінгі орындар бүкіл адамзат баласы атаулыға тән таңдаулы деген жақсы қасиеттерді атап, санамалай отыра, әрі қарай әр жас кезеңінің әзіне лайық жақсы атақ берер қылық - қасиет - қызметін атап шығады. Қырық жас пен сексен жас аралығындағы келіншектік дәурен, 41

салиқалы бәйбіше, жер таянған кейуаналық ғұмыр кезеңіндегі салтанат та, билік те, мырзалық та, соңында жасың жеткенде жылы мен жұмсаққа малданып, балаша алданып барыңа қанағат етіп, тыныштық пен мамыражай бейбітшілік тілеп, бала-шаға амандығын сұраған кейуана кейіп те бір сәтте бойжеткен кәз алдынан тізіліп әтеді. Ақын шеберлігінің құдіреті де осында. Бұл турасында белгілі әдебиет зерттеушісі ғалым Қ.Сыдықов «Алқаласа әлеумет» атты еңбекке енген ақпа-тәкпе ақындар шығармалары жинағына жазған «Жыр жүйріктері» аталатын алғы сөзінде Қашаған Күржіманұлының шығармашылығының кәркемдік қуаты, шеберлігі «...Жыраулар дәстүрімен әмірдің әр саласынан мысалдар қолданып шығарма мәнін тереңдете түсу – Қашағанның басты ерекшеліктерінің бірі» деп атап кәрсеткен болатын. Сәттіғұлдың «Той бастарының» композициялық құрылымынан оның тақырыбы, идеясы, мақсаты, қызметі сияқты функцияларын туындатуға болады. 1) Тақырыбы – той басталғандығын хабарлау; 2) Идеясы – қалыпты әмір сүру заңдылығын, ата-бабалар салған жолды насихаттау, 3) Мақсаты – той иесі мен тойға қатысушылар арасына жылы, берекелі қарым-қатынас орнату; 4) Талап-тілегі – тойға жиналғандардың белсенділігі, тойдың жақсы әтуі; 5) Түйін немесе қорытынды- Ұзатылар қызға әке тарапынан, ана тарапынан, автордың өз тарапынан бақытты ғұмыр тілеу; той салтанатына сай кәтеріңкі салыстырулар қолдану. **Өзіндік бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Ақын шығармаларындағы мадақ жырларды атаңыз 2. Қазақ әдебиетіндегі тұрмыс-салттық мазмұндағы әлеңдер құрылымына қатысты ғылыми саралаулар, пайымдаулар айтқан ғалымдарды атаңыз. 3. Ақынның «Тойбастарының» композициялық құрылымына тоқталыңыз. **7- тақырып 1869-1873 жылдардағы Маңғыстау қазақтарының Ресей отарлаушыларына қарсы кәтерілісін жырлаған «Досан батыр» жырының тарихилығы. (2 сағат)**

Қазақ халқының басынан әткен небір елеулі оқиғалар тек ғашықтық жырлар мен батырлар жырын туғызып қана қоймай, көптеген тарихи жырларды да әмірге әкелді. Мұндай туындылар әсіресе, тарихи үлкен әлшеммен қарағанда бергі кезеңдердегі, яки, XVIII – XIX ғасырларда әмір кешкен қаһармандардың ел мүддесіне әміріне сарп еткен ерлігіне арналды. Сондай елеулі шығармалардың санатында халық ақыны С.Жанғабыловтың «Досан батыр» туындысы мен бірсыпыра тарихи тақырыпқа арналған толғаулары мен дастаны бар. Тарихи жырлар туралы ұлы ғұлама М.О.Әуезов: «Патша әкіметінің соғыс отаршылығы мен қысымы, хан- сұлтандардың, болыстардың әктемдігі қазақ арасында кәтеріліс тудырып отырды. XVIII ғасырдың алғашқы жарымы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысы бойына қазақ халқы өзін езіп-қанаушыларға қарсы қару алып 42

күресті. Кәтеріліс кең сахараның әр тұсынан-ақ уақыт-уақыт бұрқ етіп жатты. Күреске шыққан халықтың осындай ерлік айбары бірқатар тарихи жырлар тудырды» [4,75 б] дейді. Тарихи жырлар - адамзат қоғамы дамуындағы белгілі бір кезеңнің әлеуметтік, саяси оқиғасының әдеби кәрінісі. Тарихи жырлардың жанрлық ерекшелігін танытатын негізгі белгісі – бұларда әмірде болған оқиғалар суреттелетіндігі десек те, тарихи жыр сол нақты оқиғалардың дәлме-дәл берілген кәрінісі емес. Тарихи жырда белгілі бір тарихи кезеңге тән және халық үшін маңызды болған саяси тартыстар нақты тарихи сюжеттер формасында бейнеленеді. Тарихи жырдың жанрлық түрін танытатын басты қасиеті осында. Ал, жалпы тарихи әлең-жырда сөз етілген мәселенің нақты тарихи сипаты болады. Тарихи жыр жанры әзінің даму жолында ауыз әдебиетінің әр алуан кәркемдік дәстүріне сүйенеді. Тарихи жырлардың суреттеу, баяндау, образ жасау тәсілдерінен ежелгі эпостың, сондай-ақ ертегілер мен тұрмыс-салт әлеңдерінің әрнек үлгілері ерекше орын алғанын кәреміз. Кәркемдік дәстүрдің осы әртүрлі әрнектері тарихи жырдың өзіндік жанрлық ерекшеліктерінің қалыптасуына, әр алуан стильдік үлгілерінің жасалуына ықпал етті. Қазақ ауыз әдебиетіндегі жырлардың тарихилығы мәселесі кәптеген зерттеушілердің назарын аударған. Бұл тұрғыда тарихи жырдың жанрлық өзгешеліктерін, әсіресе, батырлық эпостан айырмашылықтарын аңғартып, Едіге, Орақ, Ер Кәкше, Ер Қосай туралы жырларды қарастырғанда «тарихи жыр» терминін алғаш қолданған зерттеуші Шоқан Уәлиханов. Ғалым әзінің кәптеген еңбектерінде тарихи жырдың қазақ ауыз әдебиетіндегі жеке жанр екендігіне тоқталып, нақтылы мысалдармен қазақ ауыз әдебиетінде тарихи элементтің ерекше орын алатындығын дәлелдеп отырған. Сонымен, әйгілі ғалым алғаш рет қазақ жырларындағы тарихилық кәрінісін, тарихи жырлардың батырлық эпостан ерекшелігінің бар екендігін анықтап, жалпы, тарихи жырлардың әмірде болған оқиғаға нақты қатыстылығына қарай ғана туатынын, эпостарға қарағанда анағұрлым тарихи шындыққа жақындығын пайымдаған болып шығады. Шоқаннан кейін қазақ жырларында тарихи оқиғалардың кәрінісі бейнеленетінінен А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Х.Досмұхамедовтар құлағдар етті. Бұдан кейінде тарихилық мәселелері сөз болған С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е.Исмайлов, Б.Шалабаев тағы басқалардың еңбектерінде тарихи жырлардың өзге эпос түрлерінен елеулі сапалық айырмашылықтары бар фольклорлық жанр екендігі дәлелденеді. Сонымен, «тарихи жыр» терминін алғаш рет Ш.Уәлиханов қолданды десек, ал М.Әуезов оның жеке дара екенін баса айтып, былай деп жазады: «бұл жырлардың бәрі де, ерте туғандары да, кейінірек шығарылғандары да – анық тарихи оқиғаларға негізделген, ал басты-басты кейіпкерлер – тарихта болған адамдар. Жырлардың авторлары кәбінесе сол оқиғаларды кәзімен 43

кӛрген тұстастары. Авторлар кӛзімен кӛрген, ӛздері бастан кешірген оқиғаларды уақытына қарай сап-сабымен баяндайды. Тарихи жырлардың батырлық эпостан жанрлық айырмашылығы бар». Одан әрі автор тарихи жырларды туғызған дәуір, тарихи жырларды ӛзге эпос түрлерінен бӛлектеп тұратын айрықша белгілер, сонымен қатар, батырлық жыр дәстүрінің тарихи жырлардағы кӛрінісі туралы ойларын ортаға салады. Ұлы ғалымның осы ойлары болашақ зерттеулерге жол салып береді. Бұл ретте белгілі ғалымдар Р.Бердібаевтың «Қазақ эпосы» /1982/, Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ эпосы және тюркология» /1987/, К.Сейдахановтың «Күрес пен жеңіс жырлары» /1991/, Ш.Ыбыраевтың «Эпос әлемі» /1993/, Ж.Тілеповтың «Қазақ поэзиясының тарихылығы» /1994/, З.Сейітжановтың «Тарихи эпос» /1994/, Б.Ибрахимнің «Тарихи жырлар тағылымы» /1997/, т.б. еңбектерін атауға болады. Жалпы, тарихи жыр туралы аталған еңбектерден де басқа орыс, қазақ фольклористерінің құнды-құнды шығармалары кӛптеп саналады. Қазақ ауыз әдебиетінде тарихи жыр үлгілерін жинап, жарыққа шығарып, үлес қосқан ғалымдар қатарында В.Радлов, И.Березин, Р.Потанин, И.Аничков есімдері белгілі. Сондай-ақ, Р.Н.Смирнова «Проблема исторического и эпического в казахском эпосе XVIII века» /1951/ еңбектерінде және «Қазақ әдебиетінің тарихы» /1960/, «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» /1979/, атты кітаптарға енген мақаларында классикалық эпостан тарихи жырлардың айырмашылығын нақты фактілермен жан-жақты кӛрсеткен. Академик Қ.Жұмалиев «Қай елдің эпосы болсын белгілі бір тарихи оқиғаның ізін баса туатынға ұқсайды және ол бір күн, не бір жылдың ғана жемісі емес, халықтың басынан ӛткізген талай заман, талай тартыстардың нәтижесі» десе, «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» атты ұжымдық монографиялық еңбекте топтастырылған Б.Уақатов, Б.Адамбаев, Е.Тұрсынов, Н.Тӛреқұлов т.б. мақалаларында тарихи жырлардың зерттелуі, жанрлық сипаты, тегі мен дамуы, тарихи ӛлеңдердің ӛзге жанрлардан айырмашылығы туралы құнды-құнды ой қорытындылары жасалып, бұрын зерттелген тарихи жырлармен қоса, Қараекерей Қабанбай, Қанжығалы Бӛгенбай, Шақшақ Жәнібек, Олжабай батырлар туралы жырлардың қатарында «Досан батыр» жырын да талдауға орын берілген. Ғалым М.Атымов батырлардың ойы мен арманы ел мұңы, халық тағдырымен бірге болғандықтан, қазақтың батырлар жырының айтпақ болған идеясы мен мазмұнының бұзылмай сақталуы халықтың кӛкейіне қонып, оның мұң-мұқтажымен тығыз бірлікте ұштасып жатқандығында екендігін баса айта келіп, «Бұрынғы қазақтың ауыз әдебиетіндегі батырлар жырындағы кейіпкерлер кейінірек келе 18-19 ғасырларда тарихи шындықта болған Сырым, Исатай, Махамбет, Бекет, Иса мен Досан тағы басқа сол сияқты батырлар бейнесімен ауысты. Бұл батырлар бұрынғыға қарағанда шындық ӛмірге біршама жақындай түсті» дейді. 44

Сонымен, «тарихи жыр» әз бастауын нақтылы болған оқиға негізіндегі тарихи әлеңдер мен аңыз әңгімелерден алғаны белгілі. Тарихи жыр табиғатының қалыптасу заңдылығы осындай жанрлық сатылардан өтіп келді. Демек, зерттеу еңбектердегі пікірлерге сүйене отырып әдебиет зерттеушілері тарихи жырларда белгілі мөлшерде тарихи шындықтың ізі сақталатындығын жоққа шығармайды деуге болады. Сонымен, тарихи жырлар эпостық жырлардың өзге түрлеріне қарағанда жазба поэзияға жақынырақ. Тарихи жырдың негізі – тарихи оқиға. Түптеп келгенде, тарихи жырдың жарыққа шығуына себепші – ел тарихының елеулі кезеңінің оқиғасы. Тарихи жырлардың идеялық, кәркемдік жағынан жетілуіне қоғамдық әмірдің дамуы, оқиғалардың сипаты әсер етеді. ХІХ ғасырдағы халық қозғалыстары тарихи жырлардың тиісінше орын алып, көптеген жыр-дастандарға арқау болған. «ХІХ ғасырда қоғамдық құрылыспен саяси жағдай елеулі өзгерістерге ұшырады. Патша әкіметінің отарлау саясаты жүзеге асырылды, олардың жергілікті әкімдері күшейді. Еңбекші халықтың малын, жайылым, шабындық жерлерін тартып алып, алым-салықты молайтты. Осындай шектен тыс ауыр қысым кәрген халық, сонымен қоса, іргелес елдердің (Хиуа, Қоқан хандықтары) шабуылдарына ұшырады. Бұл жағдай әр жерден шаруалар көтерілісінің бұрқ ете түсуіне себеп болды...». Осындай халық көтерілісін басқарған Исатай Тайманов, Махамбет Әтемісов, Бекет Серкебаев, Досан Тәжиев, Жанқожа Нұрмұхамедов, Әтеген Әтелұлы, Саурық Стамбекұлы, Сұраншы Ақынбекұлы тәрізді даңқты батырлардың қаһармандық ерлігі, қолбасшылық рәлі жайында жыр-дастандар туды. «Тарихта аты мәлім батырлар хақындағы жырлар, Балунанияз батыр туралы, Ер Қармыс туралы Қаланияздың, Досан батыр туралы Сәттіғұлдың, Исатай, Махамбет туралы Ығылманның дастан, жырлары – бәрі де елі үшін құрбан болған ерлер ісін елеусіз қалдырмау мақсатында туған» Тарихи жырларда сөз болатын өзекті мәселе - өмірде нақтылы болған әлеуметтік, саяси оқиғалар. Тарихи жырға бергі дәуірдің оқиғалары суреттелетін. Оқиға елестері халықтың көз алдынан әлі кете қоймағандықтан, онда бейнеленген тарихи батыр аңыз қаһарманына айналып үлгірмегендіктен, оның дүниеге қалай келгені, қалай өскені, қалай үйленгені фантастикалық қалыппен әңгімеленбейді. Тарихи жырдың батырлық жырдан бір ерекшелігі – мұнда кәбінесе батырдың өмірінің кейінгі кезеңі суреттеліп, осы бағытындағы ерлік іс-әрекеттері баяндалады. Тарихи тұлға образының ерекшелігі реалистік тенденциялардан көрінеді. Сонымен, тарихи жырлардың негізгі тақырыбы – елді ішкі, сыртқы жаулардан қорғау, тәуелсіздік үшін күрес. Патша әкіметінің 1868 жылғы «Уақытша ереже» патша қысымына қарсы шыққан халық көтерілісін баяндайтын тарихи жырлардың бірі – «Досан батыр» дастаны. Осы көтеріліс турасындағы тарихи деректерге жүгінсек: «Маңғыстаудағы 1870 жылдың 45

жазындағы толқулардың негізгі себептерінің бірі патша әкіметінің жер жөніндегі саясаты, соның ішінде адайларға өз жайлауларын пайдалануға тыйым салуы болды... Реформа бойынша қазақ халқы үй басы үш сомнан салық және земстволық алымға 50 тиыннан төлеуге тиіс болған еді. Адай қазақтарынан алынатын земстволық алым үй басына бір сомға шейін көбейтілді. «Уақытша ереже» Маңғыстауда 1870 жылдан бастап қана енгізілгендігіне қарамастан, патша әкімшілігі адайлардан салық пен алымды өткен жыл үшін де жаңа мөлшерде төлеуді талап етті». «Адай қазақтарының көтерілісі әуелі адайлардың шағын тобының Рукин отрядына қарсы шығуынан басталды. Бірақ тез арада оған қатынасушылардың саны 10 мың адамға жетті, яғни Маңғыстау түбегінің барлық халқы дерлік 1868 ж. «Ереженің» енгізілуіне және патша әкімшілігінің озбырлығына қарсы шықты. Көтерілістің басты-басты жетекшілері малшы Досан Тәжиев, старшын Иса Тіленбаев, Ержан және Ермамбет Құловтар, Алғи Жалмамбетов болды. Көтерілісшілердің негізгі көпшілігі найзамен, балтамен, сойылмен, арқанмен және небары отыз мылтықпен қаруланған еңбекші мал әсірушілер, балықшы-жатақтар, батырақтар мен балықшы жұмысшылар болды». Кейін жарық көрген Қазақстан тарихының III томында да осы деректер келтіріліп, көтерілістің территориялық аумағы жөнінде : «Көтеріліс шағын сипатты болғанымен, оның географиялық шеңбері тым ауқымды болды - бүкіл дерлік Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстанның бір бөлігі қазақ шаруаларының бой көрсетулерімен қамтылып, «Уақытша ереженің» жүзеге асырылуын қиындатты» деп берілген мәлімет көтерілістің болашақта өз бағасын нақты алуға үлкен дерек көзі болары анық. «1870 жылы Маңғыстауда болған көтеріліс отаршылық езгіге қарсы, әсіресе, салықтың өсуіне және жер, әріс, қонысқа шек қоюға қарсы шыққан... стихиялық шаруалар көтерілісі болды» (Қазақ ССР тарихы. Іт. А.1975.427-бет). Осы көтерілісті сипаттайтын тарихи жырдың бірі – «Досан батыр» Маңғыстау маңында болған 1870-73 жылдардағы халық көтерілісіне байланысты туған. «Маңғыстау» энциклопедиясында да Қазақ халқының тарихындағы Сырым, Исатай-Махамбет, Кенесарыдан кейінгі үлкен бас көтерулердің қатарына жататын Иса мен Досан бастаған Маңғыстау шаруаларының патша әкіметінің отарлау саясатына қарсы күресі көтерілісі екендігі ашып көрсетілген. Бұл деректер көтерілістің шын мәнінде өзіне лайықты бағасын алуына бірден бір дәлел көзі бола алады.

1870-1873 жылдардағы патша үкіметінің отарлаушылық саясатына қарсы шыққан көтеріліс басшыларының бірі, халық батыры Досан Тәжіұлы туралы нақты тарихи деректер бар. 1935 жылы Бозашы түбегінің Жиделі деген жерінде дүниеге келіп, 11.02.1876 жылы Форт Шевченко қаласында түрмеде қайтыс болады. Сүйегін Форт Шевченкодан туған жері Бозашыға Сәттіғұл ақынның әкесі Жанғабыл бастаған бір топ ел ақсақалдары мен 46

азаматтары Қаратәбе қорымына әкеліп жерлейді. Қазіргі таңда батыр бейіті үстіне күмбез-ғимараты кәтерілген. Маңғыстау ауданының орталығы Шетпе кентінде орталық демалыс алаңының ортасында Досан батырға ескерткіш қойылған. «Досан батыр» жырының авторы Сәттіғұл Жанғабылов екендігін нақтылайтын пікірлер Қазақстан ұлттық энциклопедиясында, Қазақ әдебиеті тарихында (А., 1961, 1т, 2к), «Қазақ тарихи жырларының мәселелері», Қ.Сыдиқұлының «Ақын жыраулар», «Сарқылмас қазына» (1996) монографиялық еңбектерінде талданады. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының III томында З.Дүкенбаеваның Досан батыр туралы мәліметімен қоса, белгілі әдебиеттанушы ғалым С.Қорабаев Сәттіғұл Жанғабыловтың ел аузындағы аңыз, әңгімелерге сүйене отырып «Досан батыр» жырын шығарғаны туралы айта келіп: «Бұл шығарма халық арасына кең таралып, отарлаушылық езгіге қарсы бас кәтерудің тарихи шындығын кәрсеткен кәркем шығармаға айналған. «Досан батыр» жыры әзінің оқиға желісінің тартымдылығымен және кәркемділігімен, тарихи деректерінің нақтылығымен ерекшеленеді» деп кәрсеткен. Тарихшы ғалымдар Е.Бекмаханов пен Н.Бекмаханова да еңбектерінде Маңғыстаудағы кәтерілістің себептерін, жалпы сипатын, қамтыған территориялық кәлемін, басшыларын, жеңіліске ұшырауын, кәтерілісшілердің жазалануын тарихи нақты деректер кәзімен баяндай келіп: «...Маңғыстаудағы шаруалар кәтерілісі – отарлық езгіге қарсы шаруалар кәтерілісі болды» деп баға береді. Авторлар кәтерілістің басталу себептерін әкімет орындарының салық тәлемін әсіріп, шаруашылыққа тиімді жазғы жайылымдарының зорлықпен тартып алынуынан елдің ашу ызасы мен наразылығының әршуінен болғандығын кәрсетті. Ата-бабаларымыз арман еткен азаттықтың ақ туын аспандата кәтеру арқылы бодандықтың бұғауына бойсұнғысы келмей әбден титықтап, күш-қайраты қайтқанша арпалысып әткен аруақты батыр Досанның бейнесін Сәттіғұл ақын Досан батырдың арманы арқылы кең байтақ қазақ әлкесінің қашан да бабаларымыздың қасиетті бойтұмарындай сақталып, ұрпақтарға мұра болып беріліп, алып елдің басты қазынасы ретінде асыл игілігі екендігін жеткізген. Батырдың бабаларымыз заманында білектің күшімен, найзаның ұшымен жанұшыра қорғап, ұлтарактай жерді де жат қолына беріп, жау табанына таптаған қасиетін сақтаушы образымен сомдаған. Осы тұста Ы.Шәреков сомдаған Исатайдай басшыға қосшы болып, ақтық демі біткенше азаттық армандап әткен Махамбеттің, Базар Оңдасұлы жырлаған 1860 жылғы патша әкіметіне қарсы бас кәтеруге басшылық еткен, айдынынан айырылса да айбыны жығылмаған Сыздық тәренің, Сәттіғұлдың ел тарихын беретін ерлік дастанын тудырған Досан батыр тұлғаларында бір-бірінен айырғысыз ұқсастықтар барлығы айқын.

Сыздық сұлтан 1860 жылы Ұзынағаш маңында орыс генералы Колпаковскиймен соғысып, жеңіліс тауып, тобы тоз-тоз болып ыдырап, күйзеліске түсе бастағанда, бауырлары Ахмет пен Тайшық сұлтандар орыс жағына берілгенде, Сыздық тәре жаны күйзеле тұрып: «Ата-бабамыздың 47

ұстаған жолын тастап орыс жағына шықпаймын, олар Қоқанды алса, Бұхарға барамын. Егер Бұхарды да алса, онда басқа да мемлекеттер бар ғой, кез-келген бір мұсылман еліне барармын. Қалайда ата-баба жолынан ауытқымаймын» дейді. Осыған ұқсас жайт сенімді серіктерінің кәбінен айырылып, сергелдең күйге түскен кезең Досанның басынан да әтеді. Ол жанындағы серігі Исаның ояздан кешірім алып, елге оралу туралы ұсынысынан бас тартатын сәтіндегі екі батырдың сөздерінен ерекше рухани жақындық, батырлардың бойына қанымен келіп, жанымен кететін, алған бетінен, кездеген мақсатынан тегеуірінді жолмен бұрылмай жүру салтын ұстанған қайтпас қайсарлық қасиеттерін бойларына тұтасымен сыйдырған әр тұлғаларында айрықша байланыс пен ерен ерліктің үлгісін кәреміз. Ақын жырлауындағы Досанның сол ұлы бабалар қанымен келген қалыбында Жерім –Отаным деген ұраны болып, Жерден айрылса Отаннан айрылатынын, Отаннан айрылса барлығынан қол кәтеріп шығатынын ұлылықпен ұғынғандығын шебер бейнелеген. Сол ұлылық қасиет келешек бүгінгі ұрпаққа ұласатындығына ақын сенімді болған. Бәрінен бұрын бұған тарихта осындай ерлік жасап, атына шаң жуытпай өткен қаһарман ер Досан сенімді болған. Оның шығармашылық жолымен таныс адамдардың барлығына да Ресей отаршылдарына қарсы азаттық күресте қол бастап, жау қайтарған халық батырының ерлік әмірі мен әкінішті әлімін жыр етіп, «Досан батыр» атты кәлемді дастан шығарып, қалың елге таратқан Сәттіғұлдың тегін әнер иесі емес екендігі белгілі. Академик С.Қирабаев қазақ халқының ел бірлігі мен тәуелсіздігі жолындағы күресінде сандаған ақылгәй даналар мен ержүрек батырлар қазақ қоғамы дамуының барлық кезеңінде де кәп шыққандығына мысал келтіре отырып, Досан батыр бастаған кәтерілісті де атап өтеді. Профессор Е.Ысмайловтың: «Тарихи оқиға, тарихи батыр әмірі неғұрлым оның ізі суымаған бертіндегі дәуірде өтетін болса, оны жырлаушы ақын анығына әбден қанатын болса, соғұрлым ол шығармада эпостық жырдың элементі аз болады, соғұрлым реализм элементі басым, айқын беріледі» деген пікірінің «Досан батыр» жырына қатысты біраз тұстарын аңғарамыз. Бұған қоса, тек шығарма мазмұны ғана емес, Досан батыр бейнесінің берілуінде де соншалықты ертегілік сипат байқалмайды. Демек, А.Шәріптің: «...жыраулық поэзиядағы батыр – эпостағыдай «отқа салса – жанбайтын, суға салса батпайтын», «атса – мылтықтың оғы өтпейтін, шапса – қылыштың жүзі кеспейтін» кейіпкер емес, кәдуілгі жұмыр басты, екі аяқты, кеудесінде шыбын жаны бар пенде» деген пікірінің осы орайда айтылғаны анық. Сонымен, «Досан батыр» дастанында әмірде орын алған оқиғалар желісі онша кәп өзгеріссіз сипатталғанын кәреміз. Осы жырдың тарихилығына аз-кем тоқталып өткен ғалым А.Бүркітбаева да ақынның батыр бейнесін сомдауда сараңдық танытқандығын айтады 48

Тифлис қаласынан орыс тілінде шығып тұратын Ресей патша үкіметінің Кавказдағы тау халықтарына, Маңғыстаулықтарға, түрікмендерге өз саясатын насихаттау мақсатындағы «Кавказ таулықтары жөніндегі жинақ» (Сборник сведений о кавказских горцах) деп аталатын арнайы басылымында кавказдықтар мен адай, түрікмендердің әдет-салты, әлеуметтік өмірі туралы бірқатар мәліметтер берілген. Бірақ, барлық материалдарды да патша өкіметінің отарлаушылық саясаты тұрғысынан жариялайды. Жинақтың 1873 жылғы VII басылымында Адайлар туралы бірқатар деректер жарық көрген. Екінші бөлімінде түрікмен ақсақалы Мұхаммед-Сафа атынан 1870 жылғы Маңғыстау көтерілісін әшкерелейтін өлең береді. «Тентек болма, сен Рукин мен Маяевты өлтірдің, Маңғыстауды тастап көшеміз дегенді қой, орысқа бағын, оның күші көп, ешқайда кете алмайсың» дейтін насихат айтады. Ал, үшінші бөлімінде Шелекен аралында тұратын түрікмен Нұри ақынның орысшаға аударылған, 1870 жылы шығарылған өлеңін жариялаған. Онда да «Қазақтар орыстардың үйін өртеп, ошағын қиратыпты дегенді естіп таңғалдым. Түрік сұлтаны, ағылшын, француздар орыстарды жеңе алмаған. Отыз жыл соғысып Шамил де тұтқын болып тынған. Ал қазақтардың мұндай іске жүрегі тұрып жүргенін қара! Патша үкіметі сені тоз-тоз қылады, сораңды қайнатады, асыл заттарыңды, бар байлығыңды тартып алып, әйеліңді күң, балаларыңды құл қылады, ұлдарыңды солдатқа алады» деп үрей туғызады. Төртінші бөлімде орыстардың көптігі мен күштілігін мадақтайды. Архив материалдарын ұзақ уақыт зерттей жүріп, аталмыш көтеріліс туралы алғашқы толымды еңбек берген кәрнекті ғалым М.Тұрсынованың көтерілісшілер, оның басшылары жайында жазғаны белгілі. Сондай-ақ, қолға түскен Досан мен оның жолдастарына мемлекетке аса қауіпті қылмыскер ретінде қатаң режиммен қарап, оларды жеке, салқын әрі сызды қараңғы камераларда аш-жалаңаш, төсенішсіз ұстағандығы М.Тұрсынованың, Ә.Спановтың, С.Әділхановтың еңбектерінде нақты тарихи дерек көздерімен дәлелді жазылған еді. М.Тұрсынованың: «Не выдержав тяжелых условий заключения в начале 1879 г. мучительной смертью умерли Кумысбек Мультубаев, сам Досан и его брат Джаманбала. Во врачебном заключении было написано, что они умерли «божьей волей от водянки»» деген деректеріне қоса, маңғыстаулық журналист С.Әділханов: «Мұндағы әскери лазаретте жатқан Досан Тәжиев 1876 жылы 11 февраль күні сағат алтыда құдай тағаланың жіберген сусақ ауруынан өлді» (ЦГА КССР, ф.85, оп 1, д.84) деген архив материалдарына жүгінеді. Осы жайтты журналистер Ә.Спанов пен Ж.Нұрмаханова да еңбектеріне сөз етеді. Сәттігүл өз аузымен айтатын естеліктерінде дастанды әр жерде қысқаша толғап жүріп, 1939 жылы дастан дәрежесіне жеткіздім делінеді. Демек, бұл дастанның негізі XIX ғасырлардың аяқ жағында-ақ, яғни, 1892\95 жылдар шамасында-ақ Иса-Досан бастаған халық көтерілісі оқиғасына қатысты туындының ақын аузымен жырға айналып айтыла бастағанын аңғартады. 49

Ақынның әкесі Досан батырмен өте жақсы таныс болғандығы, оны қатты құрметтеп, қадірлеп, аузынан тастамай отырғандығы : «Тәжіұлы Досан батыр мен Тіленбайұлы Иса, Шабайұлы Сүгірлер 1870-1873 жылдары патшаға қарсы халық қозғалысын бастаушы қаһармандар еді. Досан ереуілі менің туып-әскен жерім Маңғыстауда болды. Оқиға мен тумастан үш-ақ жыл бұрын болған. Досан батыр әлгеннен кейін батырдың сүйегін Досан ереуіліне қатысқан әкем Жанғабыл жерлесті. Зират Маңғыстауда Қаратәбе дейтін жерде. Досан туралы әкем талай айтқан. Ол кәтеріліс жайын жақсы білемін», - деген сәздері нақты дәлелді айғақтап алдымызға тартады. Белгілі әдебиет зерттеушісі, ғалым Б.Шалабаев 1948 жылы «Қазақ әдебиеті тарихының» I-томында Сәттіғұлдың «Досан батыр» дастанының қысқаша мазмұнын баяндап өтіп, жырға арқау болған тарихи оқиға себебін, қақтығыстар болып өткен территорияларды нақты фактілермен ұштастыра дәлелдеп, жекелеген басты кейіпкерлерін де әмірдегі прототиптерімен салыстыра мінездеме беріп, жалпылама ғылыми талдау жасап шыққан. Бірақ ғалымның қандай мәліметке сүйенгені белгісіз: «Осы кәтерілісті сипаттайтын тарихи жырдың бірі – «Досан батыр». Бұл жырды 1939 жылы ел аузынан жазып алған Маңғыстауда тұратын халық ақыны Жанғабылов Сәттіғұл» деп жыр авторы туралы теріс түсінік беріп өткен. Сондай-ақ, осы ғылыми зерттеу еңбегіндегі: «...Бұл қасиет Досанды көпшілікке аса сүйкімді адам еткенге ұқсайды. Сондықтан да халық Досанға ескерткіш ретінде осы дастанды шығарды» деген жолдар да ғалымның қолында жырдың шынайы авторы Сәттіғұл Жанғабылов екендігін растайтын нақты дерек болмағандығын айқындай түседі. Кейін 1977 жылы жарық көрген М.Турсынованың «Казахи Мангышлака во второй половине XIX века» атты монографиялық еңбегінде: «Вести о мужестве Досана из каземата доходили до народа. Поэт Саттыгул, воспевший восстание 1870 г., считает его первым руководителем движения...» деуі Сәттіғұл ақынның аталмыш кәтерілістің басшысы Досан деп тануын ғана емес, сол кәтеріліс туралы дүниеге келген «Досан батыр» жырының авторы Сәттіғұл екендігіне де ақынмен тікелей араласы жоқ ғалымдар қауымының да тануының белгісі деп қабылдауға болады. Сондай-ақ, 1979 жылы жарық көрген «Ақын-жыраулар» атты ақын-жыраулардың әмірбаяндық мәліметтері мен библиографиялық деректері берілген жинақта да ақынның Маңғыстаудағы Досан Тәжиев бастаған халық кәтерілісін «Досан батыр» дастанында суреттеп, қазақ әдебиетіне қосқан үлесін айқындап көрсеткен. Шындығында, Маңғыстау әлкесінің ақын шығармаларын қадірлеп, құрметтейтін еңбектеген баласынан, еңкейген кәрісіне дейін талассыз, дау-дамайсыз «Досан батыр» дастанын Сәттіғұл Жанғабылов мұрасы деп біледі. Себебі, жастайынан ақын шығармаларын тыңдап әскен, жаттап әскен әскелең әрендер бүгінгі күнде «кәрі құлақ, кәне кәз» аталатын қариялар қатарына еніп, өткен күндер өрнегінде із қалдырып, сыр шертетін шежірелер шындығымен дәлелдей алады. 50

Ақын мұрасына жанашырлық танытушы С.Мұқанов, Ә.Сәрсенбаев, Х.Ерғалиев, Ә.Кекілбаев, Қ.Сыдиықов, Ж.Тілепов, Ж. Жылқышиев, С.Нұржанов, А. Бектұрғанов, М.Әбдіхалықов, М.Атым, Б.Қорқытов, А.Әбдіров, Т.Малаев, С.Хайдаров, Ш.Әленов, Т.Шайкәзов, О.Бәлдеков, О.Ізбасаров, У.Қайралапов, Ә.Алшынбаев, Е.Оразақов, Т.Медетбеков, Д.Хасанов, М.Бимағанбетов, Ә.Қонарбаев, Қ.Досболов сынды жазушы-ақын, журналистер ақын мерейтойлары қарсаңында мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалары, зерттеулері кейбір әлендерінің шығу тарихы туралы мәліметтері мен естеліктері осының бұлтартпас айғағы. Бұл турасында Сәттіғұл шығармаларына ғылыми тұрғыда зерттеулер жүргізіп, жекелеген шығармаларына талдаулар жасаған белгілі ғалым Қ.Сыдиықұлы ақынның барлық шығармалары толығымен енгізілген «Аманат» атты жинағына жазған «Халық жыршысы» атты алғысөзінде « «Досан батыр» Сәттіғұлдың әзі шығарған тәл шығармасы. Сәттіғұлдан бұрын ел аузында Қазақстанның батыс аймағында ондай шығарма болмағандығын бүгінгі кәзі тірі ақын, жыршылар, бүкіл ел растайды және ақынның 1952 жылы қаңтардың 20 жұлдызында Қазақстан Жазушылар Одағына жазған хаты дәлелдейді. Хатта былай делінген: «1948 жылы шығарылған «Қазақ әдебиеті тарихы» кітабында менің бұл шығармамды «1939 жылы ел аузынан жазып алған Жанғабылов Сәттіғұл» деп теріс айтылғанына, өз шығармамды бәттеннің сәзі дегеніне ренжіп, қынжыламын. Досан батыр туралы жыр ешкімнен жазылып алынған емес, 1939 жылы әзім шығардым... » дейді. Сонымен, ғалымдар, зерттеушілердің дәлелді пікірлері осы тарихи оқиға кезеңінде азаттықты арман еткен айтулы ерлерді ел үшін бес қаруын сайланып атқа қондырған ерліктерімен қоса жекелеген нақты фактілер Сәттіғұлдың жанынан шығарып жырлауымен «Досан батыр» атты тарихи жыр болып жеткендігіне кәзімізді жеткізеді.

Осы оқиғаның қазақ тарихындағы орнын, оның Сәттіғұл Жанғабылұлы шығармашылығында берілуі жәнінде белгілі ғалым, әдебиет зерттеушісі Ж.Тілепов: «Тарихта Досан Тәжұлы мен Иса Тіленбайұлы бастаған қарулы кәтеріліс – шын мәнісінде тек Маңғыстау әлкесін мекендегендердің ғана патшалық режимге қарсы бас кәтеруі емес, бұл сонымен қатар, бүкіл қазақ қауымының Ресей империясының отарлаушылық тойымсыз ындынына қарсы қарсы тоқтарыс беруді мақсат еткен ең ірі де, ең ақырғы айқасы болатын. Әйткені, мұнан кейін Ресей патшалығының отарлық құрығына амалсыздан мойынсұнған бүкіл қазақ ұлысында бұдан әрмен қарай ел болып кәтеріліп, зеңбіректі әскермен айқасардай қайрат қалмаған еді. Олай болса бір жарым ғасыр бойы жартылай тәуелсіз –бодан болып әмір кешіп келген елдің сол күйінен айырылып қалмауды мұрас біліп, тұяқ серпер ақырғы айқасының бүкіл ұлт тарихында ерекше орны болуы заңды. Оның осындай тарихи мәні мен маңызын бүгінгі күннің зерделі қауымы ғана емес, отаршылдықтың ойранды мінезін Шортанбай мен Дулат сынды замандастарымен жарыса жырлаған Мұрат Мәңкеұлы өткен ғасырда-ақ айтудай-ақ айтып кеткен-ді. Ақын Маңғыстау қазақтарының кәтерілісі жеңілгеннен кейін, Қазақстанды

былай қойғанда, бүкіл Орта Азияны толықтай бұғалықтауға жол ашылғанын шерлене жыр еткен болатын. Осы сезім-түйсіктің лебі Сәттіғұл Жанғабылұлы туындысында да анық байқалатын» -деп, баса кәрсеткен болатын. Белгілі журналист С.Әділханов осы кәтеріліс туралы оқиға барысын, ондағы кейіпкерлер туралы деректерді Сәттіғұл ақынның аталмыш дастанын мысалға келтіре отырып, жекелеген жолдарын дәйекті мысалдармен салыстыра дәлел етеді. Белгілі жазушы Ә.Кекілбаевтың «Ұйқыдағы арудың оянуы» атты кітабында да кәтеріліс оқиғасының себептерін, шындығын ғылыми-зерттеу еңбектерден осы мазмұндас деректер келтірілген. Маңғыстау тарихы, қазба байлығы, әдеби, мәдени мұралары туралы жан-жақты жинақтап жазған Шалабаев С, Әмірбаев Е, Сыдиқов Қ сынды ғалымдардың «Маңғыстау» кітабында да шаруалар кәтерілістерінің бір кәрінісі – Досан батыр бастаған бұрқаныстар болғандығы, жергілікті патша әкімдері Маңғыстау қазақтарының бұрын-соң үрдіс қысымға кезікпеген, дала дәстүрінен өзге заңға мойынсұнбаған рухани ерекшелігін ескермей, 1868 жылғы «Уақытша ережені» Маңғыстау еліне баса кәктей енгізіп, күш кәрсеткендіктері, 1869 жылы Маңғыстау приставы болып тағайындалған полковник Рукин әзіне деген патша үкіметі сенімін ақтау үшін 1869-1870 жылдардың салығын біржола жинамақ болғандығын, қолында екі жылға салық тәленгендігі туралы анықтамасы жоқтарды жайлауға жібермеуге шешкендігін, бірақ, кез-келген түтіннің салық тәлеуге жағдайы келе бермейтіндігімен санаспағандығы жазылған [53,66-69б]. «Түбек еліне хабар лезде тарап, бұқара бұрқанды. Халық толқыды. Елдің алды ата қонысын тастап, Хорезм жеріне кәшті. Ер-азамат атқа қонды. Бозашыдағы балықшылар мен батырақтарды бастап Досан Тәжиев, Қаратау мен Ақтау шауаларын бастап Иса Тіленбаев кәтеріліске шықты. Алғи Жолмағанбетов пен Тілеуберген Орақов, Шүрен Иманов пен Дихан Әтеповтер дабыл қағып, түбектің жарлы-жақыбайларын салық тәлемеуге, бас кәтеруге үндеді». Тегінде, дәстүрлі эпостардай емес, тарихи жырдардың кәбінесе авторы белгілі болады. Кейде ақын, жыраулар сол оқиғаға тікелей әздері қатысқан болып та шығады. Мәселен: Жанқожа батыр туралы туындыны сол оқиғаға қатысқан Мұсабай жырау, Аманкелді жайлы дастанды Аманкелді батырдың сарбазы Омар Шипин, «Әли батыр» дастанын Жетісудағы халық кәтерілісінің үгітші жауынгері Кенен ақын жырлағандығы белгілі. Осы тұрғыда ғалымдардың тұжырымына сүйене отырып, «Досан батыр» жыры мен батырлық жырлардың арасындағы ортақ белгілер мен айырмашылықтарды санамалап, айырып кәрсетуді жән санадық. 1. Айырмашылықтар: а). Батырлар жырында батырлардың дүниеге келуі, ер жетуі ерекше баяндалады, ал Досан батыр жырында ол туралы мүлдем сәз болмайды; ә). Батырлар жырында кейіпкерлер жер қайыса қаптаған қалың жауға жалғыз шауып, ойсырата жеңіп қайтады, ал Досан жаумен бастап барған жасағымен қосыла шайқасады. Бірақ, батырдың кейбір сәттерінде жүрексіне қозғалатын

серіктерінің рухын кәтере қалың әскерге атойлап барып қойып кететін тұстары ерекше шабытпен баяндалады. б). Батырлар жырының кейіпкерлері ерекше қасиет дарыған жандар болса, Досан батырдың жеңілуі, жаралануы, қолға түсуі, қаза табуы элементтері тарихи жыр ерекшелігін даралап тұрады. Бұл орайда академик Қ.Жұмалиевтің: «...Эпостық жырлардың қаһармандары – атса оқ әтпейтін, шапса қылыш әтпейтін, суға салса батпайтын, отқа салса күймейтін қасиеттері бар және Баба түкті Шашты Әзиз, Қырық Шілтен тәрізді бағып жүрген иелері бар адамдар болып суреттелсе, тарихи жырлардың қаһармандары олардай емес ержүректі, күшқайраты мол, оқ әтіп қылыш кесетін жай адамдар»[64, 72б] деп кәрсеткен пікірінің осы айырмашылықты шебер үйлестіретінін кәрсеткіміз келеді. в). Батырлар жырында әйел образының тұрақты кәрініс беруі – Досан батырдың жанындағы жорықтас серіктерімен алмастырыла берілуі; г). Эпизодтар, оқиға, сюжеттер қат-қабат келетіндіктен, жыр циклдары кәп батырлар жырына қарағанда, ондай ерекшеліктер тарихи жырларда аз, шағын кәлемде жырланады. ғ). Батырлар жырындағы кейіпкерлердің астына мінген тұлпарлардың қиын-қыстау кездерде тіл бітіп, кәмекке келуі, ақыл қосуы кәрінсе, Досан батыр жырының тарихи шындықпен қабысатындығы – ол мінген арғымақтың жүйріктігі мен тәзімділігі әйгілі, қанша асыл тұқымды болса да сәйлей алмауы; д). Жоғарыда аталып отырған екі кәлемді саланың ара-жігін ажыратудың бір ұшы тілінде екенін ғалым Қ.Жұмалиевтің: «Батырлар жырына тән ескі психологиялық параллелизм, шендестіру кәбіне әсерлеу, кейіптеулердің ескі түрлері десек, олармен салыстырғанда, тарихи поэмалардағы қолданылатын кәркем сәздер де жоғарыда аталған поэтикалық тілдер мейлінше аз, кәпшілігінде психологиялық параллелизм жоқ» [64, 221 б] деп айтқан пікірін жыр жолдарын салыстыруда басшылыққа алғанымызды ескерткіміз келеді. е). Дәстүрлі эпостардай емес, «Досан батырдың» авторы белгілі. Оған қоса автор әмірбаянының осы оқиға тәңірегіне тікелей қатыстылығын жоғарыда айтып әттік. е). Батырлар жырындағыдай Досан батыр жыры кәп нұсқалы емес. Тіпті, Сәттіғұл ақынның кей тұстарда кәлемін ұзарта жырлаған түрлерінде де, түпнұсқаларында да айырмашылық байқамадық. Ортақ белгілер: а) Батырлар жырындағыдай Досан батыр жырында да бүкіл оқиға бас кейіпкер тәңірегінде әтеді. ә) Батырлар жырындағыдай Досан батыр жыры да бірнеше оқиғадан тұрады және бұлайша сипатталу жырдың кәркемдігін күшейтумен қоса, батыр тұлғасын айқындауға, даралауға қызмет етіп отырады. б) Екі жырда да батырлар мінген арғымақтарының қасиеттерін сипаттауда едәуір ортақ ұқсастықтар бар.

в) Батырлар жыры мен Досан батыр жырының айырмашылығының бірі тілінде екенін кәрсете отырсақ та, Досан батыр жырында кездесетін аттардың

шабысын, ыза-кек бойын кернеген батырдың жауар бұлттай түнерген бейнесін, жекелеген қимыл-қозғалысын сипаттауда ақынның әсерлеу мен шендестіру, кейіптеу, салыстыруды мол қолданғанын ескеріп, ортақ белгілер қатарында атауды жән деп таптық. Сонымен, кейбір жекелеген ортақ белгілеріне қарап отырып, «Досан батыр» жырының эпостық жыр желісімен сабақтастығын жоққа шығара алмаймыз. Себебі, атап кәрсетілген айырмашылықтар жырдың нақты тарихи жыр тұрғысынан қарап бағалауымызға дәлел береді. Сонымен бірге, «Досан батыр» жыры – белгілі мәлшерде батырлар жырымен рухтас бола алады Қысқасы, С.Жанғабылов бұл туындысын 1917 жылға дейін үзінді түрінде айтып келіп, 1939 жылы дастан дәрежесіне жеткізген. Осы жырдың Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қорында сақтаулы 3 түрлі нұсқасы бар. 3) Оның бірін 1939 жылы латын әрпімен жаздырып Сәттіғұл ақынның өзі тапсырған. 4) Екіншісін 1941 ж. Қ.Нұрғазиев деген адам тапсырады, 5) ал үшіншісін 1947ж. Жанжігіт Қосназаровтың айтуынан кәшіріп алып И.Ұйықбаев жолдаған. Осыларды салыстыра қарап шыққанымызда соңғы екеуі Сәттіғұл ақын шығарған жырдың кәшірмесі болып шықты. Сәттіғұл Жанғабыловтың 1952 ж. қайта жырлаған нұсқасы 1967 жылы баспадан шыққан «Тоқсан толғау» жинағына 400 жол көлемімен жарияланған. 6) Досан батыр турасындағы тағы бір жырды Қазақ ССР Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және Әнер институтының текстология қолжазба бәліміне 1957 ж. Батыс Қазақстан экспедициясы кезінде сол әңірдегі халық мұрасын жинаушы Битілеуов Нұрбаулы ақсақал тапсырған.(241-папка, 3 -дәптер). 7) Сондай-ақ, Досан батыр атына қатысты және бір дерек Академияның Орталық ғылыми кітапханасы қорынан кездеседі. Бірақ бұл жыр емес, тек Досанның әмір тарихы туралы қысқаша мәлімет. Оны Маңғыстау әлкесінен Зердебай Бекарыстанов деген жинаушы Құдайберген Жалмағанбетұлының айтуынан жазып алып, жолдаған. 241-папка, 3-дәптер сыртында «Иса- Досан поэмасы. Батыс Қазақстан экспедициясы, 1957ж. (қолжазба), 1-10б. №1310» деп жазылған. Бәгембай, Қабанбай, Жәнібек, Елшібек, Әтеген, Сырым, Бекет, Исатай-Махамбет, Есет, Жанқожа, Сұраншы, Бекболат, Аманкелді, Әли батырлар туралы жазылған кәптеген тарихи жырларға қарағанда Досан батыр туралы жыр аз зерттелген. «Досан батыр» туралы зерттеу аздаған әзгеріс, толықтырулармен «Қазақ әдебиеті тарихының» 1960 ж. 1- кітабында қайта жарияланды. Сонымен, Маңғыстау аймағында болған 1870-73 жылдардағы халық кәтерілісіне байланысты оқиға негізінде туған «Досан батырдың» алты жыр түріндегі нұсқасы мен бір Досан Тәжиевтің әмір тарихына қатысты қысқаша мәлімет айқындалды. Демек, бұл деректер халық ақыны Сәттіғұл Жанғабыловтың «Досан батыр» дастанының әзінің тәл шығармасы екендігіне кәз жеткізеді.

Өзіндік бақылауға арналған сұрақтар: 54

1. Тарихи жырдың жанрлық түрін танытатын басты қасиеті қандай? 2. Қазақ әдебиетінде «тарихи жыр» терминін алғаш қолданған қай ғалым? 3. Қазақ әдебиетіндегі жырлардың тарихилығы турасында ой-пікірлер айтқан зерттеушілер 4. «Досан батыр» жырының тақырыбы 5. «Досан батыр» жырының зерттелуі 6. «Досан батыр» жыры мен батырлық жырлардың арасындағы ортақ белгілер мен айырмашылықтарға сипаттама беріңіз **8-тақырып «Досан батыр» жырының кәркемдік ерекшелігі (1 сағат)**

Жырда кәне эпикалық жырларға тән суреттеу үлгілері, қалыпты формаға негізделген халық ауыз әдебиетінің белгілері едәуір кең кәлемде кездесіп отырады. «Жыршы болмысты, батырдың әмірін суреттегенде, оны белгілі бір схемаға, қалыпқа салады, сәйтіп кейіпкер бейнесін идеалды типтік сипатқа түсіреді, оның ешбір даралық қасиетін қалдырмайды, бейнеленіп отырған қоғамның түсінігіне, тыңдаушы түсінігіне сәйкес дәріптеп, мадақтайды. Сол дәуірдің эстетикалық нормасына сәйкес кәркемдеу құралдары мен тәсілдері де жасалынып орнығады. Айтушы мен тыңдаушы баяндалып отырған оқиғалар мен батырлардың іс-әрекетін ашық және тура бағалайтындығына сай кәркемдеп - бейнелеу құралдары пайда болады. Сәйтіп, қай батырды болмасын, қай сұлу қызды болмасын бейнелейтін, «универсалды» эпитеттер, теңеулер, формулалық сипаттаулар пайда болады. Егер кейіпкер батыр болса, ол «арыстандай айбатты», «жолбарыстай қайратты» болады, «сағат сайын әседі», «алты күнде жүреді», «алты жылда алып батыр болады», т.т.» Жырда батыр образы сомдалуына қызмет ететін ерекшелікті ашып кәрсеткен ғалымның: «Тарихи жырлардағы образ жасаудағы енді бір ерекшелік, жыршы ақындар батыр образын қаһармандардың өз сөзімен жасайды» деген пікірі Досан батырдың Исамен қоштасу сәтіне сай келеді. Бір жағынан бұл батырдың артындағы қара орман халқына берген антын жұтпаған бір сөзді, тұрақты тұлғасын даралай жасауға да қызмет атқарып тұр. Жолдастары отрядтың қарасын кәріп, жүрексініп артқа шегінгенде, Досан батырдың намыс буып: «Уәдем бар айтқан- деп, мың да болса қайтпан» деп жалғыз бәлінуімен қоса батырдың ағасы Ожар арқылы жолдайтын сәлемі ішкі толғанысы монолог түрінде айтылады. Жыр соңында Досан ұсталып, абақтыға түсіп, азаптың небір түрін кәріп барып қайтыс болғандығын баяндай отырып айтылатын батырдың әкініші мен арманын, орнын азалау сарыны да образ жасауды толықтыруға қызмет етіп тұр. Досанның мақсатын жеткізу үшін өз аузымен жыр жолдарында айтылатын: «Кем болған жоқ атағым, Қарсының ұлы Тарғыннан» деуімен қоса оның батырлығы, қайсарлығы, жүректілігімен қатар тұтасқан тұлғасын танытуда жыр жолдарындағы бейнесінің кәркемдігін арттыра түседі. 55

Бірақ, жырда батырлар жыры және көптеген тарихи жырлардағы секілді («Әтеген батыр», «Олжабай батыр», «Қабанбай батыр» т.б.) қаһарманның сыр келбетін, портретін беретін, дене мүшесіне ерекше ажар беру сипаты тәрізді ерекшеліктер кеңінен таратылып көрсетілмеген. Досанның қарсыластары да осал адамдар емес. Ақын жырда тәжірибелі, айлалы да әккі, әскери соғыс тактикасын шебер меңгерген орыс армиясының офицерлері полковник Рукин, генерал Ломакин, Аничкин және соғысу әдісімен сауаттандырылған, соңғы техникалық қарулармен жабдықталған әскер күшіне азғана топпен тайсалмай қарсы шығуға да жүрек жұтқан батырлық керек екендігін көрсете, басты кейіпкер бейнесін даралай түседі. Ақын батырдың не себептен атқа қонғандығын аңғарту үшін оқиғаның тарихилығын «...Сол күндердің бірінде, Халыққа жазған «кәнсін» деп, Қатынас қағаз келеді, Патшаның мәрі басылған» деп, «Уақытша ереженің» Маңғыстау әлкесіне ене бастаған мерзімі де көрсетіледі. Патша үкіметі тарапынан тапсырылып отырған ереже талаптарымен келіспейтін батыр қарсылығы «Қорлығына кәнбен деп, Кеженей салық бермен деп» деген жолдармен берілген. Елдің Иса мен Досан тәңірегіне жиналуы да олардың халық алдындағы абырой-беделінің артықтығын меңзейді. Жырда Досан батырдың қол жинап күреске шығуы, жеке басының ерліктері көтеріңкі пафоста жырланады. Батырдың қайсар мінезі мен қаһарлы әрекеттерінің көрінісі ретінде адалдық пен намысшылдық, алған бетінен, айтқан сөзінен қайтпайтын табандылық көрсетіледі. Осы арқылы қаһарманның сырт келбетін барынша ажарландыра түскен. Шығарма сюжетінде орын алатын белгілі бір оқиға немесе қимыл-қозғалыстар толғау түрінде ұзағынан орын алып отырады. Жыр жолдарына көрік беріп тұрған теңеулер, әсіресе, Досанның күштілігі мен жүректілігін бұрынғы өткен ерлерге теңеп көрсету жыр бойында молынан ұшырасады. Ұрыс үстінде батырдың ашулы тұлғасы түрлі салыстырулармен берілуі – ежелгі эпостарға тән белгілердің жемісі екендігі айқын көрінеді. Ақынның жырдағы әжеттік, жүректілік, ептілік, т.б. қасиеттерін айрықша көрсетуде, ежелгі эпостарға тән көркемдік белгілерді қолданғаны анық. Эпостық жырды жырлау кезінде ақын-жыраулар қалыптастырған екі батырдың кезекпен сөз алынуы аталған жырда да кездесіп отырады. Иса мен Досанның екі айырылатын тұсын автор «Сонда Досан сәйледі», «Тұлпарын «шуу» деп тебінді», «Бір күні келіп сәйледі, Сәйлегенде бүйдеді» - деп қолданылатын тұрақты формулалық тіркестермен берген. Сондай-ақ, Досан батырдың айбатын суреттейтін «Қойға шапқан бәрідей», «Күйіне түскен қырандай», «Тұлпар мініп қарғыған», «Бір әзінің қайратын мың кісіге балаған» деген сияқты тіркестерді Досан бейнесін қалыптастыруда еркін қолданады. Мұндай еркіндік эпостық жырларды жырлау бұрыннан қалыпты дәстүрден ауытқымағандығын байқатады. Сондай-ақ, әрбір ой ағымының түйіндеулерінде бір сөздің бірнеше мәрте қайталанып отырғандығын көреміз. Ақынның осы кезекті қайталау 56

(эпифора) үлгісімен шығарма шырайын аша түсуге жұмыстанғаны байқалады. Айшықтаудың бір түрі – дамыту, градация- алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды, құбылысты асыра, асқақтата түсу екендігі белгілі. Дастанда эпикалық құлашта туған градацияның үлгілері кездеседі. Бұл ерекшеліктер Шақшақ Жәнібек, Олжабай батыр, Сырым батыр, Өтеген батырлар туралы туындылармен салыстыруда айқын аңғарылады: Осы екпіндеткен, әсерлі шумақты мысалдардың қай-қайсысы да жырға қуаты күшті эмоциялы реңк береді. Міне, осындай дамытудың ғажап үлгілері жыр жолдарында молынан ұшырасады. Мұндағы ат шабысы, батырдың жанындағы серіктерімен қоса жауға шапқан соғыс қимылы, Досан батырдың ашу-ызасы – бұлардың барлығы да градацияға мысал бола алады. «Жарағын асынып, жауға аттанған батыр туралы сөз толғағанда, оның астындағы атын ауызға алмай өту мүмкін емес. «Ат – түріктің қанаты» деген қағида есте жоқ ескі замандардан бері құлаққа құйылып келеді. Сақ-ғұн дәуірінің қорған-қорымдарынан иесімен бірге жерленген жылқы сүйектерінің табылуы халық санасындағы мұндай таным-түсініктің кәнелілігін кәрсетеді. Алтай түркілерінің ескі эпостарында батырдың тұлпары жал-құйрығы қылыштанып, оның әзімен бірге жаумен майдандасып жүреді. Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының Тайбурылы, Манастың Аққұласына да айрықша кие, кепиет сіңірілгені әркімге аян» Жыр жолдарынан эпикалық жырлардағы жүйрік тұлпарларға тән қасиеттер байқалады. Осы тұрғыдан түрік-монғол эпостарындағы батыр мен оның тұлпары образы туралы арнайы зерттеу еңбек жазған ғалым Р.С.Липецтің мына пікіріне тоқталып өткен орынды деп білеміз: «Эпический конь – это крылья батыра, по образному определению, известному много столетий назад. Конь в эпосе или действительно крылат, или обладает способностью летать над землей, хотя крыльев у него нет, или шагат по облакам. Для него характерен бег-полет» Сондай-ақ, Досан батыр мен жанындағы серіктерінің астына мінген тұлпарларының шапқан шабысын беретін жыр жолдарындағы салыстырулар ғалым еңбегіндегі: «Ветер бьет в лицо всадника, потрясается вся природа. Конь обгоняет куланов и птиц. Он не знает усталости, он совершает гигантские прыжки, то летит над вершинами гор, залетает на небо, прилепившись к нему звездой Чолпон. Описания бега коня по эмоциональности и экспрессии не уступают восхвалению возлюбленной в восточном эпосе» деген пікірмен орайласады. «Батырдың жорық серігі – сенімді жүйрік ат болуы эпикалық поэзияға хас сипаттың бірі. Сол дәстүрлі тарихи аңыздар негізінде жасалған «кенже эпостан» да кәреміз, - дейді Р.Бердібаев, - «Абылай хан» жырында оның мінген аты Нарқызыл делінеді. Сондай-ақ, Қабанбайдың Қубас аты, Бәгембайдың Ақкекілі, Олжабайдың Тайкәгі, Исатайдың Ақтабаны, 57

Дәулетбайдың Керторысы, Бұқар жыраудың Бәртесі, Жасыбайдың Қоянкәгі, Өтекенің Кәкторғайы әрі дүлділ, әрі есті жануар болып сипатталады» Автор басты кейіпкер бейнесін жандандыра түсу мақсатын кәздегендігі – гиперболизмді қолдануынан кәрінеді. Оны оқиғаға қатысты пайдаланып, образды айбындандырып қолданады. Досан қимылын асыра суреттеуімен батырларды рухын, қайрат-жігерін кәрсетеді. Үшауыз жерінде Реукен отрядының кәптігінен қауіптенген жолдастарының әрекеті батырға үлкен сын болады. Сонда аруақты батыр жігерін жанып, борап тұрған оққа қарсы шауып, серіктеріне күш беріп. сексен солдатты жайпап салады. Батырлардың мұндай іс-әрекетін М.Ғабдуллин мен Т.Сыдықов Қобыланды ерлігіне байланыстыра отырып, «Қобыландының осыншалық ерлік жасауы, жасанған жауды жапыра қыруы – бұл бір адам арқылы берілген халық күшінің сипаты болмақ», - деп түсіндіреді. Ақын шығармада батыр тұлғасын соғыс, қимыл, намыс үстінде айқындай түседі. Әсіресе: «Иіріліп жатқан әскердің, жарып әтіп ортасын» қаймықпастан ұрыс салған, «бес қаруын сайланған» жүректі батыр «кескір қылыш, кәк найзамен» жауының есін шығара ойран салғаны жыр жолдары динамикалы, екпінді кәсіледі. Жырдағы жекелеген жер атаулары да түсінік бере кетуді керек етеді. Әлең жолдарындағы «Әзіреттің Алатауы» белгілі жер, мекен, тұрақ мағынасын береді. Бұл турасында зерттеуші С.Қондыбай әзінің тарихи-географиялық, мәдени-танымдық мәселелерді сөз еткен «Арғықазақ мифологиясы» атты еңбегінде: «Әзіреттің Алатауы – Қашағанда да, Түменде де, Сәттіғұлда да, жалпы қазақ ақындарының әлеңдерінде де жиі қолданылатын киелі топонимдердің бірі, ол «Ғазіреті Ғали тауы», «Әзіреті Әли тауы» деп те айтыла береді, Қашағанда «Әзіреттің ойы» деген атау да бар. Осы атаулардың бастапқыда Әзірет сұлтанға, Әзірет Әліге қатысы болмағаны анық, бірақ бастапқы «Ала тау» ұғымының осындай киелілік мәртебесіне кәтеріліп, мұсылман қазақ үшін аса қадірлі тұлға - Әлінің, сондай-ақ, Қожа Ахмет Иассауидің (Әзірет сұлтанның) аттарымен астасып кетуіне қарап, ерте замандарда да киелілік ореолына ие болғандығын тұспалдауға болады. Ала тау – киелі таудың атауы, оны және Алатаудың ойын (Әзіреттің Алатауы мен Әзіреттің ойын) типологиялық тұрғыда 8 ғасырдағы кәктүркілік «Ыдық Йер-Суб», «Ыдук баш», «Ыдук Әтүкен йыш», «Кәгмен йер-суб», сондай-ақ, мұсылман дәуіріндегі «Қап тауы», «Қойқап» ұғымдарымен сәйкес екендігін кәруге болады. Бұған таңданатын ештеңе жоқ, әйткені 8 ғасырдың кәктүркілерінің «қасиетті тау», «қасиетті тау шыңы», «қасиетті жер-су» түсініктері мен 19 ғасырдағы қазақтың Әзіреттің Алатауы мен Әзіреттің ойына қатысты түсініктерінің астарында ежелгі ортақ археотиптік түсінік, схема жатыр», [16, б] - деп, ақын, жыраулар шығармаларында қолданған атаулар туралы түсінік беріп әтеді. Дегенмен, мұнда ақын Адай руы қасиетті мекеннен (Әзіреттің Алатауы) безіп, қасіретті мекенді (Маңғыстау) белгі етті деген ойды айтпаған. Себебі, 58

жырда «бірнеше жылдай мекендеп, талабын Тәңір әрлеткен» елдің тарихында айтулы батырлар, азулы билер мен тәскейде малы мыңғырып, дәулеті шалқып, сақилық пен байлықтан алдына жан салмаған, жетімнің, жетпестің жоғын қамдаған Сарбас, Есіркеп, Қоштай, Бақажандай байлар мақтан ете тізіледі. Сәттіғұлдың кезінде Асанқайғы «бұл қайырсыз қоныс» деп ілгері жүріп кетуін аңыздық, тарихи дерек кәздеріне сүйене сөз етуін кәрсетеді. Жыр жолдарындағы «Алты жұрттың артында жатқан іргелі халық» түрікмен елі. Ұзақ уақыттар бойы жер дауы маңғыстаулық қазақтар мен түрікмен халықтары арасында қанды шайқастар мен қырғын соғыстарға алып келгендігі тарихи деректерден белгілі. Бұл тақырып халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың да тарихи романдарына арқау болып тартылған. Сонымен, «Досан батыр» жырының кәркемдік сипаты шығарманың тұтас кәркемдік табиғатын ашып тұр деуімізге болады. Ақынның «Досан батыр» жырының ән бойынан табиғи талант, дарындылығымен қоса, туған ортаның тарихын, ел ішінің өткен–кеткенін, дәстүр мен әдет-салтын мейлінше жетік білетіні аңғарылады. Осы білімділік, осы нақтылық ақынды кәздеген мақсат биігіне тура бастап, алып шығады. «Досан батыр» дастаны Сәттіғұл шығармаларының биік шыңы, әрі тек бір шектеулі территориялық тұтастықта емес, бүкіл қазақ жұртының бірлікті елдігін, азаматтарының бір үнділігін танытатын ақынның сәтті туындысы деуге әбден болады. Демек, «Досан батыр» жырының нақты әмір шындығымен толық сәйкесетіндігін, дегенмен кейбір оқиға тұстарына қатысты: «...тарихи жырларды тарихи шындықтың қаз қалпында кәшірмесі деп қарауға болмайды. Жырға арқау болған оқиға фольклорлық дәстүрге, автордың дүниетанымына бейімделіп өзгеріске түскен» деген ғалым С.Сәкеновтің тұжырымының жіті пайыммен айтылғанын қуаттаймыз. Қысқасы, ақынның кәтеріліс оқиғасын жетік біліп оны дастанда шынайы қалпында бейнелеп бере алғаны кәрінді. Бұл тұрғыдан алғанда «Досан батыр» дастанындағы кейбір мәліметтерді белгілі бір дәрежеде тарихи құжат орнына қолдануға да болатындай. **Өзіндік бақылауға арналған сұрақтар:** 1. Жыр жолдарынан эпикалық жырлардағы жүйрік тұлпарларға тән қасиеттер қандай байқалады? 2. Түрік-монғол эпостарындағы батыр мен оның тұлпары образы туралы арнайы зерттеу еңбек жазған ғалым 3. Батырлардың іс-әрекетін ғалымдар М.Ғабдуллин мен Т.Сыдықов Қобыланды ерлігіне байланыстыра отырып, қалай түсіндіреді? 4. Иса мен Досанның екі айырылатын тұсын автор қандай тұрақты формулалық тіркестермен берген? 5. Жыр жолдарында қандай жер, мекен атаулары кездеседі? **9- тақырып Ақынның тарихи тақырыпқа жазылған дастандары, жыр-толғаулары (1 сағат) 59**

Сәттіғұлдың «Ол ит жылы деген жыл еді» атты дастаны да тарихи тақырыпқа жазылған. Бұл дастан турасында белгілі әдебиет зерттеушісі, ғалым Қ.Сыдықов: «Сәттіғұлдың тарихи жыр-дастандары қатарына «Ол ит жылы деген жыл еді» жырын да жатқызу орынды. Қыр елінің жазда қуаңшылықта, қыста сұрапыл боранға ұшырап, тігерге тұяқ қалмай, күнелтіс малынан айырылып, аштыққа ұшырауы ақынды терең тебіреніске түсіреді. 1910 жылғы мұндай табиғат сұрапылы, ел тағдыры талқыға түскен ауыр жылдар алапаты туралы Қашаған да, Аралбай да, Сәттіғұл да толғанған. Жоқшылық пен жүдеушілік меңдеткен қайғылы жылға арналған үш ақынның үш шығармасы да бір-бірімен сарындас. Сұрапылға кезіккен қыр реңі, ел жағдайы, адам кейпі әрқайсысында да әрі шынайы, әрі жан тебіренерлік қайғылы да әсерлі суреттелген. Бұл жырлардың өзегінде «мастық пен паңдық, менмендік пен тәкаппарлық, озбырлық пен жауыздық жол алған ел кесепатқа кезігеді, толғандар тасып тәгіледі, қымбаттардың бәсі кемиді, бірақ халық құрып кетпейді, инабаттылық орнаса ел еңсесін кәтереді» деген ұлағатты ойлар жатыр» дейді. Ғалымның бұл ойын Сәттіғұл жырындағы: Сорпаны тәгіп, ақты ішпей Тамағы шай мен қант болды. Шайдан басқаны ішпеді, Бәдіғат күнә істеді Тәкаппарлар да кәп еді – Алланың берген дәулетін Кәтере алмай іскені... ..Жауыз бен пасық кәбейіп Бір Алланың қатері Қаперіне түспеді. деген жолдар нақтылай түседі. Дәл осы ойлар Дулат Бабатайұлында (1802-1871) : Самауыр мен шай шықты Сауып ішер сүті жоқ, Ақша деген мал шықты,- деп, заман құбылыстарының өзгеруін осы тұрмыстық қолданысқа енген жаңалықтарды жатырқай қарап, жер-су, жайлау-қыстаудан айырылумен қоса, ежелден келе жатқан салт-дәстүрімізге де қол сұғып, талан-таражға сала ма деген қауіп-қорқынышы арқылы жеткізеді. Бұл Дулаттың қазақ даласында хандық дәуірі жойылып, патша үкіметінің отарлау саясаты кеңінен әріс алып, «Жаңа Низам» бойынша ел басқару тәртібінің күш алған тұсындағы толғанысты жырлары еді. Екі кезеңде ғұмыр кешкен екі ақынның жырларындағы үндестік сыры, байланыс желісі – заманындағы келеңсіздіктер себебін жекелеген жат кәріністерге күдіктене қарап, түңілген түрмен үн қатуынан кәрінеді. 60

Сәттіғұл ел жайын баян ететін осындай шерге толы толғауында ырыздық, несібенің тартылып, халықтың әл-қуаты кетіп, дәулеті кеміп, қайғы шегіп бұзылуының негізі ар-иманды ақшамен әлшеген арамтамақтардың арсыздығында екеніне ақын жаны күйеді. Заманның азған кейпі, ынтымақ-бірліктің жойыла бастауы осындайлардың қырсығынан дегенді айтады. Немесе: Бұл заман азбай не қылсын – Мұсылман оқу азайып, Қоралап берген баладан Орыстың толды школы- деп имандылықты ұмытқан, дінді жоғалтқан ұлттың құрып кету алдындағы бейшара қалыпқа түсе бастағанын аңғартады. Жырда Дулат, Шортанбай, Мұрат торыға толғаған «зар замандық» әуен бар. Осы жолдар тұтасымен дастан тақырыбының ашылуына әкеледі.

«Бағыланның етін жеп, қымыздан басқаны татпаған» сылқым мырзалардың ішерге кәже таппай қалғандығы, «күмістен мұра соқтырып, сары алтынмен әңдеткен» байлардың шалқыған дәулетінен айырылғандығы, «қазы-қарта, жал-жая, сары май, сүрінен, сары қымыз, ақ шұбат ашытып құйған күбіден» бәйбішелердің қайғыға шәккендігі, «сары алтынға малынып, зер мен қамқа салдырып, қымбат тон киген» кермеқас кербездердің бастарының даң болғандығы, жиын мен тойдан мән кеткенін, салтанат, тәрбие, жарастықтан сән кеткенін арманмен, әкінішпен жеткізеді. Ақын дастанның әр жерінде-ақ аза бастаған халықтың жаза басуы алланың қаһары ұшырататындығын жиі еске салып отырады. Пиғылы азып Алланың тура жолынан адасқан жұрттың әр кезеңдерде қырғынға ұшырап отырғандығы, мысалы, Жәһил қауымы мен Лұт қауымының жоқ болып, Нұхы қауымының тәрк болуын «дәреже сүйтіп кеміген, болды ма деп қауіп етіп, кәреміз бұзық ниеттен» деген ой тастайды. Тәңірінің қаһарланса он сегіз мың мақұлықты тарының қауызына сыйдырар күдіретін айтып, ал кеңшілік етсе дариядай ақтаратындығына кәз жеткізе жырлайды. Дастанның идеясында адамзат баласына имандылық иірімі мұсылман дінінің тазалығымен келетіндігін баса айту бар. Осы адами абзал қасиеттер арқылы ғана елде берекет, бірлік «қой үстіне бозторғай жұмыртқалар» тыныш заман орнайтындығын меңзейді. Шындығында, дастан идеясындағы дінді насихаттау сарыны, мұсылман дінін оқытудың орнына ақынның «Қоралап берген баладан, Орыстың толды школы» деген қынжылысы– кеңестік дәуірдегі саяси тапсырмамен корректорлар қаламының қысқартуына ұшырап, 388 жолдан тұратын кәлемді туындының шолтиып, күзеліп бас-аяғы 16 жолдық әлеңге айнала қалуының басты «айыбы» да осында. Ақын шығармаларында береке, бірлік, бақ, байлық ұғымдарының қанағат атты үлкен адами сезімнің сенімді болуынан тұрақтайтынын айтқысы келетін ізгі ойлар жатыр. Оның кейінгі әлке байлығы – мұнай кәздерінің ашылып, халық игілігіне айналғандығын шалқыта жырға қосқан шығармаларынан да осы жалғастық қапысыз аңғарылып отырды. Шындығында, сан жылдарға сарқылмас байлық бұлағын сақтау үшін алдымен қанағат керек. 61

Сәттіғұлдың аталмыш туындысы «Ит жылы еді» деген атпен әлең болып 1957 жылы шыққан «Ой толғау» жинағына ықшамдалып, «тазартылып», «әңделіп» 16 жол кәлеміне түсіріліп енгізілген. Әрине, кеңестік дәуірде жыр толық жарық кәре алмағанмен, сол кезеңде ақын мұраларын баспа бетіне жариялатушылар үшін аз дүние, аз талпыныс емес еді. Бірақ, кейіннен ақын мұраларын жинақтап және жүйелеп құрастырып, жанашырлық кәрсеткен Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе кентінің тұрғыны әлкетанушы, шежіреші Жетібай Жылқышиев пен белгілі ғалым, әдебиет зерттеушісі Қабиболла Сыдиқовтың алғы сәз жазып, қамқорлық танытқан еңбектерінің арқасында 1996 жылы Алматы қаласы, «Ер-Дәулет» баспасынан жарық кәрген «Аманат» жинағында «Ол ит жылы деген жыл еді» деген атпен 388 жолдан тұратын толық нұсқасы жарияланды. Аралбай Оңғарбекұлының «Жұт жылы» деген әлең-дастанында да халықтың биік мерейі мен меймандостығының, қайырымдылығының бейнесі жұт жылынан кейінгі сұрапылға ұшырап сұрқы қашқан жадау кәрініспен алмаса кетеді. Аралбайдың «Жұт жылы» жыры туралы Қ.Сыдиқов: «Ақын суреттеуінде жұт – аштық, ажал, барлық сән-салтанатты тәркі етер сұмдық трагедия»– дей келіп, халық халіне қабырғасы қайыса толғаған ақын елдің қайғы-қасіретке ұшырауына менмендік пен тәкаппарлық, мастық пен паңдық сияқты адамгершілікке жатпайтын кесапатты қылықтар себеп болғандығын ескертіп отырғандығын айтады. Сәттіғұл жырында да Аралбай ақындағы қалып, ой қатар түзілген. Бұл әңірді қоныс етіп жерленгелі 200 жылдай уақыт ішінде халық тұрмысы түзеліп, байлыққа кенеліп, қолы жомарт, қайырымды бай, мырзалардың жарасыммен берекелі де бейбіт дәулет кешкенінің бәрі бір күндегідей болмай тәрк етіліп, ауылда мал қалмай, адамдардың аштықта қалғаны салыстырмалы тізбектеле суреттелген. Аралбай, Қашаған, Сәттіғұлдардың Мұраттағы : Халқымның салтанаты еске түссе, Жүрегім әртенеді оттай жанып, - деген бейбіт дәуірдің, тоқ кәңілдің салтанатын аңсаған арманды жырларын еске түсіреді. 1916 жылғы ұлт-азаттық кәтеріліс қазақ халқының саяси-әлеуметтік және рухани әмірінде аса зор оқиға болғандығы тарихымыздан белгілі. Осы кезеңнің аласапыран кәріністері тарих беттерінде былай жазылды: «...Оның Қазақстан мен Орта Азияда кең қанат жайып етек алуына патша әкіметінің сол жылғы 18 бен 31 жас аралығындағы жігіттерді майданның қара жұмысына алу туралы 25 маусымдағы жарлығы түрткі болды» Сол кезеңнің құбылыстары, халық басына қайғы әкелген қоғамдық қозғалыстар әрине, ақындар шығармашылығынан кәрініс тауып отыратыны белгілі. 1916 жылғы кәтеріліске байланысты туған халық поэзиясын зерттеп, арнайы ғылыми зерделенген еңбектер қатарын толықтыратын С.Сейфуллин, Е.Ысмайлов, Б.Кенжебаев, К.Шәменов, Х.Ишанов, М.Жармұхамедұлы сияқты қаламгерлерді атап өткен орынды. 62

Осы кезең оқиғасы негізінен халық ақындары, ақын-жыраулар шығармаларында кәрініс тапқандығы туралы ғалымдар зерттеулерінде айтылып келді. Осы орайда ғалым Б.Кенжебаев: «XX ғасыр басындағы әдебиетіндегі ұлт-азаттық кәтерілісі туралы әлең, жырлар, тағы басқа кәркем шығармалар – бәрі де ауыз әдебиет нұсқалары» дей келіп, негізінен осы қозғалыс турасындағы әлең-жырларды ел ішінде жыршы, жырау, әлеңші атанған аузының ебі бар шығармашылық иелері шығарғандығын айтады. Ғалым М. Жармұхамедов: «1916 жылғы кәтеріліске байланысты туған поэзия әзінің құрылысы мен мазмұны, жанрлық белгілері жағынан дәстүрлі ауыз әдебиетіне жатады. Сол себепті бұл жырлардың басым көпшілігі суырып салма үлгісінде туып таралған», - деп кәрсете келіп, халық басына түскен ауыр қайғының куәсі ретінде кәрініс берген сан салалы жыр, дастандарды тудырушылар негізінен халық ақындары болғандықтан, ауыз әдебиетіне тән кәркемдік сипаттардың мол болуының бір ұшығы осында жатыр деген ой айтады. 1916 жыл оқиғасы қазақ халқын үлкен әбігерге салып, дүрбелең белең алған ауыр кезең болғаны белгілі. Патша үкіметінің қорлығы мен зорлығы бастан асып, ерлердің қолына қару алдырды. Халық арасынан шыққан батырлар поэзияда жағымды кейіпкерлер бейнесімен ұласты. Осы қозғалыс жайында жырлаған ақындардың көпшілігі сол оқиғаға қатысушылар немесе жақсы хабардар болып, шет-жағасын кәзбен кәрушілер. Себебі, көп шығармалардың сол оқиға ізі суымай тұрып жазылғандығы белгілі. Сондай-ақ, 1916 жыл әлеңдері, естеліктер, тарихи құжаттар дер кезінде жинақталып, жеке кітап болып басылып, жарыққа шығып отырды. Дегенмен, қазақ сахарасын шарпыған ұлт-азаттық соғысы туралы бұрыннан белгілі деректерге қоса тоталитарлық жүйеге тыйым салып келген құжаттар мен материалдар енгізіліп, қазақ зиялыларының көзқарасы мен іс-әрекеттерінің арасындағы қайшылықтар, патша әкіметінің жазалау саясатының ұлтты жойып жіберуге бағытталғандығын растайтын деректер жинақталған 1998 жылы жарық көрген «Қаһарлы 1916 жыл. Грозный 1916-й год» кітабы қазақ халқының әртүрлі топтарының ұлттық мүдде негізінде ұлт-азаттық майдан ашқанын бірден-бір тарихи шындық негізінде ашып көрсеткен құнды шығарма болды. Е.Ысмайлов «Жамбыл және халық ақындары» еңбегінде: «Омар Шипин – 1916 жылғы қанды қырғын кәтеріліс, жан ашыр адамдардың соғыста оққа ұшып әлуі, сол қанды күндегі ыза-кек ең алғаш әлең жыр болып сыртқа шықты дейді». 1916 жылғы қазақтан солдат алу дүрбелеңі Нарманбет поэзиясына елеулі әсер еткен оқиға болғандығын Б.Әбдіғазиев: «Осы тұста жазылған, бастан-аяқ кестелі тілмен тәгіле әрілген «Сарыарқа сайран жерім-ай!» әлеңі Нарманбет шеберлігінің биікте жатқандығын аңғартады. Әлеңде 1916 жылғы дүрбелеңнің шынайы суреті бар».

Әрине, Қазақстан жерінде 1916 жылғы кәтеріліс стихиялы түрде әткені тарихи құжаттармен дәлелденгені белгілі. XVIII- XIX ғасырларда болып 63

Әткен азаттық үшін қозғалыстар қан тәгіспен, жеңіліспен аяқталса да, халықтың, халқының қамын жеген батырлардың тәуелсіздік таңы аттарына үміті үзілмеген еді. Демек, 1916 жылғы кәтеріліс ашу-ызаға булыққан халықтың тәуелсіздік үшін сан жығылып, сан тұрған жаралы жолбарыстай ақырғы күші қалғанша арпалысып әтетін күресінің жалғасы деуге болады. Сәттіғұл кәтерілістің себептерін, ел ішіндегі сергелден мен әуресарсан дүрбелеңін, бас кәтерген батырлардың әрекетін – ақиқат шежіре етіп әлеңге түсірген. Ақын қысқа әлеңге терең мағына сыйғызған. Ақын патша үкіметінің қарулы әскери күшіне тайталаса алар амал жоқтығын білген елдің бас кәтерер азаматтарының ауыр қасіреттен құтылар жол іздеп, басы қатқанын кәрсетеді. Сол бір қым-қуыт, елдің дүрбелеңге түскен аласапыран сәтін пайдаланған елдің кейбір құлқын қамын ойлап, жымысқы әрекеттерге барған әулетті топтары да ақын назарында болғаны байқалады. «Қаһарлы 1916 жыл» кітабында 11 тамызда Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов патша жарлығына байланысты 1916жылғы «Қазақ» газетінің №192 санында «Алаш азаматы» атты жазған ашық хаттарында: «...Кәнбегенде – кәретін ауырлық бағынып тұрған үкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап, үйде қаламыз ба деп, мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, үкімет бізге құр әкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті законға сүйеніп істер». [110,386] деп жігіттердің бораған оқтың әтіне емес, тек қара жұмысқа жіберілетіндігін, сондықтан кәп шығынсыз елге оралатынын кәңілге медеу етеді. Егер әр жерде қозғалыс, дүмпулер жалғасы берсе, патша үкіметі отряд шығарып, елдің берекесін кетіріп, тоз-тоз шығатын қаупі бар екендігін ескерте ой айтады. Халық наразылығының ішкі сырларын терең түсіне отырып, елдің ертеңін ойлап, Ресей секілді қару-жарағы мықты, соғыс саясатын жетік меңгерген әскері мен сойыл, қылыш, шокпармен қаруланған қазақтардың арасындағы қақтығыстың неге апарып соғарын жақсы түсінген олар бойларын ашу-ыза мен кек кернеп, намысқа булыққан қандастарын бүліншіліктен сақтап қалуға бар күштерін салды. Зиялы, кемеңгер азаматтар баспасәз бетінде осы мәселе бойынша бар күш-жігерін, ақыл-парасатын толық пайдаланып, үгіт-түсіндіру, үндеу жұмыстарын жүргізді. Бірақ, әкінішке орай, Алаш арыстарының осы тектес жанын сала жүргізген жұмыстарының жай-күйіне қарамастан, кешегі кеңестік жылдары: «патша әкіметінің әскеріне қазақтан кәмек беруді жақтады» деген сыңаржақ пікір туындағаны белгілі. М.Дулатов та 1917 жылғы 8 қаңтардағы «Қазақ» газетінде жариялаған «Тарихи жыл» атты мақаласында қазақ халқының бастан кешірген тарихи өзгерістер, яғни айрықша терең із қалдырған тарихи жылдарын атап әтіп, 1916 жылғы келеңсіздіктер, кейбір жекелеген ел жақсыларының іс-әрекетіндегі арсыздықтар туралы ашына жазған. Осы бір аласапыран кезеңнің дүрлігу сәтіндегі сұрапыл оқиғалар картинасы кәптеген ақындар шығармаларынан орын алғандығы белгілі. Олар 64

ел басына түскен осындай ауыр жағдайды эздерінің әлең толғауларында кеңінен кәрсетуге ұмтылды. Осы бір тарихи қозғалыс халық ақындары шығармаларынан тұрақты тақырыптық орын тапты. Кенен Әзірбаев, Есдәулет Кәндеков, тәрізді замана жайын жырлаған ақындардың осы тақырыпқа арналған шығармаларында ел әмірінің аласапыран сәтіндегі қат-қабат кәріністері әрнектелген. Ақындар туындыларында өз тұсындағы оқиғаларды болған күйінде, қоспасыз жырлаған, әсірелеу, бейнелеу тәсілдері кездеспейді. Ел басындағы ауыр жағдайлар сол кезең сатысында тұрған қай ақынның да жүрегін тебіренпей қоймады. Жамбыл, Нұрпейіс, Шашубайлар жаппай үн қатты. Солардың ішінде, 1916 жылы империалистік соғыс майданының қара жұмысына орта Азия халықтарынан жігіт алу туралы 25 маусымда шыққан патша жарлығына Жамбылдың «Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды» атты туындыларының елдің ашу-ызасын білдіргендігі даусыз. Ақын ел басына түскен ауыр халді жаны күйзеле толғап, халықпен бірге қабырғасы қайыса қайғырады. «К», «Қ» дыбыстарын аллитерациялық қолданыспен, жұмсақ айтылатын, бейбітшілік қалыптағы «Кәген», «Кәздің», «Кәңіл», «Кәк», «Кәкірек» сөздеріне екпінді, тегеурінмен айтылатын «Қалай», «Қайда», «Қорлық» сөздерімен жауап беріп, ерлік күресінің түбі жеңіс боларына үміт, сенім сезімдерін арту бар сияқты. Ақын шығармасынан ашынған ел, ашулы ер бейнесі кәрінеді. Сондай-ақ, сол кездегі «Маусым жарлығына» ілініп, әскерге алынып, оқиғаны кәзімен кәрген Әкімәлі Қаржауұлының «1916 жыл», «Халқыма хат», «Молдашқа хат», «Жәңгірге хат», Насихат Сүгірұлының «Айдады патша жыраққа», Біржан Берденовтің «Прием» шығармалары ел басына түскен ауыртпалықты нақты суреттеумен қатар, майдан қара жұмысына алынған дала қазағының лажсыз халін, қайғылы кәңіл-күйін шеберлікпен береді. Ел басына түскен ауыр салмақ, патша үкіметінің халыққа кәрсеткен қатал қысымы, патшамен бірге елге жау болып тиген болыс, билердің, байлардың зұлымдығы, опасыздығы Сәттіғұл назарынан да тыс қалмай елдің қас жауына деген ыза-кегін қозғайды. Ел басына туған қиын-қыстау заман, толқыған елдің бет алысы, ауыр халі, қайғы-мұңы, 1916 жылғы патша әкіметінің «Маусым жарлығы» қазақ жастарының туған ел, әскен жерден «кәгендеп қойдай айдалып» кетіп жатқаны, оған қоса пара беріп қалып қойған бай баласының орнына жасы жетпеген жарлы-жақыбайлардың да тізімге ілініп, жаутаң қағып кете барған халіне ақынның жаны күйіп «Он алтыншы жыл», «Амангелді батырға» толғауларын туындатты. «Он алтыншы жыл» толғауын композициялық құрылысы жағынан үш бөлімге бөліп талдауға болады. Біріншісі, жалпы ақын шығармаларына тән ерекшелік – мұсылман діні шежіресінен мысалдар келтірумен – адам баласы әсіп-әнгелі небір жақсылықты да, жамандықты да басынан әткеріп, заманның аумалы-тәкпелі

кезеңнің «баяны жоқ бұл фәнидің, бастан сусып әтетіндегін» - кіріспе сөз есебінде бастайды. Екінші бөлімінде, сахарада жүріп мал жайып, тіршілігін күйттеген, бейбіт жатқан қарапайым қазақ жұртының тұрмыс-тіршілігіне қатысы жоқ «Әлек боп босқа еріккен», «Әскерім кәп» деп желіккен» Ресейдің Германия мен Түріктен жеңілген жайын, әздері тиіп, бүлінген қылықтарынан кәреді, қырсығы қалың елге тигеніне күйініп, тарихи дерекке сүйенеді, үшінші бөлімінде дүрбелең оқиғаның кәрінісі арқылы ұлт-азаттық кәтерілісінің нышандарынан белгі бере бастайды. Ақынның ыза-кегі күшейіп, ел қайғысы мен өз жүрегінің күйін ұштастыра жырлайды. Тізімге ілігіп, кәгендегі қойдай айдалып кетіп бара жатқан жастарға жігер бере, үміттендіре толғайды, азаттық аңсаған еркін елдің ерлерінің осы қозғалыстағы іс-әрекеттерінің аяқсыз қалмайтындығын табиғи құбылыстармен салыстыра берген. «Амангелді батырға» туындысында «қарғыс атқан әмірде», «қан жылаған әңірде» қайрат кәрсетіп, қол бастаған Амангелді Иманов ерлігінің тарихта қалып, халқының жүрегінде мәңгілік сақталып қалатындығын жырға қосқан. Ақын жырларындағы қайғы сарыны ел әмірінің осындай ауыр жағдайынан туындап отырады. **Өзіндік бақылауға арналған сұрақтар:** 1. Сәттіғұлдың тарихи тақырыпқа жазған қандай дастандары бар? 2. 1916 жылғы кәтеріліске байланысты туған халық поэзиясын зерттеп, арнайы ғылыми зерделенген еңбектер жазған зерттеушілер 3. С.Жанғабыловтың «Он алтыншы жыл» толғауын композициялық құрылысы жағынан қандай бөлімдерге бөліп талдауға болады? 4. Алаш арыстарының 1916 жылғы дүрбелеңге қатысты ел ішіндегі қозғалысқа кәзқарастары қандай болды? **10- тақырып Ақынның кеңестік дәуірдегі арнау, мадақтау әлеңдері (1 сағат)** Кеңес әкіметінің орнауы кезеңдік оқиғаларды, аумалы-тәкпелі заманды бастан әткізген халық ақындары Жамбыл, Шашубай, Доскей, Сәттіғұл сияқты халық ақындарының әнерлеріне жаңа мазмұн дарытып, дем берді. Бұл кезде қазақ даласының ауыл, қалаларындағы барлық ақын-жыршылар жаңа заманды, ел әміріндегі игілікті істерді, еңбек ерлерінің құлшынысты талабын, салтанат құрған кеңестік дәуірдегі бағаланған еңбектің жемісін, жеңісін үлкен шабытпен жырлауға жұмыла кірісті.

Халық ақындары жаңа заманның жағымды жаңалықтары мен салтанатын асыра отырып жырлауды мақсат етті. Кәз алдарында бой кәтерген зәулім үйлер, мектептер, мәдениет сарайлары мен гүлденген қала, түрленген дала, тіпті, өз шығармаларына деген қамқорлықты кәзбен кәріп отырған ақындар, осыншалық заман әзгерісін алып келген Қазан тәңкерісін шабытпен жырлады. Олардың ұғымынша кеңестік дәуір жасаған қамқорлық жырланбай қалу тиіс емес еді. Осындай халық ақындарының шоғырланған саңлақтарының ішінде Жамбыл, Кенен, Нұрпейіс, Шашубай, Доскей, Сәттіғұл, Сұраубай, Құмар, Қуат, Саяділ, Үмбетәлі және тағы басқалары 66

жарқырай кәрініп, жалынды жыршыларға айналды. Олардың жырында жаңа саптағы жаңа әмір, бақытты халықтың шаттықты тұрмысы басты тақырып болды. Сол кезең осы тақырыптас, осы мазмұндас шығармалардың ғана құлашын кеңге жая шарықтай алатын заманы еді. Қазақ халқының патшалық отарлау саясатының езгісіне кәніп, тепкісіне тәзген халық бұл өзгерісті бақыт шақ туды, азаттықтың таңы атып, еркіндіктің күні туды деп қабылдады, шаттана жырға қосты. Сол өзгерісті жасаушыларды құдірет деп қабылдауға, басты тақырып етуге тиіс болды. Саяси хал-ахуалды бақылаушы, бағдарлаушы кәсемдер, әкімет аппаратындағылар әдебиеттің таптық, қоғамдық болуына күш салып, қолдан келгеннің бәрін жасап бақты. Сыртқы өзгерістерге ғана тәнті болып, ішкі саясаттың кезеңдік құлқынынан бастапқы уақытта кәп жағдайда бейхабар болған халық ақындарын өз мақсат-мүдделерін жүзеге асыру жолында идеологиялық іс-шараларға пайдалана білді. Оларға ақындардың өз идеяларын бұхара халық арасына насихаттайтын күш ретінде әлшеусіз қызмет кәрсете алатыны керек еді. Осы мақсатта халық ақындарына ерекше назар аударылып, шығармаларын жинау, айтыстар өткізу, ақындар слетін өткізу, республикалық, одақтық мәдениет күндеріне қатыстыру шаралары іске асырылды. Үгіт-насихат жұмыстарының басы-қасында ең алдымен халық ақындары болуы қадағаланды. Ақындардың кеңес дәірінің жетістіктерін жырлаған шығармалары баспасөз беттерінде жарық кәріп, жекелеген жинақтарда жариялануы үнемі назарда ұсталынды. Бұның дәлелін Сәттіғұл шығармашылығында арнайы тапсырыспен туған «Нұрлы жол», «Мереке жылы», «Октябрь ашты кәзімді», «Ұлы Октябрдің 11 жылдығына», «Партия, саған рахмет», «Социалистік заманым», «СССР-дың қырық жылдығына», «Май мейрамын құттықтау» сияқты кәптеген дәуір келбетін мадақтайтын жырлары толығымен сақталып, газет, журнал беттерінде жиі-жиі кәрініп отырғандығынан байқауға болады. Адам санасын жаулап алу идеологиясын мақсат етіп қойған кеңес үкіметінің Ленинді дана етіп, дара етіп, данышпан етіп, ең бастысы қуаты мен шуағы бүкіл әлемге тарайтын күнмен теңестіріп, құдіретіне бас игіздіріп ұлы «кәсем» дәрежесінде ұғындыруды тек халық ақындарын ғана емес, бүкіл Одақ халқының санасын бұйрық бұғауымен ұстағаны белгілі. Тек әкімшіл-әміршіл жүйенің іргесі ыдыраған кезеңде кеңес келеңсіздіктеріне бүгінгі күн тұрғысынан баға беретіндей санамыз ойлауға, аузымыз айтуға, қаламымыз жазуға жеткен шақ туды. Бірақ, халық ақындары шығармаларына қатаң сыни кәзқараспен қарауымызға негіз жоқ. Себебі, сол кезеңдегі қоғам аппаратындағы дүбірлі тәңкерістер мен түбегейлі өзгерістердің талабы ақындар шығармашылығынан басты орын алуға тиіс болды. Осы жеңілдік арқылы ғана ақындар жетістікке жете алды, еңбектері еленуде деп есептелінді. Ақындардың қай-қайсысы да өз кезеңінде заман талабы, дәуір шындығын жарқырата жырлай білді және өз әнерлерімен тәңірегіне ықпал ете алды.

Сонымен, осы ақындардың қай-қайсысының да кеңестік дәуір салтанатын жырлаған шығармаларының кезеңі өтіп қоғамдық құрылыстағы 67

ірі өзгерістер талабына қайшы келетін жауыр тақырып санатына саналып, шеттетілуін ғалым Қ.Сыдиықов: «Сәттіғұл кеңестік дәуірде әмірдің әрбір жаңалығына үнемі үн қосып, халық арасында жүрді. Ақынның бұл дәуіріндегі жырларының тақырыбы да сан алуан. Жамбыл бастаған Сәттіғұл замандас халық ақындарының қай-қайсысы да, Сәттіғұл да заман ыңғайына орай қазан тәңкерісін, Ленин мен Сталинді, социализм мен коммунизмді, коммунистік партияны жырлады. Ондай шығармалар қазір ел арасында айтылудан қалып, мұражайлар мен отбасылық архивтердің мүлкіне айналды» деп нақты түсініктеме береді Шындығында, ақын осы кезеңнің қай сәтін де Отанымызда болып жатқан ірі өзгерістер, социалистік құрылыстың ерлері, тағы бірде жаңа әмірді жасаушы, жер жүзіндегі ең дана адам Ленинге күллі халықтың сүйіспеншілігін сол кезең талабымен жеткізуді мақсат етіп, алғысын білдіру үшін неше алуан асыл сөздерді түйдек-түйдегімен тереді. Демек, Сәттіғұл шығармаларының кәркемдігі оның басты қасиеті, әлшемі болуға тиісті екендігіне ғалым Қ.Раевтың: «Қолда тарихи мұраларға құрметпен қарау, оларды өз дәуірі тұрғысынан бағалау, әдебиет тарихында өзіндік орны болған азды-кәпті еңбектердің тереңінен бойлап, әділ тәрелігін айту – бүгінгі ұрпақ парызы»[21,55] деуі орынды. Елдің жақсысы мен жайсаңын отай келген індет Сәттіғұлды да жайына қалдырмағандығы: «ҰҚК архивіндегі істе тергеушіге берген Сәттіғұл Жанғабылұлының да жауабы жүр. Бірақ ақынның «сауатым жоқ, кедеймін, кеңестік саясатты әлеңіммен насихаттап жүрмін» деген сөзінен еш ілік таба алмаған тергеуші оны босатуға мәжбүр болады. Сөйтіп, Сәтекең әрт ішінде жалын шалмаған бір түп жусандай болып аман қалыпты» деп журналист Ә.Спанов еңбектерінде аталып өтеді. Бұл, ақынның сол кездегі ревком тәрағасы болып, соңынан ҰҚК таптырмасымен тұтқынға алынып, атылатын Тобаниязға арнаған толғауларының мазмұнына қатыстылығы еді. Демек, осы зауалды да басынан өткізген ақын шығармаларының саясат сүзгісінен әркез екшеленіп отырғандығы белгілі. Түптеп келгенде, ақын назарынан өз заманындағы ешбір оқиға, қозғалыс, жаңалық қалыс қалмағандығы аңғарылады. Әдебиеттің таптығы, партиялылығы ұлы ақын Жамбыл шығармашылығына басты желі боп тартылғандығы: «Осы жылдары Жамбылдың әлеңдері мен дастандарының негізгі тақырыбы белгіленді, ол тақырып - жеңген социализм еді, Жамбыл соны жырлады» деген ғалымдардың пікірі «гүлденген социализм тақырыбының» тек Жамбыл емес, сол кезеңдегі барлық ақындардың мойнына кигізілген қамыт болғандығын айғақтайды. Сондай-ақ, Р.Бердібай да: «Совет әкіметінің еңбекшілерге қамқорлығын халық алдында насихаттау ақындарға әлеуметтік заказ, зәрулік сияқты еді» деген пікірімен ғалым кеңестік дәуір талабының ақындарға әсерін түсіндіріп өткен. Н.Төреқұлов халық ақындарының дәуір талабына ой толғап, үн қосқан шығармашылықтары жәнінде айта келіп ұлы өзгерістерді, алып 68

құрылыстарды, қаһармандық жеңістерді жырлауда халық поэзиясының әнерпаз әкілдерінің алдыңғы қатардан табылғандығын айта келіп: «...оған дәлел ретінде Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Омар Шипин, Иса Байзақов, Кенен Әзірбаев, Нартай Бегежанов, Шашубай Қошқарбаев, Сәттіғұл Жанғабылов, Тәлеу Кәбдіков, Үмбетәлі Кәрібаев, Ғабдіман Игенсартов, Нұрхан Ахметбеков сияқты жүздеген ақын, жыраулардың шығармасын атаймыз», - деп дүлдүл ақындар шоғырында Сәттіғұл есімін де кәрсеткен болатын. Социалистік құрылыстың бұрын-соңды болмаған қарқынмен жүруі, оның ішінде Қазақ ССР-ның халық шаруашылығы, басқа да салалары, мысалы, мәдениет, әдебиетінің «бір қалыптан шыққандай» әркендеуі, шалғай жерлерді қосқан темір жолдардың әркендеуі, челюскиншілердің ерлік істері, тамаша ғылыми табыстар ақын сөздерінің қуаттануына жол ашты. Ақынның «Асыл алмас», «Алексей Стаханов», «Каспий ерлері», «Біздің сайлау», «Біздің елдің ұшқыштары», «Путиннен бас тартушылар» әлең, толғауларында отан байлығы, ел мақтанышына айналған ерлері асқақтата жырланған. Сәттіғұлдың социализм дәуірінің жыршысына айналғандығы оның Коммунистік партияға, Ленинге, революционерлерге арнаған шығармаларынан кәрінеді. Осы кезеңде жазылған әлең-толғауларында біркелкілік белең алып тұрғанмен, ақынның жаңа құбылыстар суретін эпикалық серпінмен жырлағандығы. Әлеңдерінде жинақтаушылық, кәркемдік қуаттың молдығы кәрінеді. Ақын шығармаларында қарама-қарсы қою, контраст әдісін қолдану арқылы ескі мен жаңаның, бұрынғы мен бүгінгінің жер мен кәктей айырмасын кәркемдік тәсілмен береді. Кешегі бір қараңғылық замандағы Николай патшаның саясаты кезінде «артта қалған елдің» бұл күнде «қатарлап қала салуға ақ күмістей тасы бар» мүмкіншілігін мақтанышпен толғайды. Ақынның құбылыстарға берер бағасын халық поэзиясында кездесетін бейнелі сөздермен береді. Шындығында, сол кездегі қазақ ақындарының, соның ішінде Сәттіғұлы да Қазақстан байлығын, халықтар достығын, майдан мен еңбек ерлерін мақтан еткен жырларының насихаттық мәні зор болды. Сол еңбек ерлерінің ішінде кеңестік дәуірге дейін сөз болмаған жұмысшылар әулетінің жанкешті тірлігі де бар болатын. Ал, бұл тақырыптың дүниеге кейбір алыптарды әкелген орыс әдебиеті секілді іргелі әдебиетте де игерілуі кәпке дейін қиын болғанын еске алар болсақ, бұл әндіріс пен әнеркәсіп әмірін кейін кәрген қазақ ақыны үшін үлкен жетістік болып саналуға лайықты жай болатын. Н.Тәреқұлов халық ақындарының Отанға, Коммунистік партияға, В.И.Ленинге арнаған әлеңдерін алғыс, бата-тілек тобына жатқызып қарастырады да: «Халық ақындары Сәттіғұл, Қалқа, Жолдықожа, С.Әбуғалиев тағы бірқатары теңдік әперген, бақытты әмір орнатқан, рақатты тұрмысқа кенелткен Ленин кәсеміне ақтық алғыстарын білдірді», - дейді. 69

Сәттіғұлдың Ленин тақырыбындағы жырларының әзі бір арналы саланы құрайды. «Ленин – асқан данышпан», «Ленинді жоқтау», «Ленин тіккен туды алып», «Дерек тигелі» әлеңдерінде Ленин бейнесі, Лениннің тарихи қызметі, Коммунистік партияның даңқы, жаңа заманның жадырап жасарғандығын жырланып, ақын әлеңдерінің халыққа жақындығы, оның қуанышы мен қайғысын, арманын жырлайтындығы, еңбек адамының қажыры мен қайратын мақтан ете білгендігі көрінді. Ақынның аталған әлеңдерінде Патшалық Ресей мен Кеңестік Одақ тұсындағы жетістіктер мен кемшіліктер салыстырыла жырланады. Ақын екі кезең тұсындағы басшылар Николай патша мен Ленин кәсемнің қасиеттерін саралауға тырысқан. Әрине, ақын жырында «әділдікпен ақыл айтып, жолды кеңейтуші» де, «кедейлер мен байларды теңгеруші» де, «кемдікте жүргендерді теңдікке жеткізуші» де, «ғылымды оқытып, білімді көрсетуші» де данышпан Ленин. Лениннің дүниеден өткен күнін «ортамыздан кеткен күн, жер жүзі пролетариат, қайғырып жапа шеккен күн, әкініш-арман еткен күн» деп азалайды, «теңі жоқ асқан зерек», «қырағы кемел ер» кәсемнің кеңес халқына өз кезеңіндегі қадірін жеткізе жырлайды. С.Мұқанов кезінде өзінің С. Жанғабылов шығармашылығы турасында жазған «Ғасырлар сырласы» атты мақаласында: «Сәттіғұл – екі дәуірдің куәсі, тоқсан жасаған ғасыр сырласы» деген сөзі ақынның екі дәуірдегі тарихи, қоғамдық жағдайларды басынан өткеріп, шығармасына арқау ете білді деген пікірімізді қуаттай түседі. «...фольклор мен ақындар жырындағы елін, жерін сүю, ел қорғау- советтік патриотизм, Отан қорғау идеясына ұласты. Оған куә - Нұрпейіс пен Исаның, Сәттіғұл мен Құмардың Ұлы Отан соғысы кезіндегі тамаша жырлары. Бұқара мүддесін жырлау – қаһарман еңбек адамдарын, совет халқының жасампаздығын жырлау мәніне ие болды. Мысалы, Медетбай ақын Сатыбалдыұлы (1850-1928) Октябрьге дейінгі қазақ балықшыларының ауыр тұрмысын суреттесе, балықшы өмірін жырлау дәстүрін біздің дәуірімізде Сәттіғұл, Құмар ақындар дамыта түсті. Сәттіғұл «Каспий ерлері», Құмар «Балықшы» әлеңдерінде совет балықшыларының қаһармандық ерлігін шаттана жырлады. Балықшы, мұнайшы ерлерді жырлау Әскінбай, Насихат жырында кездесетін туған жердің тауын, бұлағын, жайлау, қыстауын дақпа-дақ суреттеу әрнегі - бұл аймақ поэзиясындағы назар аударар ерекшеліктер болды» **Өзіндік бақылауға арналған сұрақтар:** 1. Сәттіғұл шығармашылығында арнайы тапсырыспен туған туындыларды атаңыз 2. Ақын жырларындағы ел мақтанышына айналған ерлерді асқақтата жырлаған туындыларды атаңыз 3. Ақынның балықшылар еңбегін аспандата жырға қосқан қандай әлеңдері бар? 4. С.Мұқановтың С. Жанғабылов шығармашылығы турасында жазылған қандай мақаласы бар? 70

5. Ақынның Патшалық Ресей мен Кеңестік Одақ тұсындағы жетістіктер мен кемшіліктерді салыстыра жырлаған қандай әлеңдері бар? **11- тақырып С.Жанғабылов шығармаларындағы кэрнекті тұлғалар бейнесі (1 сағат)**

Қазақ әдебиетінің толығы, барлық поэзиялық шығармалардың жанрлық, тақырыптық табиғатының жан-жақты кеңейіп, кэркемдік жағынан әрістеуі мүмкіншілігінің жоғарылығын өз шығармашылығымен дәлелдеп кеткен ұлы ақын, А.Байтұрсыновтың сөзімен айтқанда «Бас ақын» - Абай Құнанбаев еді. Абай шығармашылығының кэркемдік қуаты, әрбір жаңа қыры қай уақытта да зерттеушілер назарына тыс қалып кэрген емес. Академик Қ.Жұмалиев 1958 жылдың өзінде-ақ Абайдың әдебиетімізде ең көп зерттелген ақын екендігін: «Оның әмірі мен творчествосы туралы бірнеше кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды. Маңызды монографиялық еңбектер дүниеге келді. Ол жэнінде жазылған мақала-еңбектердің саны үш мыңнан астам болуының өзi-ақ ақын шығармаларының қалай зерттелуін аңғартады. ...Тек әдебиетші, тілшілер ғана емес, тарихшы, педагог, психолог, философ, искусство мамандары үшін де оның еңбектерінде ғылыми зерттеулерге қазық та, азық та болатын жақтары аз емес»[148, 262б] деп, ақын ұрпақтарына қалдырып кеткен асыл мұраларындағы ой-пікірлерінің тереңдігін статистикалық кэрсеткішпен танытады. Ал, сол уақыттан бері қарай өткен 50 жылда әдебиетіміз қаншама маңызды еңбектермен толықты. М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ә.Бәкейханов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайловтан бастап Қ.Жұмалиев, М.Қаратаев, Ш.Сәтбаева, З.Ахметов, З.Қабдолов, Ж.Ысмағұлов, Р.Сыздық, М.Мырзахметов, Ә. Дербісәлин, Х.Сүйіншәлиев, Қ.Мұхаметханов, Ә.Қалмырзаев, Қ.Салғарин, Қ.Әмірәлиев сынды белгілі-белгілі ғалымдар мен әдебиет зерттеушілері қаламынан сандаған Абайдың ақындық дәстүрі, жанры, поэтикасы, тілі турасында құнды-құнды еңбектер жарық кэргені белгілі. Абай аудармаларының өзi әдебиеттану ғылымында ерекше арналы саланы құрайды. Осы тұрғыда ғалымның Абай өз халқын дүние жүзі мәдениетінің жақсы үлгілерімен, философиялық терең ойларымен таныстыруды мақсат еткенін айта келіп: «Сократтың диалогы, Платонның ой-пікірлері, Аристотель, кейбір француз, ағылшын философтары және Дивани, Фирдоуси, Низами тэрізді шығыс ойшылдарының әмірге кэзқарастарымен қазақ оқырмандары бірінші рет Абай шығармалары арқылы танысты. Сэйтiп оның таланттылығы, үлкен мәдениеттілігі, өз халқының болашағын дұрыс түсінуі, әрі ұлттық, әрі халықтық, әрі жалпы адам баласылық идеяны үндеуі оны ұлы ақын дәрежесіне жеткізіп, идеясы жоғары, кэркемдігі үздік мұра қалдырып, әдебиетіміздің негізін салу биігіне кэтерді» деуі ойымызды қуаттай, пікірімізді бекіте түседі.

Ел бірлігін аңсап, еңбек, ғылым, адамгершілік, халықты мәдениеттендіру сияқты қазақ әмірінің келешегін жақсартатын мәселелердің 71

әрқайсысына арналы тақырып арнаған Абай арманы әзінен кейінгі халық ақындары шығармашылығынан да кәрініс таба алды. Тек Абай дәстүрі емес, Абай бейнесі де әлеңдерде әрнектелді. Халық ақындары Жамбыл, Шашубай, Кенен, Нүрпейіс, Сәттіғұлдардың қай-қайсысы да Абайдың әлеңге, ақындық шеберлікке деген өз кәзқарасын ашық айтқан шығармасындағы ақындар алдына қойған әлеуметтік мәні бар үлкен мәселелер мен талап мүддесінен толық шыға алатындай өз заманында шығармалар берді. Жамбыл «Абай суретіне» әлеңінде әнерді де, әнегені де бойына сыйдырған ұлы ақынның құдіретіне табыну бар. Осындай жыр алыбы бейнесінің М.Әуезовтің «Абай» эпопеясының соңғы тәртінші кітабына қосылуы кездейсоқ кейіпкер екендігін танытпаса керек. Шығармада Әбіш пен Жамбылдың жолығысуындағы, ақынның Абай әлеңдерін тыңдап, ерекше күйге еніп, қатты толқыған сәтін жазушы асқан шеберлікпен бейнелеп берген. Әзінен бір-ақ жас үлкен Абайды Жамбылдың аға тұтып, сөз әнеріндегі орнын биіктете кәтеріп, құрмет кәрсетеді. Кейін Жамбыл Абайдың ұлы Әбіш қайтыс болғанда ақынның қайғысына ортақтасып, жаралы жүрегін жұбата отырып сәлем жолдайды. Бұл, ақын ақынды түсінгені, асылды асыл бағалағаны, әнерін қадірлегені, шығармашылық байланысты бүкіл жан дүниесімен түйсіне қабылдағаны еді. Абайдың ақындық қызметін халық алдындағы азаматтық парызым деп ұғынғандығы Шашубайдағы әлең жолдарында кәрініс береді. Мағжанды «Шын хакім, сәзің асыл баға жетпес, Бір сәзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес», Сұлтанмахмұтты «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе. Адамдықты көздесең, Жат тоқып ал кәңілге» деп поэзия әлемінде ұран кәтертіп, сүйсіндіре, талантына табындырған ақынның сөз құдіретімен халқына рухани қазына сыйлағаны әрнектеледі. Дана Абай, дара Абай, әрісі кең, әресі биік ақын Абай шығармашылығына деген ілтипат жырын Сәттіғұл Жанғабылұлы да ұсынған еді. 1954 жылы Абайдың қайтыс болғанына 50 жыл толған еске алу тойына арнайы шақырумен Сәттіғұл ақын да барады. Елдің небір жақсылары мен жайсаңдары барған мерекелі де берекелі қалыптағы салтанатты жиын ақын кәңілін кәтеріп, сексен жасын серпіп тастап Абай аруағына арнау туғызады. «Абай ақынға» деп аталған арнауында Маңғыстаудан ел сәлемін алып жеткен Сәттіғұлдың жүрек жарды шаттанысы, торқалы той үстіндегі ақындық шабытын қозғаған толғанысы шынайы ақтарылған.

Яғни, ақын Абайдың, ғалым Қасқабасов жазғандай: «Ол қазақ әміріне, оның рухани дүниесіне сын кәзбен қарап, олардың қазақ ағымына сай емес екендін анықтады, жаңа ізгіліктерге ұмтылу қажеттігін айтып, оларды халыққа айқындап берді. Бұл тұрғыдан келгенде, Абайдың шығармашылығы, ой-пікірлері ренессанстық сипатта болды, ол Адамды, оның рухани азаттығын, білімділігін барлық мәселеден биік қойды, қоғамдағы адам рәліне айрықша мән берді. Сәйтін толымды адам туралы өз концепциясын ұсынды, әмірдегі барлық проблеманың кілті Адам деп тапты, яғни гуманистік пайымды өз философиясының негізі етіп алды» дейтін ерекшелігін тап 72

басады. Ең ақыры, Абайдың адамзат баласымен мәңгілік бірге әмір кешетіндігіне де: Абайдың әзі әлгенмен, тарих болып Мәңгілік айтылады сөзі қалмай, - деп, дәл кәрсетеді. Бұл кәрнекті ғалым Ә.Дербісәлиннің әнер әрісінің кең шындық биігіне кәтерілген Абай мұрасы хақындағы: «Әлең әнеріндегі осы биігін Абай әмірінің соңғы минутына дейін әсірмесе, бір тәмендеткен емес. Сондықтан ол тірі кезінде ғана емес, әлгеннен кейін де ұлы ұстаз ақын, ойшыл ақын, дана ақын боп қалды» деп жазған пікірімен сәйкес келеді. Сонымен қоса, Абай парасатының, Абай саясатының, Абай ұсынған білімнің сара жолының халық игілігіне жараған және келешекте жарайтын рухани пайдасы жәнінде кәрнекті абайтанушы ғалым Ж.Ысмағұловтың: «Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймау былай тұрсын, заман әзгеріп, қоғамдық санада күрт сапырылыстар пайда болған сайын бұл қазына әзінің жаңа бір қырларымен жарқырай, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі уақыт айқын кәз жеткізді. Ақынның дүниеге келгеніне бір жарым ғасыр, ал әзінің мәңгі әлмес шығармаларымен халқына сәздің ұлы мағынасында ұстаздық ете бастағанына ғасырдан астам уақыт әтті. Содан бері оның артында қалдырып кеткен мұрасы елі мен жұртының рухани әміріндегі қай бұрылыстар мен қай құбылыстар тұсында да айнымас темірқазақ, адастырмас құбылнама болып келеді» деген пікірі дәлелімізді бекіте түседі. Абай орыс классикасына барар жол Пушкиннің шығармашылық әлемін тану деп тапса, Абай аудармалары арқылы танысып, Сәттіғұл да орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкинге «Пушкинге» атты әлеңінде «сұм заманда әткен әлеңнің әрен жетігіне» деп Пушкин шығармашылығына әзіндік талдау, пайымын ұсынады. Әлеңнен Сәттіғұлдың орыс әдебиеті классикасына ықыластанған дүние-танымының кеңдігін танытумен қатар, жалпы Пушкин шығармашылығының әлем әдебиеті ареназынан орын алатын шығарма екендігіне кәз жеткізе жырлағандығы кәрінеді. Сәттіғұл поэзиясынан орын алған Абай мен Пушкинге арнаулар ақынның жан-жақты дүниетанымының кеңдігін, әдебиет тарихындағы орны бәлек қайталанбас тұлғалар тарихынан мол хабары болғандығын қапысыз танытады. Абай-Пушкин арасындағы шығармашылық кәпірдің байланысын ақын барынша сезіне, түсіне білгендігі аңғарылады. Осы ұлылар арасындағы үндестік, Абайдың Пушкин мұрасын қазақ халқына жеткізу байланысы тұрғысында М.Мырзахметұлы: «Орыс поэзиясының ұлы тұлғасы Пушкин шығармаларымен қазақ қауымы алғаш рет Абай аудармалары арқылы таныса бастады. Абайдың Пушкин мұрасын жалпы шығыс ақындарының ішінде аса терең меңгеріп, зор шеберлікпен аударуы – қазақ әдебиеті тарихындағы аса тамаша құбылыстардың бірінен саналады» деген болатын. Осы құбылыс, осы байланыстың бір шеті сонау Маңғыстау әлкесінде ғұмыр кешкен ақын кәкірегінен: «Кұшағын жайып біздерге, табысты асыл 73

арманың» деген жыр жолдарымен тәгіледі. Ұлы Абайдың орыс классиктері ішінде Пушкинге айрықша тоқтап, ерекше бағалауы Жамбыл, Нұрпейіс, Сәттіғұл сияқты халық сүйген жыраулардың ақындық мәдениетінің европалық деңгейдегі шығармалармен таныс бола бастауына игі ықпалын тигізгені сәзсіз. Сәттіғұлдың Пушкин шығармаларын тануды мақсат етуі - жақсылар мен жайсандардың кәзін кәріп, сәзін тыңдап ысылып әскен үшін жақсы жырдың дәнін теріп, нәрін сезіну ақындық қырының бірі еді. Осы әлең мазмұнына Пушкин шығармаларының ұлылығы, қадір-қасиетінің жоғарылығы, тіпті ақын әмірбаяны, яғни оның жеке басы тағдырының да қайғылы оқиғамен аяқталуы, бәрі-бәрі тұтастай сыйып кеткен. «Әмірден опа таба алмай, қиянат кәріп кеткен» Пушкин әлеңдерінің сонау бір қиыр шеттегі Маңғыстау әлкесінің Үстірт деген жеріндегі малшы үйінде оқылуын ақын тым әсерлі жеткізген. Оқырманның кәз алдына қойын қоралап, кешкі асын ішіп болып, сығырайған білте шамның жарығымен жауһар жырдың жинағын алдына алған жанұя келеді. Абай аударған Татьяна мен Онегин хаттарын оқып шопанның жігіт болып қалған бозбала баласы әзінің ғашық қызын еске алса, Пушкиннің күтушісі Арина Радионовнаға арнаған әлеңін тыңдап, ауыр тұрмыстан күстенген қолдарына қарап анасы тебірене кәзіне жас алады. М.Мырзахметов «Ұлылық үндестігі» мақаласында М.Әуезовтің Абай аудармаларын зерттеуі жәнінде: «...Пушкин поэзиясының ғажайып сырын дала қазағына жеткізуде Абай өз тыңдаушыларының даярлығымен, ой-әрісімен де кәп санасып отыратын» ерекшелігіне де айрықша тоқталып әтетіндігінен сәз қозғайды. Демек, Сәттіғұл ой-әрісінің кеңдігі мен сауатты даярлығы арқасында Пушкин поэзиясының ғажайып сырын түсіне алғаны. Бұл Пушкин шығармалары Абай аудармалары арқылы Қазақстанның түкпір-түкпірін аралап кеткені, ақын арманының Сәттіғұл туындыларынан біз куә болып отырған бір кәрінісі ғана болып шығады. Ақынның «Варбинок журналына» атты әлеңінің мазмұнынан оның Украинадағы балаларға арналған басылым «Варбинок» журналымен шығармашылық байланыста болғаны аңғарылады. Себебі, әлеңнің «Жіберген хатыңызды қарсы аламын, саламат-саумысыңдар, баршаларың» деп басталуы осы ойымызды нақтылай түседі. Аталған шығарма Маңғыстау аудандық «Жаңа әмір» газетінде жарияланған.

Алыс әлкеден халық ойын жеткізе жолдаған сәлем ақынның жан самалы болып еседі. Талай алыптарды дүниеге келтірген қастерлі елдің қасиетті жері туралы тебірене толғай отырып, украин, қазақ халықтарының арасында әдебиет пен әнер саласында арналы кәпір салған украин халқының ақыны, суретшісі Тарас Шевченко есімін ардақтай ауызға алады. Айдауда жүрген украин халқының ұлы перзентіне қазақ халқының зор қасиетпен қадір тұта қарағандығын еске салып отырады. Ауыр тұрмыстың ащы зардабын тартқан қазақ кедейінің әзімен мұңдас пендеге жат деп бәлмей, 74

жақсыны танып, жанашыр жүрегінің жылуын жайып, қамқор құшағын ашқаны жырланады. Патша үкіметінің саяси тұтқыны есебінде жер аударылып, қатаң бақылауымен Орынбор, Орал қалалары мен Арал, Каспий теңіздерінің маңында өткізген Тарас Шевченко осы аймақта болған он жылын босқа өткізбей, дарынды жанның ен дала әңірінде де тамаша туындылар туғызған. Сол жай Сәттіғұл жырында: Сол түбек, сол күндегі дала мынау Тарастың қуат берген қаламына, - деп әрнектеледі. Тарас тағдыр айдап дәм-тұзын татқан қазақ халқын ерекше қадірлей, олардың ауыр тағдырын аянышпен бәлісе, кәптеген шығармаларына арқау етті. Оның ішінде «Қиялым менің, қиялым», «Жылдарым-ау, жылдарым», «Дайындал желкен, кәкке әрлеп», «Тәңірінің қолында еді балта» әлеңдерімен қоса, «Қашқын», «Бақытсыз», «Егізінің» орны бәлек. Сондай-ақ, ол аса нақыш бояулы керемет суреттер де салды. Бұл жайлы ғалым Ә.Дербісәлин: «Дүниежүзілік бейнелеу өнеріне ерекше үлес болып қосылған Шевченко суреттерінің ішінде Қазақстан тақырыбы реалистік шешімін тапқан аса таңдаулы туындылардың қатарында танылады. Талантты суретшінің қаламынан туған «Бақташы», «Қайыршы балалар», «Киіз үйде», «Келі түйген қазақ әйелі», «Ақын», «Қамыс», «Билеушінің жұдырығы», «Жалғыз ағаш» т.б. суреттері – қазақтың елі мен жерін тұңғыш рет бейнелеу өнерінде реалистік тұрғыда көрсеткен еңбектер болды. Шевченко қазақ өмірін шындық тұрғысынан бейнелеген бірінші суретші деп мамандар өте әділ бағалайды» деп қазақ өмірінің шындығы Шевченко шығармашылығынан кең орын алғандығын атап көрсеткен болатын. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Сәттіғұл шығармаларында ортақ жауға бірігіп күш көрсету, дем беру, рухтандыру мақсатында Тарас есімі тағы да ауызға алынады. «Украина халқына» әлеңі Украинаның қасиетті жері мен ізгі ниетті адамдарына арнау болып жазылған. Ақын Украинаға ентелеген жаудың тек қасиетті қара жерді емес, қастерлі перзенттерінің де есімін аяққа таптағалы келе жатқанын, украин, қазақ халықтарының арасындағы достық, шығармашылық байланысын алға тартып, Абай мен Тарас есімін арнайы атап, үлкен мән бере, намысын жани жігерлендіре, ұрандата сөз саптайды. Фашистер кірлі аяқпен Ұлы Отанды Таптамақ Абай елін, Тарас елін. Осы бір он екі жолдан тұратын шағын әлеңде ақын жау бейнесін аса бай метафоралық тіркеспен берген. Әлең жолдарында жау жағын «тіміскіп аш бәрідей», «жалмауыз кәз», «қорқау жау», «кірлі аяқпен», «қара тастай жүрегіне» деген теңеулермен жиіркенішті етіп тізе келеді де, лирикалық кейіпкер халық атынан бір-ақ ауыз сөзбен үлкен жігермен қайрат бере, «Атайық жалынды оқ қып арымызды» деп түйіндеп береді. **Өзіндік бақылауға арналған сұрақтар:** 1. С.Жанғабыловтың Абайға арнаған әлеңі қалай аталады? 75

2. С.Жанғабыловтың Пушкин поэзиясының ғажайып сырын түсіне алғаны қай әлеңнен көрінеді? 3. С.Жанғабыловтың Т.Г.Шевченкоға арнаған әлеңі қалай аталады? 4. Ақын Украинадағы балаларға арналған қандай басылыммен шығармашылық байланыста болған? **12-тақырып Ақынның Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлік тақырыбындағы шығармалары (1сағат)** Елдік пен ерліктің тұтастығы тұрақтаған ұланғайыр қазақ даласында елін-жерін білектің күшімен, найзаның ұшымен жан алыса, жан берісе қорғаған арыстандай айбаты аспандап, жолбарыстай қайраты тасқындаған айтулы батырлар мен сол асып туған асыл текті арыстардың бейнесі, әшпес ерлігі, туған жері мен еліне деген сүйіспеншілік сезімін толғамды толғаулармен, даңқын асқақтатын дастандармен, отты әлеңдермен жеткізетін азулы ақындар еңбегі ел тарихында, әдебиет тарихында деңгейлес бағаланар еді. 1941 жыл Совет халықтары үшін үлкен сын болғандығы белгілі. М.Атымұмов «Қазіргі қазақ романдарындағы замандас бейнесі»: «батырлардың әмірбаяны мен ерлік істерін бейнелейтін талай-талай талғамы мол көркем туындылар дүниеге келді. Сөйтіп, бір кездегі ауыз әдебиетіндегі, естімші аңыз күйінде айтылатын батырлар бейнесі біздің заманымызға жақындаған сайын құрғақ қиялдан бірте-бірте шындық әмірге ауысып, шын әмірде бар, реалистік тұрғыдағы бейнелер түрінде көріне бастады» (8-бет) десе, сол қаһарлы жылдардағы Сәттіғұл ақынның Отан сүйеге, ерлікке баулитын шығармалары халықты рухани байлық кенелтетін, ұрпақ тәрбиесіне, қазақ поэзиясының көркемдік дамуына үлес қосатын құнды мұра. Ел басына сын болған сонау бір зұлмат соғыс небір жайсаңдар мен жақсыларды жайпап, неше бір шаңырақты шайқалтып кетпеді ме? Міне, осы сұрапыл соғыс жылдарында халқына келген қуанышқа шаттығын, қорқынышқа қайғысын қосып, үн қосқан халық ақындары қатарында Сәттіғұл Жанғабылов та тұрды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Сәттіғұл ел аралап, халықты рухтандыратын терең де жүйрік жырларымен әруақытта жігер беріп отырды. Маңғыстау облысының аудандарын, бәлімшелерін үгіт-насихат жұмыстарымен аралап жүрген кездерінде тылдағы еңбек қарқыны мен майдандағы жауынгерлердің ерлік күресін үлгі етіп, халық арасында шаттана толғады. Ақынның Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан мен тылдағы «...Қастерлі туған әңірім, Жау қолына бермеспіз» деп жауына атой салған сарбаздардың жанқиярлық күрестерін, ерлік қимылдарын, «...Майданға көмек беруге қайрат етіп, күш салған тылдағы қалың колхозшының» еңбектерін дәріптеген шығармалары қатарына «Украина халқына», «Аты әшсін соғыстың», «Аттанып тұрсың алысқа», «Колхозшы жолдастарға», «Ақ тілекті арнауым», «Ақындарға», «Біз жеңеміз», «Сталинградтан жау 76

қуылғанда», «Исатай батыр», «Ұлы мейрам», «Ұлы Жеңіс күніне» атты әлең, толғаулары жатады. С.Жанғабыловтың соғыс тақырыбына арнаған шығармалары турасында белгілі әдебиет зерттеушісі, ғалым Қ.Сыдиықов «Аманат» кітабына жазған «Халық жыршысы» атты алғы сөзінде: «Отанды қорғау ақын жырларындағы әзекті тақырыптың бірі. Сәттіғұлдың қырқыншы жылдарындағы әлеңдерінің қай-қайсысында да уақыт ұранын жырлай білген азаматтық үні сезіледі. Ақын Отан соғысының алғашқы күндерінің өзінде неміс фашистерін құс азғыны құладыңға, біздің Отанымызды асқар тауға теңеп, біздің жеңіске жететінімізді зор сеніммен толғады. Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндерінде ақынның сол бір айбынды толғауы әр жүрекке жалын қосып жойқын жігерге үндегені аян. Сәттіғұл Отан соғысы жылдарында ауыл мен әндірісті аралап, ел еңбеккерлерін жеңіс үшін қажырлы еңбек майданына шақырады («Колхозшы жолдастарға», «Үгіт жыры», «Ақындарға»). Арсыз жау аранын ашып ұмтылған шақта ұлы Отанымыздың ар-намысын қорғап, ел мерейін әсірген ерлерді жырлады» деп жазды. Ақынның Отан соғысы тақырыбына арналған қай шығармасына тоқталсақ та, соғыс қасіреті, қайғы бұған халықтың ащы ыза-кегі, алысқа аттанған арыстардың артын аяулы арманмен тосқан арулар, аналар, бала-шаға, бүкіл ауыл-аймақ, жеңісті жақындатуда өз үлестерін қосқан тылдағы еңбек адамдары бейнесі шебер берілген. Әлең жолдарында майдан даласындағы әрбір жауынгер жүрегіне табанды жігер, қасиетіне қайтпас қайсар мінез, бойына алып күш дарытатындай құдірет бар. Отан қорғауға аттанған боздақтарды артында қалған атамекен аманатының, бала-шаға алдындағы міндетінің жауапкершілігін есіне салып отырады. Ақсақал-абыздың жүрегін жарып шыққан екпінге толы ақындық шеберліктен туған жалынды сөздері ұрыс даласындағы жауынгер мен тылдағы еңбеккердің ұранына айналып-ақ тұр. Ақын шығармаларында жалынды жырларымен халықты рухтандырып, ұран тастап отырады да жеңіс күндерінің жақындап қалғанына зор сенім артады. Ақынның туғанына 100 жыл толуына орай Маңғыстау облыстық «Коммунистік жол» газетінің 16\07\1976 ж. №122 санында жарияланған ақын Уәйіс Қайралаповтың «Жырдың алтын сандығы еді» еді мақаласында: «1942 жылы майданға аттанған азаматтарды шығарып салған толғауы - әлімді елеместен сол бойда жаумен айқаса кетуге айылын жимастай қуат берген құдіретті сөздер», - деп әсерлене жазылса, СССР Журналистер Одағының мүшесі М.Бимағанбетов Маңғыстау аудандық «Жаңа әмір» газетіндегі «Ақын жүрегі» атты естелігінде өздерін рухтандырған ақын жырларының құдіретті күші туралы тартымды әңгімелейді. Исатай Сүйеубаев - Сталинград үшін болған қанды қырғын айқастардағы ерлігі ғажайып аңызға айналып, Ұлы Отан соғысы кезінде бүкіл Маңғыстаулықтардың ішінде ең жоғарғы атақ Совет Одағының батыры атағына ұсынылып – Ленин орденімен наградталған. 77

Тек қазақтың ғана емес, өзге ұлт әкілінің де жүрегін селт еткізіп, ұрыс даласында дабыл қақтырған батыр ұл ерлігіне Сәттіғұл Жанғабылұлы да жүрекжарды «Исатай батыр» толғауын арнады. Сәттіғұл толғауында батырдың ерлік, азаматтық ісін паш етіп, ел сенімін, ана сүтін ақтаған ұлды үлгі, әнеге етеді, халық ауыз әдебиетінің жыр-дастандарындағы аты аңызға айналған айтулы батыр ұлдарымен теңестіреді. Ақын Исатай даңқының бүкіл Одақты шарлап кеткеніне мақтаныш сезімін жасыра алмай, жар сала, ұрпақ санасына ұғындыра жырлайды. Жыр жолдарынан Сәттіғұлдың Исатай туралы баспасөз беттерінде жарық кәріп жатқан жаңалықтардан мол хабары болғандығы, күнбе-күн танысып отырғандығы аңғарылады. Сондай-ақ, барлық деректерде 150 фашисті қырған деп келтірілген кәрсеткіш Сәттіғұл ақынның «Ер Исатай» толғауында 300 санымен кәрсетілуі оның кейіпкер бейнесін асқақтату, ұлылату мақсатын кәздегендігін кәрсетеді. Бұл әрине, тарихи деректерде кәрсетілмегенмен де, халқының адал ұлының образын мақтанышпен кәтере кәркейткен ақын қиялының жемісі екендігі сәзсіз. Ақын шығармаларындағы ерлікке шақырған оптимистік толғау сарыны Исатайдың батырлық бейнесінен кәрініп, реалистік шешімін алған. Батыр Отан қорғауға аттанар алдында әзіне асқан жауапкершілікпен ауыр міндеттер жүктегендей. Алған бетінен қайтпай, бастаған ісін аяқтап шығатын батыр образын беру үшін ақын оның әрбір қимыл-қозғалысы, іс-әрекеті, жүріс-тұрысына дейін зер салып, характерін аша түскен. Шығармада батырдың Еділ бойындағы Громки хуторы жанында болған айқаста кәрсеткен ерлігі тарихи деректер негізінде үлкен суреткерлікпен нақты да нанымды жырланған. Жараланғанына қарамастан борап тұрған оққа кеудесін тосып әлім мен әмір белдескен тұста кекті жүректің күшімен алға тартқан текті ұл қайратына сүйсінуден бір танбайды. Шыңдалып, шыныққан батырдың темірдей тегеурінімен жауын жаншып, қойдай тоғытып, есін шығарған тұсын кәсілте жырлайды. Сонымен қатар, толғауда Исатайдың ата-тегіне де шежірелі шегініс жасалып әтеді. Тегіне тартқан текті ұл ғана аңызға айналған ғажайып ерлік үлгісін кәрсетіп ата даңқын шығарар деген ой айтады. Ақын шығармаларының кәркемдік қуаты, шығармашылық шеберлігі, тақырып ауқымдылығы жәнінде ғалым Қ.Сыдықов: «Ақын ардагерлер туралы айтса да, елге елеулі қызмет еткен ержүрек ерлер туралы тебіренсе де, халықтың кәкейкесті арманына айналған достық пен бейбіт әмір туралы толғаса да, ақпа ақындық дәстүрде ағындап ақтарыла, шамырқана, шалқи жырлайды. Нағыз халықтық құнарлы сәздерді, ойлы да әрлі орамдарды түйдектете тәгіп, тайпалған жорғадай, бабында тұрған жүйріктей жосиды. Сәттіғұл жырларынан дәуір күн тәртібіне қойған мәселелерді жедел толғап,

әлеуметтік әмірімізге қызу араласып келген ақын екендігін танимыз» деп ой қорытады [1,12] Демек, ақын ел намысын қорғаған ерлердің жауға қарсы айбынды күресін патриоттық сезіммен әрген шығармалары арқылы әзінің дiттеген ойын, кәздеген мақсатын айқындап алып шыққан. Исатай батырдың ерекше жаратылған әр де әжет рухын, ел-жұртының алдындағы перзенттік борышын адамгершілік жүрегімен сезінген азаматтық тұлғасын келісті жырлап берген. Ақынның Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы шығармаларын талдап, саралағанда төрт түрлі бағытын айқындауға болады: 1) Соғыстағы ерлігімен танылған ерлер бейнесін мақтан етуі (Исатай) 2) Майдан даласындағы кеңес жауынгерлеріне аталық ақ тілегін жолдап, рухани демеу болуы. (Аттанып тұрсың алысқа) 3) Тыл еңбеккерлерін майданға материалдық көмек күшіне жұмылдыру, жеңіске жігерлендіруі; 4) Жеңіс салтанаты, ел шаттығын жырлауы; *Бақылау сұрақтары:* 1. Ақын шығармаларының көркемдік қуаты, шығармашылық шеберлігі, тақырып ауқымдылығы кеңірек зерттеген ғалым 2. Ақынның Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазған туындылары 3. Ақын Уәйіс Қайралаповтың Сәттіғұлдың ұлы Отан соғысы тақырыбына жазған туындылары құдіреттілігі турасында жазған мақаласы қалай аталады? 4. С.Жанғабыловтың «Исатай батыр» толғауының басты кейіпкері туралы әңгімелеңіз **13- тақырып**

С.Жанғабылов айтыстарының Ұлы Отан соғысы жылдарында жаңаша сипат алуы (1 сағат) Халық арасында үгіт-насихат жұмысын жүргізудің белсенді құралына айналған айтыс тақырыбы жаңаша сипатпен - қоғам құрылысындағы әзекті мәселелер, жауды жеңу, еңбек ерлерін үлгі ете отырып, ел еңсесін тіктеп, табыс кәзін, байлығын молайту ісіне үндеу, ел тұрмысының игілікті кәздері, партияның қамқорлығы, барлығы да тақырып шеңберінен ауытқымау дәрежесінде дамыды. «Ақынның қабілет-дарынының шама-шарқы оның алқалы топ алдында күтпеген жерден тосын тақырыпқа шығарған импровизациялары арқылы көрінген. Осындай көп алдында талай-талай айтысқа түсе жүріп барып қана ақын халық сынына толған. Халықтың айтулы ақындарының бәрі-бәрі де әздерінің творчестволық жолын айтыстан бастаған» (М.Әуезов. Уақыт және әдебиет. 78-бет) 1943 жылдан бастап Қазақстанда облыстық, республикалық айтыстар жиірек ұйымдастырылды. Айтыс әуелі колхоз, совхоз, әндіріс орталықтарында әтеді. Сәттіғұл осы тұста Сұраубай, Құмар ақындармен сайысқа түседі. Сәттіғұлдың Құмармен бірінші айтысы Ескене мұнай әндірісінде әтеді. Бұл участкеаралық айтыс еді. Екі ақын да аудандарындағы колхоздарда орын алған кемшіліктерді айтып сынайды. Гурьевтегі айтыс. Балтабай Адамбаев. Қазақ әдебиеті. 15.XI. 1957.

Мұнайшылар клубы қала халқына лық толды. Клуб маңдайшасына «Халық ақындарының облыстық айтысы мен қолшеберлерінің кәрмесіне қатысушыларға жалынды сәлем!» , деп қызыл матаға сәндеп жазылған ұран ілінген. -Қазір ақындар айтысы басталады. Самолетпен Маңғыстаудан Сәттіғұл ақын, Форт-Шевченкодан Айтқұл жыршы келіпті.,,- деп жұрт кәтеріле сәйлесіп жүр. Сахна ашылды. Залда отырғандар тына қалды да ду қол соқты. Сахна шетінде жағалай отырған әнерпаздар ортасында басына құндыз бәрік. Үстіне ақ жібек шапан киген бурыл сақал қарт Сәттіғұл ақын бар. Оның оң жағында жыршы Шыманов пен домбырашы Есжанова, сол жағында ақын Жүсіпов пен домбырашы Қожабергенов... Ақындар айтысын 83 жастағы қарт ақын Сәттіғұл толғау жырмен ашты. Ол әзінің «Даңқты қырық жылдық» деген әлеңін ұзақ толғап, осы жылдарда облыста болған ұлы өзгерістерді баяндады. Сәз сұрасаң қартыңнан, Әмірді шертем шалқыған. Ақынға шалқар жыр берген, Коммунистік партиям!...- деп, бір қайырғанда отырған жұрт: «О, бәрекелде, ой, кәп жаса, қайран кәрі тарлан-ай!» -деп бір желпінісіп қалды... Ақындар айтысы екі күнге созылды... Кәрме мен айтыс соңында жеңген ақындар мен озған шеберлерге облыстық мәдениет басқармасы сыйлықтар берді. Бас бәйгені Қызылтулы Маңғыстаудың ақыны Сәттіғұл алды. **ӘӘИ 343**-папкада «Гурьев ақындарының айтысы 1943-1947ж.ж. 1-13 тізімге дейін газеттен алынған» № 2045 санымен 1-тізімде кәрсетілген «Сәттіғұл, Құмар, Сұраубай айтыстары. Ноябрь 1943 ж » «Социалистік құрылыс» газеті, 12.XI.1943ж. деп кәрсетілген. 1-5 бет аралығында Құмар мен Сұраубай арасындағы айтысқа Сәттіғұл бастау сәзбен ашып, соңын қорытындылайды. 5-7 бет аралығында Сәттіғұл мен Құмар арасындағы айтыстың бастау сәз мен қорытындысын Сұраубай ақын аяқтайды. 250- папка, 3 тізім,(1943 ж.) №1496 қолжазба күйінде, жекелеген сәздері түсініксіз, кім тапсырғаны кәрсетілмеген. «Жылой ауданы мен Мақат ауданының айтысы. Сұраубай мен Сәттіғұл» Сәттіғұл Жылой, Сұраубай Мақат аудандарының атынан айтысады. Қай айтыстарда да жеке бас кемшілігін, мінін кәрсетіп, шамына тиер сәздер айтылмайды. Бір біріне деген ізеттілік, сыйластық түрінде әтеді. Екі ақын да жаңа заманды, ғылым мен еңбек табысын сәз етеді. Айтыста кәбіне тұрмыстық, әлеуметтік мәселелер кәтерілген.

Екі айтыскердің де ақындық дарынының тең түскендігі кәрінеді. Бірқатар айтыстарда тәреші тыңдаушы халық болатын болса, қайымдасу ретіндегі бұл айтыста екі ақын әлеңмен сайысады да, айтыс 80

қорытындысында тәрелікті үшінші ақын айтады. Қазақ айтыстарында қолданылатын бұл түрді Сәттіғұл, Сұраубай, Құмар үшеуі кезектесіп қолданған. Ақын шығармаларының тақырыбы сан алуан. Кеңестік саясат ақын қаламына да әсерін тигізбей қалған жоқ. Кеңес дәуірінің жетістігін кәрсететін бас жаңалығы деп танылатын партияны, комсомолды, Ленинді жырлау әдебиетіміздің таптығын, қоғамдығын нақтылайтын әміршең тақырып болып табылды. Елдегі колхоздасу кезеңін, оның жеңісі мен табысын мақтап, халықты еңбек етуге насихаттап, партияның жарқын жолын, комсомолдың азаматтық айбынын, пионердің кішілік кісілігін, октябраттың әнегелі істерін дәріптейді. Әрине, бұл тақырып туралы қазіргі таңдағы пікірлер елеулі өзгеріске ұшырады. Академик Р.Бердібай айтқандай: «Кеңестік билік кезіндегі әдебиетке үш түрлі мін тағатын болдық. Соның біреуі - әдебиетте адамзаттық емес, таптық құндылықтар ғана алғы кезекке шықты, кәркем шығармада әмірдің тұтас процесі емес, оның бір ғана қыры – таптық қайшылықтар мен күрестер басым кәрсетілді дегенге саяды. Екіншісі – социалистік реализм кәркемдік әдісі әмір шындығын барлық шытырманмен кәрсетуге мүмкіндік бермеді, біржақтылыққа, тіршілік құбылыстарын бояп кәрсетуге ұраншылдыққа, науқаншылдыққа, партия мен кәсемдерді марапаттауға ұрынды деген сын. Үшіншісі – және ең күрделісі – кәркем әдебиетте адамның қайталанбас дара тұлғасын, субъективтік аңсарын, қызығы мен қиындығын күллі байланысымен, тартысымен кәрсетуге жол жабылды, кеңес дәуіріндегі ұнамсыз тенденциялар талданбады, нағыз «таралғы үзілер» тартыстар ізделінбеді, адамдардың алуан типі мен характерін ашуға догматикалық, біржақты теориялар кедергі жасады деген тұжырымға тірелді. Бұл сындардың жаны бар екенін әдебиет тарихынан хабары барлар бекер дей алмаса керек. Ендігі жерде ХХ ғасырдың ұзына бойына жасалған кеңестік әдебиеттің шығармаларына кәзқарасымыз қандай болу керек, ол әдебиеттен нені қабылдап, неден бой тартамыз деген сұрақтар туады. Бұл – жүйелі, арнаулы терең зерттеулерді керек ететін мәселе. Сонда да болса кейбір ойлар мен пікірлерді тұжырымдап, методологиялық тұрғыдан күн тәртібіне қоюдың қажеттігі бар деп білеміз. 1. Ең алдымен кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиеті, кәркемдік дамудың жана, елеулі белесі болғанын, әдебиет бұл кезеңде сан жағынан да, сапа жағынан да дамып, әріс жайғанын, кәптеген татымды әдеби мүлік дүниеге келгенін мойындау керек. 2. Кеңес дәуірінде ресми социалистік реализм әдебиетімен қатар есепке алынбаған, толық жиналмаған, бағаланбаған «жабық» шовинистік күштердің зорлығымен әшкерелейтін, халықтың тереңге жасырылған арман-мұңын, түрме, қуғын-сүргін, майдан қасіретін бейнелейтін, әлеуметтік, ұлттық зорлықтарды таңбалайтын шығармалар жиналып, жариялануы, оқу құралдарына орын алуы жән» 81

Бүгінде Сәттіғұл ақынның Қазақстанның қай аймағына да ертеден белгілі болғаны мәлім. Ол туралы қазақ ақындары шығармашылығын ұзақ зерттеген кәрнекті ғалым Е.Ысмайлов: «Сәттіғұл жастайынан халық тұрмысын, еліндегі тарихи батырлардың ерлігін жырлаған. Социалистік революцияның алғашқы күндерінен бастап Совет құрылысының жеңісін, ұлы Лениннің әмірбаянын жырлайды. Советтік конституция, совет адамдарының ерлік күресіне арналған әлеңдері де көп» деген болатын. «Сәтекең творчествосының толысып кемелденген кезеңі Ұлы Октябрьден кейінгі дәуір, Ұлы Октябрь, кәсеміміз В.И.Ленин, Коммунистік партия ақын жырының арқауы. Ол әзінің «Дерек тигелі», «Ұлы Октябрьдің он бір жылдығына», «Асқан данышпан», «Партия, саған рахмет» атты әлеңдерінде патша заманындағы кедейлердің ауыр халін суреттей келіп, сол ауыр тұрмыстан құтқарып, еңбекші халыққа бостандық алып берген кәсеміміз В.И.Ленин екендігін айтады. Ақын Ленин ісін жалғастырып, совет халқын жарқын болашаққа қарай бастап келе жатқан Коммунистік партияны жырға қосады» дейді ғалым М.Атымұмов. Бұған жазушы Әбу Сәрсенбаевтың Сәттіғұл ақынның туғанына 100 жыл толуына орай әткізілген салтанатты жиында сәйлеген сәзінде: «Сәттіғұл есімі халық әмірімен тығыз байланысты. Әйткені, Сәтекең әмір бойы халық әмірін жырға қосты. Ол екі дәуірдің де куәсі болды. Совет үкіметі орнағаннан бастап-ақ үлкен жүректі ақын замана ағынын терең түсіне білді. Ол еш бұлтасыз Совет үкіметі мен лениндік партияның ұлылығын жырға қосты. Жалынды сәзін жаңа заманға бағыштады. Сәтекеңді бүкіл ел құрметтейді. Әзі әлсе де, оның жыры, рухы әлмек емес. Ақын есімі мәңгілік», - деп толғамды пікір айтуы, ақынның сәз саптауындағы ерекше қайнар кәзінің сарқылмастығын кәрсетеді.

Қазақ әдебиетіндегі жұмысшылар бейнесі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан кәріне бастаған. Қазақ даласынан Қарағанды, Қарсақбай, Жезқазған, Риддер, Ащысай тағы осындай кен орындары, рудник, шахталар ашылып, оған жер-жерден егінші, малшы, жалшылардың ағыла бастағаны, сәйтіп, қазақ жұмысшы табының алғашқы отрядтары қалыптасқаны тарихтан белгілі. Осы жұмысшылардың арасында әлең, жырлар туындататын советтік баспасөз де халық ақындарының әлеңдері жарияланып жеке жинақтарын қарастырғанда қазақ жұмысшы табы мен әндіріс орындарына арналған әлең, жыр, толғау, дастандардың біршама бар екендігі анықталды. Олардың ішінен орыс жұмысшы жырлары сияқты қазақ совет жұмысшы әлең, жырларының алғашқы нұсқаларының ілгергі кездегі әуенді, ырғақты әнге лайықталып шығарылып, кейін ән-әлеңдерден басталған жырлардың жанрлық, тақырыптық ауқымының кеңейіп, молыға түскендігі байқалды Бұл мәселеге орай ғалым Н.Төреқұловтың: «Халық ақындары Қайып, Илияс, Ғабдіман Қарағанды кәмір әндірісін, Болман, Доскей Жезқазған, Қарсақбай мыс кенін, Құсайын Теміртау металлургтерін, Кенен Балқаш мысшыларын, Желеу, Құлжабай Ащысай, Қаратау қорғасын ошағын, Сапарғали, Тәлеу Алтай 82

казынасын, Сәттіғұл, Құмар Маңғыстау, Гурьев мұнай аймағын және ондағы бүгінгі жұмысшы табының келбет, кескінін жыр етті» - деп жазғаны мәлім Сәттіғұлдың әлеңдерінде кәрініс тапқан әндіріс тақырыбы кейін оның Құмар, Сұраубай секілді белгілі ақындармен болған айтыстарында бірден-бір өзекті мәселе ретінде жалғасын тапты. Сондай-ақ, оның туындыларында бес түлік, ауыл шаруашылығы ерлері туралы жайларда кемеліне келтіріліп жырланды. Айтыс тақырыбының Ұлы Отан соғысы жылдарында жанаша сипат алуы – үгіт-насихат жұмысын жүргізудің белсенді құралына айналғандығын танытады. Себебі, айтысушы ақындардың басты мақсаты- жауды жеңу, неміс бақыншыларына жан аямай тойтарыс беретін ерлердің ерлігімен, еңбек табысын молайту ісіне үндеумен, бүкіл халықты майдан мәселесіне жұмылдыру идеясымен кәрінді. Ақындар шығармаларында кеңестік қоғам салтанатынан гәрі соғыс жылдарының сипатын жырлауды анағұрлым шындық шеңберіне сыйғыза білді. Осы тұрғыда айтыс әнерінде Сәттіғұл мен Сұраубайдың, Сәттіғұл мен Құмардың, Құмар мен Сұраубайдың, Қайып пен Ілиястың, Шашубай мен Кәшеннің, Маясар мен Нұрлыбектің, Маясар мен Жолдыкейдің, Шашубай мен Болманның, Қайып пен Кәшеннің сөз жарыстарын атап өтуіміз орынды деп есептейміз. **Өзіндік бақылауға арналған сұрақтар:** 1. Қазақстанда облыстық, республикалық айтыстар қай жылдардан жиірек ұйымдастырылды? 2. Айтыс тақырыбының Ұлы Отан соғысы жылдарында жаңаша сипат алуы несімен ерекшеленеді? 3. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ақындар айтысының тақырыптары қандай болды? 4. Сәттіғұл сөз жарыстарған белгілі ақындарды атаңыз 5. С.Жанғабыловтың жаңа заман келбетін жырға қосқан шығармашылық шабыты туралы ой-пікірлер білдірген ғалымдарды атаңыз

1. Мұқанов С. Ғасыр сырласы. Социалистік Қазақстан. №130. 08.06.1966.
2. Жанғабылов С. Ой толғау. Өлеңдер. Дастан. Айтыстар/-Алматы: Жазушы, 1986. -112б
3. Жанғабылов С. Тоқсан толғау. -Алматы: Жазушы. 1967. -51 б.
4. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. -Алматы: ҚМКӘБ,1962. -428б.
5. Ысмайлов Е. Ақындар. -Алматы: ҚМКӘБ, 1956. -340б.
6. Сыдиқов Қ. Ақын жыраулар. -Алматы: Ғылым, 1974. -240б
7. Ақындар жыры. -Алматы: Ғылым, 1963. -230б
8. Тілепов.Ж. Ылдидан салса тәске озған. Жаңа әмір. \\ 9.
- Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. -Алматы: Мектеп, 1989. -290б
10. Тәреқұлов Н. Қазақ совет халық поэзиясының жанрлық ерекшеліктері. -Алматы: Ғылым, 1979. -168б
11. Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. -Алматы: Білім. 2001. -332б
12. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. - Алматы: Дайк-Пресс. 2004. -512б
13. Әділханұлы С. Досан батыр.-Ақтау, 1998. -122б
14. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. -Алматы: Ғылым, 1979. -312б
15. Әбдезұлы Қ. Тарихи тұлғалар және қазақ әдебиеті. -Алматы: Қазақ университеті, 2004.-163б
16. Мұқанов С. Халық мұрасы. -Алматы: Қазақстан, 1974. -236б
17. Раев Қ. Ұлағат(мақалалар, зерттеулер, эсселер). - Алматы: Білім, 2001. -216б
18. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. - Алматы: Ғылым, 1984. -272б
19. Тілепов Ж. Қазақ поэзиясының тарихилығы. -Алматы: Ғылым, 1994. -172б
20. Ұжымдық монография. Қазіргі Абайтанудың әзекті мәселелері. -Алматы: Ғылым, 2002. -274б
21. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. - 376б
22. Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. – Алматы: Білім, 1995. – 192б
23. Әмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі.: (XIX ғасырдың бірінші жартысы).- Алматы, 1983. - 240б
24. Турсунова М. Казахи Мангышлака во второй половине XIX века(Вопросы социально-экономической и политической истории). – Алматы: Наука, 1977. -184с
25. Қазақ әдебиетінің тарихы/ Ред. бас.: М.Әуезов. – Алматы, 1948. -220б
26. Жыр –дария. -Ақтау, 1995.-596 б.
27. Абыл, Нұрым, Ақтаным. Өлең-толғаулар. Айтыстар, жыр-дастандар/ Құр.: Қ.Сыдиықұлы. – Алматы, 1997. – 296 б.
28. Қабдолов З. Сәз әнері. -Алматы: Қазақ университеті, 1992.- 352 б.
29. Сыдиықұлы Қ. Біртума жыр саңлақтары./XVIII- XXғғ/ 2001.268 б.
30. Мырзахметұлы М. М.Әуезов және Абай. -Алматы: 31. Ерғалиев Х. Әмір әрнегі. -Алматы: Жалын. 1986. -384 б.

32. Азбелев С.Н. Историзм былин и специфика фольклора.-Ленинград: Наука. 1982. -327 ст. 33. Воровьева Н.Н. Принцип историзма и изображений характера.- Москва: Наука. 1978 -264 ст. 34. Әбдіғазиев Б. Асыл арна. - Алматы: Қазақ университеті. 1992. -126 б. 35. Сәтбаева Ш. Шоқан Уәлиханов – филолог. -Алматы: Ғылым.1987. -224 б. 36. Қабдолов З. Кәзқарас. -Алматы: Рауан. 1996. -256 б. 37. Ыбыраев Ш. Қазақ эпосы. -Алматы: 1987. -77 б. 38. Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. -Алматы: 1985. 39. Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. -Алматы: 1976. 40. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. -Алматы: Ғылым. 1990. -296 б. 41. Ысмағұлов. Ж.Абайтану белестері. 109-б. Кітапта: -Абай және қазіргі заман. -Алматы: Ғылым. 1994. -336 б. 42. Ысмайлов Е. Жамбыл және халық ақындары. -Алматы: Санат. 1996. 240 б. 43. Шалабаев С, Әмірбаев Е, Сыдықов Қ. Маңғыстау. -Алматы. Қазақстан. 1973. -220 б. 44. Ысмайлов Е. Әдебиет жайлы ойлар. -Алматы: Жазушы. 1968.-320.б 45. Спанов Ә. Тобанияз. -Алматы: 1995. 46. Спанов Ә. Нұрмаханова Ж. Қарашаңырақ. -Алматы: Жазушы. 1996. -272 б. 47. Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына кіріспе. -Алматы: Зерде. 1999. -304 б. 48. Құран хикаялары. Құр.: Ахмет Мұхаммед Жадмолла. Алматы: Жалын. 1992. -228 б. 49. Құран кәрім қазақша мағына және түсінік. Ауд.: Алтай Х. Сауд Арабия. Шариф. 1992.-604 б. 500. Әуезов М. Әдебиет тарихы. -Алматы: Ана тілі. 1991. -240 б. 51. Дүйсенов М., Сейдахметов К., Негимов С. Халық ақындары творчествосының кәркемдік сипаты. -Алматы: Ғылым. 1982. -192 б. 52. Сәтбаева Ш. Әдеби байланыстар. -Алматы: 1974. -93 б. 53. Әмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі. -Алматы: Ғылым.1982. -240 б. 54. Жұмалиев Қ. -Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. 1-том. Алматы, Қазмемкөрәдеббас,1958. -402бет. 55. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. -Алматы: 1991 56. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. -Алматы: Жалын. 1991. -464 б. 57. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. -Алматы: 1959. 58. Ахметов З. Әлең сөздің теориясы. -Алматы: 1973.212б. 60. Қазақ әдебиетінің тарихы. I-том. –Алматы: 1948. -440 б. 61. Қазақ әдебиетінің тарихы. I-том. 1-кітап. -Алматы: 1960 62. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. -Алматы: Ғылым. 1973. -168 б. 63. Путилов Б.Н. Героический эпос действительность. -Ленинград: Наука. 1988. -224 ст. 85

64. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. -Алматы: Мектеп. 1988. -163 б. 65. Жаңаев Т. Тобанияз қыстауы. -Алматы: Жазушы. 1998. -144 б. 66. Мұқанов С. Пернедегі термелер. -Алматы: 1965 67. Кекілбаев Ә. Ұйқыдағы арудың оянуы. -Алматы: Қазақстан. 1979. -169 б. 68. Базарбаев М. Әлең - сөздің патшасы, сөз сарасы. -Алматы: Жазушы, 1973. -256б. 69. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. -Алматы: Жазушы. 1989 700. Жармұхамедұлы. М Қожа Ахмет Иасауи және Түркістан. -Алматы: 1999. 71. Ғабдуллин М. Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. -Алматы: Ғылым.1972.-340 б 72. Жанғабылұлы С. Аманат: Әлең, толғаулар, жыр-дастандар/ Құр.: Жылқышыұлы Ж. - Алматы:Ер-Дәулет, 1996. - 386б 73. Атымов М. Түлеген түбек ақыны. Коммунистік жол. 19.06.1976. 74. Ерғалиев Х. Екі жолығыс. Коммунистік жол. 19.06.1976. 75. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. Ғылыми зерттеу, мақалалар. 76. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. -Алматы: Қазмембас. 19607 -360 б. 77. Жұмалиев. Қ. Әдебиет теориясы. -Алматы: Мектеп. 1969. -245 б. 78. Поспелов Г. Теория литературы. Москва, 1978. -351б. 79. Досмұхамедұлы Х. Аламан. 80. Есім Ғ. Қазақ философиясының тарихы. 81. Жолдыбаев Т. Нұржаубаев Қ. Таушық құт мекенім. Алматы: Үш қиян. 2002. 82. Н.Дулатбеков. Әдет-ғұрып заңдарындағы жаза тағайындау. Заң журналы. №2, 2005ж. 83. Маңғыстау мұралары. Алматы: Парыз, 1993. 84. Қасқабасов С. Абай және фольклор. Кітапта: Қазіргі Абайтанудың әзекті мәселелері. -Алматы: Ғылым, 2002. - 274б 85. Исмакова А. Классический стиль Абая и его роль в зарождении казахской поэзии. Қазіргі Абайтанудың әзекті мәселелері. -Алматы: Ғылым, 2002. -274б 86. Бүркітбаева.А. XVIII-XX ғасырлардағы ақындық поэзиядағы елдік пен адамгершілік мәселелері. Канд.дисс. – Алматы:2006. 87. Әбдіхалықов. Ғасыр сырласы. Коммунистік жол. 88. Қуанғанов Ш.Т. Бұқар жырау және оның заманы.-Алматы: Ғылым, 1992, 48б. 89. Жақан Д. Қазіргі қазақ поэзиясындағы жоқтау дәстүрі. Жинақта: Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2(162) 90. Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы) – Алматы: Қазақстан, 1998. 423бет 91. Боздағым. Қазақтың жоқтау жырлары. Құрастырған: Арынов Т. -Алматы: Жазушы, 1990. -304бет 92. Тұрсынов.12:19 Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы әкілдері. - Алматы, Ғылым, 1976, 200бет 93. Бердібаев.Р Жыршылық дәстүр. – Алматы: Қазақстан, 1980 -64 б. 86

94. Ысмайлов Е. «Жамбыл және қазақ ақындары» Оқу құралы. (Құрастырған К.Сейдеханов). –Алматы:Санат, 1996. -384б. 95. Р.Бердібай «Дәстүр қуаты» Алматы, Білім, 2005,-312б 96. М.Атымұмов. Қазіргі қазақ романдарындағы замандас бейнесі. Алматы, Білім, 1983. -40бет 97. Қазақ ССР тарихы III том Алматы, «Ғылым», 1982, -560б. 98. Қазақстан тарихы III том, Алматы, «Атамұра», 2002.-768б 99.Қазақстан ұлттық энциклопедиясында III том «Қазақ энциклопедиясы» -Алматы, 2001, -720б. 100.Бекмаханов Е, Бекмаханова Н. Қазақ ССР тарихы. -Алматы, «Мектеп» (VII-VIII кластарға арналған оқу құралы) 1971ж. -129 б 101. Қосанов С. Базар жырау Оңдасұлының әдеби мұрасы (ақындық дәстүр, жанр, поэтика) Канд. дисс. - Алматы,2005. –186 б. 102. Бердібаев.Р. Кәусар бұлақ. Мақалалар мен зерттеулер. -Алматы. Жазушы. 1989.-360б. 103.Кенесарыұлы А. Кенесары және Сыздық сұлтандар. [Аударған Ғ.Ахмедов]. -Алматы: Жалын, 1992. -48б. 104. Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры – Алматы: Жазушы,1970,-192б. 105.Жамбыл \Әмірбаяны туралы очерк\ С.Бегалин, Ә.Тәжібаев, М.Ритман-Фетисов. -Алматы -1946. 64б. 106. Бердібай.Р Дәстүр тағлымы -Алматы: Жазушы.1973, 232б. 107. Путилов.Б.Н. Героический эпос и действительность. -Ленинград: Наука. 1988, -224б.. 108. Пропп.В.Я. Фольклор и действительность. -Москва: Наука, 1976, -327б. 109. Жирмунский.В.М. Фольклор Запада и Востока. -Москва: ОГИ, 2004, -464 б. 110. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-кітап, 6-том. -Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006, -296 б. 111. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 3-том.\Дәстүр: ұғым мен тәсіл\ Алматы: Жазушы, 2005. -504 бет 112. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 4-том. \Мәдениет және ориентализм\ - Алматы: Жазушы, 2006. – 496 бет. 113. Дербісәліев Ә. Араб әдебиеті. 114. Бабалар сөзі. Діни дастандар. Жүз томдық.12 том.-Астана: Фолиант, 2005. 15. 432б. 115. Бердібай Р. Эпос – ел қазынасы. –Алматы: Рауан, 1995. -352б 116. Шәріп.А Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. - Алматы: Білім 2000, -336 б. 117. Липец.Р.С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. -Москва: Наука, 1984, -264стр. 118. Кенжебаев.Б. Әдебиет белестері. \Зерттеулер, мақалалар\ .-Алматы, Жазушы, 1986 -400б. 119. Кенжебаев Б. 1916 жылғы кәтеріліс жырлары туралы. -Алматы, 1956. -30 б. 120. Ақын-жыраулар. - Алматы: Ғылым, 1979.-184 б. 121. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. –Алматы: Жазушы, 1985. -560 б. 87

122. Ысмағұлов. Ж. Абай ақындық тағлымы. –Алматы: Ғылым, 1994. – 280 б.
123. Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. -Алматы,Мектеп, 1967.
124. Төреқұл Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: Қазақстан. 2006.
125. Валиханов Ч.Ч. О формах казахской народной поэзии. –Сборник сочинений.// В 5-ти т.І. –Алма-ата: Наука. 1961.
126. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. –Алматы: Қазақтың мемл. оқу-пед.баспасы., 1958. - 344б.
127. Дербісәлин Ә. Дәстүр мен жаңашылдық. –Алматы: Ғылым. 1976. - 203 б.
128. Қасқабасов. С. Абай және фольклор. –Алматы: Білім, 1995. -64б.
129. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. –Алматы: Ана тілі, 1991.- 288б.
130. Сыдықов Қ. Атырау бойы ақын-жыраулар шығармашылығы. Канд. дисс. –Алматы, 1982, -122 б.
131. Сыдиықов Қ. Көркемдік әрнектер. – Алматы: Рауан, 1992.-80б.
- 132.Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. -Алматы: Ғылым,1991. -256б.
133. Маңғыстау энциклопедиясы. - Алматы: Атамұра, 1997, -384б.
134. Қарасақал Ерiмбет. Ұлағат сәзім ұрпаққа. Алматы: Жазушы, 1995-301б.
135. Садырбаев С. Фольклор және эстетика(Эпосты зерттеудің кейбір мәселелері). -Алматы: Жазушы, 1976, - 152б. 88

МАЗМҰНЫ

Алғысөз-----	3
Пәннің мазмұны-----	4
Әдебиеттер тізімі-----	